Цифрлық технологиялар білім беру процесін әрбір оқушының қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.

Интерактивті технологиялар, мысалы, виртуалды шындық (VR) және толықтырылған шындық (AR), білім алуды қызықты әрі тартымды етеді. Ғылыми әдебиеттердегі зерттеулерде VR-ды оқу барысында пайдалану білім алушылардың қатысу деңгейін 60%-ға арттыратынын көрсетті. Бұл күрделі концепцияларды жақсы түсінуге және ақпаратты есте сақтауды жақсартуға ықпал етеді.

Заманауи технологиялар сыни ойлауды және ынтымақтастық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Trello және Slack сияқты бірлескен жұмыс платформалары білім алушыларға топта жобалармен жұмыс істеуге мүмкіндік беріп, коммуникация дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, мұндай платформаларды пайдалану білім алушылардың топта жұмыс істей алу қабілетін және ақпаратты сыни талдауға деген дағдыларын жақсартатынын көрсетеді.

Цифрлық технологиялар білім беру ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Білім алушылар онлайн кітапханаларды, видео сабақтарды және интерактивті модульдерді пайдаланып, өздігінен оқуға мүмкіндік алады.

Сонымен қатар, цифрлық технологиялар оқытушыларға білім алушылардың прогрессін тиімдірек бақылауға мүмкіндік береді. Оқыту басқару жүйелерін пайдалану білім алушылардың жетістіктерін талдау және оқу барысындағы әлсіз тұстарды анықтау үшін құралдар ұсынады. Ол өз кезегінде білім алушылардың қажеттіліктерін жақсы түсінуге және оқыту әдістерін бейімдеуге көмектесетіні тәжірибеде көрінуде.

Заманауи цифрлық технологияларды оқу процесінде пайдалану артықшылықтары айқын. Олар тек білім алудың қолжетімділігін және сапасын арттырып қана қоймай, қазіргі әлемде қажетті дағдыларды дамытуға да ықпал етеді. Сонымен бірге, оқыту процесін тиімді, қызықты және бейімделгіш етеді. Технологияларды білімге интеграциялауды жалғастыру маңызды, өйткені бұл білім алушыларды болашақтың сынақтарына дайындауға көмектеседі.

Заманауи цифрлық технологияларды қолданудың проблемалары.

Заманауи цифрлық технологиялар білім беру процесін түбегейлі өзгертіп, оқу мен өзара әрекеттесу үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Олар білім алушыларға көптеген ресурстарға қолжетімділікті ұсынып, өздігінен оқу және зерттеу жүргізу үшін кең мүмкіндіктер жасайды. Онлайн платформалар, интерактивті модульдер және мультимедиялық материалдар білім алуды қызықты әрі тартымды етеді, бұл білім алушылардың қатысуын және мотивациясын арттыруға ықпал етеді.

Дегенмен, технологияларды білім беру саласына енгізу мұқият қарауды және талдауды талап ететінін ескеру маңызды, өйткені тиімді әрі үйлесімді білім беру ортасын құру үшін қажетті. Сол үшін, заманауи цифрлық технологияларды қолданудағы туындайтын проблемаларға тоқтала кеткен жөн.

Ең маңызды проблемалардың бірі – технологияларға қолжетімділіктегі теңсіздік. Әр түрлі аймақтар мен әлеуметтік топтарда техникалық құралдармен және интернетпен қамтамасыз етілу деңгейі айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін. Бұл білім беру мүмкіндіктерінде алшақтық туғызады, себебі, мүмкіндіктері төмен отбасылардан немесе шалғай аудандардан келген білім алушылар өздерінің артықшылықтары бар құрдастарына қарағанда қолайсыз жағдайда болады.

Заманауи технологиялар ең жауапты сәтте қиындық туғызуы мүмкін. Техникалық құрал-жабдықтың, бағдарламалық қамтамасыз етудің немесе интернет байланысының істен шығуы оқу уақытын жоғалтуға және білім алушылар мен оқытушыларда мотивацияның төмендеуіне әкелуі мүмкін. Техникалық қолдаудың қажеттілігі оқу орындарынан қосымша ресурстар мен күш-жігерді талап етеді.

Инновациялық технологияларды сәтті пайдалану үшін оқытушыларда тиісті дағдылар болуы керек. Өкінішке орай, барлық оқытушылар жаңа құралдар мен оқу әдістеріне тез бейімделуге дайын немесе қабілетті емес. Бұл технологияларды тиімді пайдаланбауға және білім беру процесінің сапасының төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Оқытудағы ең маңызды аспектілердің бірі – білім алушылар мен оқытушылар арасындағы өзара әрекеттесу. Технологияларға тым тәуелділік жеке байланыстарды азайтып, білім алушылардың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына теріс әсер етуі мүмкін. Виртуалды қарым-қатынас әрдайым жанды өзара әрекеттесуді алмастыра алмайды, ал бұл ынтымақтастық пен коммуникация дағдыларын қалыптастыру үшін өте маңызды.

Оқыту процесінде технологияларды пайдалану білім алушылардың назарын бөлуі мүмкін. Мобильді құрылғылар мен интернетке қолжетімділік көптеген көңіл көтеру мүмкіндіктерін ұсынады, бұл оқу материалдарына назар аудару мен шоғырлану деңгейін төмендетуі мүмкін. Бұл проблема оқытушылар мен білім алушылардың өздерінің тарапынан назар аударуды талап етеді.

Интернет платформалары мен цифрлық ресурстар білім алушылардың жеке ақпараттарына қауіп төндіруі мүмкін. Деректердің қауіпсіздігі, кибербуллинг және басқа да қауіп-қатерлер оқу процесіне және білім алушылардың жалпы жағдайына теріс әсер етуі мүмкін. Оқу орындары білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және олардың деректерін қорғауға дайын болуы керек.

Технологияларды оқу процесіне интеграциялау оқу жоспарларын қайта қарауды және бейімдеуді талап етеді. Бұл әкімшілік пен оқытушылардан күш-жігерді, белгілі бір уақытты қажет ететін, курстардың мазмұнын жаңарту, жаңа оқу және бағалау әдістерін әзірлеуді талап ететін күрделі процесс.

Интернетте көптеген білім беру ресурстары қол жетімді болса да, олардың барлығы жоғары сапалы емес. Оқытушылар білім алушыларды өзекті және сенімді ақпаратты мұқият таңдауын, контентті бағалап, оны іріктей алуын үйретуі тиіс.

Сондықтан, білім беру процесінде технологияларды тиімді пайдалану үшін оқытушылар мен білім алушылардың арасында тығыз байланыс орнату, сондай-ақ оқу материалдарының сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету маңызды. Технологиялар білім беру ортасын жаңа деңгейге көтеру үшін қуатты құрал бола отырып, олардың мүмкіндіктерін толыққанды жүзеге асыру үшін дұрыс стратегия мен көзқарас қажет. Сондықтан, цифрлық технологиялардың білім беру процесіне интеграциялануы тек оң нәтижелерге қол жеткізу үшін ғана емес, сонымен қатар білім беру жүйесінің тұрақты дамуы үшін де қажет.

Білім беру мен басқару процесін жеңілдетуге арналған цифрлық құралдарды қолдану ерекшеліктері.

Заманауи цифрлық технологиялардың білім берудегі қолданылуына байланысты кемшіліктер мен қауіп-қатерлерге қарамастан, олардың артықшылықтары мен білім беру процесін жақсарту әлеуеті даусыз. Цифрлық технологиялар интерактивті, қолжетімді және персонализацияланған оқу ортасын жасауға мүмкіндік береді, бұл қазіргі әлемде ерекше маңызға ие.

Осы тұрғыда білім сапасын арттыратын және білім алушыларды заманауи әлемнің сынақтарына дайындайтын әртүрлі цифрлық шешімдерді қарастыру маңызды.

Солардың танымалдарына тоқталсақ:

1. Жобаларды басқаруға арналған платформалар. Asana, Monday.com және Basecamp – түрлі жобаларды басқару және командалық жұмысты ұйымдастыруға арналған платформалар. Қысқаша сипаттамасы:

Asana: Бұл командаға жобаларды ұйымдастыру, бақылау және басқаруға көмектесетін құрал. Asana пайдаланушыларға тапсырмалар құру, оларды команда мүшелеріне тағайындау, мерзімдерді белгілеу, пікірлер қосу және іс-әрекетті нақты уақытта бақылау мүмкіндігін береді.

Monday.com: Бұл платформа жобаларды және жұмыс процестерін басқару үшін визуалды интерфейсті ұсынады. Пайдаланушылар әртүрлі жобалар үшін тақталарды баптап, тапсырмалар қосып, статусын бақылап, командамен ынтымақтастық жасай алады. Monday.com көптеген шаблондар мен басқа құралдармен интеграция мүмкіндіктерін ұсынады.

Basecamp: Бұл жобаларды басқаруға арналған платформа. Basecamp тапсырмалар, талқылаулар, құжаттарды сақтау және күнтізбелерді құру функцияларын қамтиды, бұл командаларға тиімді ынтымақтастық жасап, жұмысын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Бұл платформалар командаларда коммуникацияны және жобаларды басқаруды жақсартуға ықпал етеді.

2. Интерактивті презентациялар жасау платформалары – Prezi, Canva, SlideShare. Бұл құралдар тартымды және интерактивті презентациялар жасауға мүмкіндік береді, бұл оқытуды қызықты әрі қолжетімді етеді. **Артықшылықтары:**

- Ақпаратты ұсынудың қызықты тәсілі.
- Пайдаланудың қарапайымдылығы және шаблондардың алуан түрлілігі.
- Ынтымақтастықта редакциялау және пікір жазу мүмкіндігі.

3. Видеоконференциялар өткізу платформалары – Zoom, Microsoft Teams, Cisco Webex. Бұл құралдар онлайн сабақтар, семинарлар және конференциялар өткізуге мүмкіндік береді, бұл қашықтан оқыту жағдайында ерекше өзекті болды. **Артықшылықтары:**

- Нақты уақытта сабақтарды өткізу ыңғайлылығы.
- Сессияларды жазу мүмкіндігі, кейінгі қарау үшін.
- Топтық талқылаулар және шағын топтармен жұмыс істеу үшін функциялар.

4. Ғылыми және зерттеу дерекқорлары – Google Scholar, JSTOR, ResearchGate. Бұл платформалар ғылыми мақалаларға, зерттеулерге және басқа академиялық ресурстарға қолжетімділік береді. **Артықшылықтары:**

- Өзекті ғылыми ақпаратты іздеуді және қолжетімділікті жеңілдету.
- Білім алушылар мен оқытушыларға өз зерттеулерімен бөлісу мүмкіндігі.
- Зерттеулер мен ғылыми жұмысты қолдау көрсету.

5. Оқыту мен білімді бағалауға арналған инструменттер – Trello, Quizlet. Бұл платформалар тапсырмаларды карточкалар мен тізімдер түрінде ұйымдастыруға көмектеседі. Топтарда жұмыс істеуге ыңғайлы, іс-әрекетті бақылауға және идеялармен бөлісуге мүмкіндік береді. **Артықшылықтары:**

- Әр түрлі жобалар үшін құрастырылатын тақталар.
- Ынтымақтастық пен пікір жазу мүмкіндігі.
- Пайдаланушылар сұрақтар мен жауаптардан тұратын карточкалар жинағын жасап, ақпаратты есте сақтай алады.
- Платформа тесттер жасауға мүмкіндік береді.
- Оқытушылар сыныптар құрып, карточкалар жинағымен білім алушылармен бөлісуге мүмкіндік береді, бұл ынтымақтастықта топтық оқуға ықпал етеді.

Бұл цифрлық құралдарды оқу үрдісінде қолдану оқу процесін айтарлықтай жеңілдетіп, оны қызықты ететіні сөзсіз және заман талабы болып отыр. Өзінің функционалдығы мен қолжетімділігінің арқасында білім алушылар мен оқытушылар үшін көмекші құралға айналса, оқу материалын тиімді меңгеруге және қажетті дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, заманауи цифрлық технологиялар білім беру процесінде маңызды рөл атқарады. Олар ақпаратқа қолжетімділікті жеңілдетіп қана қоймай, оқытуды интерактивті әрі қызықты етеді. Аталып өткен жобаларды басқару, интерактивті құралдар және дерекқорлар платформалары білім алушылар мен оқытушылар үшін тиімді өзара әрекеттесуге және білім алмасуға мүмкіндік беретін ерекше мүмкіндіктер ұсына алады.

Туындауы мүмкін қиындықтар мен кемшіліктерге қарамастан, бұл технологиялардың білім сапасын арттыру және білім алушыларды заманауи әлемнің талаптарына дайындау әлеуеті өте жоғары. Оларды тиімді әрі сауатты пайдалану оқытудағы айтарлықтай жетістіктерге және қажетті дағдыларды дамытуға алып келуі мүмкін, бұл, өз кезегінде, бәсекеге қабілетті мамандарды қалыптастыруға ықпал етеді.

Әдебиет

1. Пискунова М.Д., Побокін П.А. Отношение студентов к обучению с использованием программ виртуальной реальности // Ярославский педагогический вестник. 2021. №2 (119). – С. 112-119.
2. Кузнецова Е.Г. Технология развития критического (творческого) мышления через чтение и письмо // <https://cyberleninka.ru/>
3. Современная школа России. Вопросы модернизации. // Материалы международного научного журнала – М.2024. – №03 (58), март.
4. Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий. В 2-х т. Т. 1. – М., 2005. – С. 556.



ҚҰЛТАЕВ

Талғатбек Сейтханұлы

Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов
атындағы Алматы академиясының
қылмыстық процесс және криминалистика
кафедрасының профессоры, т.ғ.к.,
запастағы полиция полковнигі

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Айналамыздағы тез өзгертін әлем жоғары мектепті тез өзгеруге міндеттейді. Бүгінде әлемде цифрлық дәуірге қарай үлкен серпіліс сезілуде. Өзіңіз ойланып көріңізші: планшеттер, ұялы телефондар, смарт-сағаттар, виртуалды шындық көзілдірігі бүгінгі жастардың күнделікті өміріне берік енгені айдан анық. Біздің цифрлық өміріміздің қарқынды даму үстінде екендігі дәлелдеуді қажет етпейтін сияқты. Сабақтарда презентацияларды, бейнероликтерді, аудио қосымшаларды көрсету бұл күндері жаңалық ретінде саналмайды. Себебі цифрлық технологиялар – 21 ғасырдағы білім берудің негізі екендігіне ешкім күмәнданбайды.

Әрбір заманауи ұстаз өз шәкірттерін білім беру процесінде инновациялық компьютерлік технологияларды қолдана отырып, жаңа тәсілдермен оқыту керек екенін түсінеді. Оларды жүзеге асыру үшін цифрлық білім беру ресурстарын (ЦББР) қолданған абзал. Оған оқу процесін ұйымдастыруға қажетті және сандық түрде ұсынылған фотосуреттер, бейнефрагменттер, модельдер, рөлдік ойындар, картографиялық материалдар, нақты оқулықтың мазмұнына сәйкес таңдалған, сабақты жоспарлауға «байланған» және қажетті әдістемелік ұсынымдармен жабдықталған материалдар жатады.

Оқу процесіне жаңа ақпараттық технологияларды, ЦББР-ын (цифрлық білім беру ресурстарын) енгізу оқу процесін жандандыруға, сабақ қарқынын арттыруға, білім алушылардың өзіндік және жеке жұмыс көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда оқу процесі толыққанды болуы үшін әрбір оқытушы әртүрлі электронды білім беру ресурстарын қолдана отырып сабақ дайындап, оны мазмұнды етіп өткізе алуы керек, өйткені оларды пайдалану сабақты жарқын, қызықты, бай, тиімдірек ете алады.

Кезкелген сабақ барысында цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану жұмыс формаларын, тыңдаушылар мен курсанттардың іс-әрекетін әртараптандыруға, зейінді жандандыруға, тұлғаның шығармашылық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Диаграммаларды, кестелерді, презентацияларды құру уақытты үнемдеуге, материалды эстетикалық тұрғыдан безендіруге мүмкіндік береді. Кроссвордтарды, иллюстрацияларды, суреттерді, жұмбақтарды, әртүрлі ойын-сауық тапсырмаларын, тесттерді қолдану сабаққа деген қызығушылықты арттырады, оны қызықты етеді.

Сабақтарда АКТ-ды (ақпараттық-коммуникациялық технологияларды) қолдану әртүрлі иллюстрациялық-ақпараттық материалдарды пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, материалды білім алушылардың кейбір топтары, айталық 2023 жылы оқуға түскен біздің Академиямыздың 112 және 113 топтарының курсанттары Интернеттен таба алады. Осылайша, білім алушылардың ақпараттық құзыреттілігі қалыптасады. Сілтемесі берілген интерактивті тесттерді қолдану оқытушының уақытын үнемдеуге ғана емес, сонымен қатар тыңдаушылар мен курсанттарға өз білімдерін, мүмкіндіктерін бағалауға жағдай тудырады.

Сабақта ақпараттық технологияларды қайда және қалай қолдану керектігі туралы ойлану маңызды. Оқытудың цифрлық құралдарын таңдау, бірінші кезекте, оқу сабағының мақсатына, оның түріне байланысты жүзеге асырылады:

Сандық білім беру ресурстарының түрлері	Сабақ кезеңі. Білім беру практикасындағы мақсаты
Иллюстрациялар мен бей-нефильмдер	Жаңа материалды таныстыру кезеңінде. Әрбір нысан жұмысты ұйымдастыратын түсініктеме мәтінін қамтиды.
Сандық форматтағы мәтіндік материалдар	Бекіту және бақылау кезеңдерінде. КОӨЖ сабағында қолданылады.
Электрондық тапсырмалар	Білім алушылардың жеке өзіндік жұмысын ұйымдастырған кезде. Мұндай тапсырмалардың негізгі функциясы – бекіту кезеңінде жаттығу және бақылау кезеңінде бақылау болып табылады.

Айталық, презентацияларды жаңа материалды түсіндіру, алынған білімді бекіту кезінде және шығармашылық тапсырмаларды орындау кезінде қолдануға болады. Презентацияға мүмкін болатын барлық нәрселерді: сызбаларды, диаграммаларды, тесттерді, видеоны және басқа электрондық білім беру ресурстарының сілтемелерін енгізе аласың. Сол себепті, басқалармен салыстырғанда презентацияны әмбебап ресурс деп санауға болады.

Жалпылау және қайталау сабақтарында интерактивті кестелерді, схемаларды қолданған жөн; олар зерттелген материалды жүйелеуге көмектеседі. Алайда, сіз оларды жаңа материалды түсіндіруде де қолдана аласыз. Кестелердің көмегімен білім алушылар тарихи, саяси оқиғаларды талдауға, олар бойынша қорытынды жасауға және солардың бәрін жалпылауға, материалды схемалық түрде ұсынуға үйренеді. Сол кестелерді кезкелген тақырыпты зерттеудің бүкіл кезеңінде қолдануға болады, өйткені кестелер кезкелген бөлім бойынша толық ақпаратты қамтитын көп деңгейлі дүние болып табылады.

Жалпылай айтсам, көрнекі құралдарды қолдана отырып оқыту - бұл нақты образдарда оқыту дер едім. Мысалы, өзім сабақ беретін Қазақстан тарихы және Ішкі істер органдары пәндері бойынша білім алушыларға сабақ өткізгенде көрнекіліктің екі - ішкі және сыртқы- түрін қолданамын. *Ішкі көрнекілік* санада қалыптасқан образдарды, ұқсатуларды, жаңа образ қалыптастыру үшін логикалық байланыстарды пайдалануды көздейді. *Сыртқы көрнекілік* - бұл табиғи және арнайы құрылған оқыту құралдарының кешені десек те болады. Өз кезегінде сыртқы көрнекіліктің құралдары: *табиғи, сөздік-образды және бейнелеу* түрі болып бөлінеді. Табиғи құралдар өзінің нақты күйінде қолданылатын бұйымдар. Сөздік-бейнелі оқыту құралдарының түріне көркем образдар, теңеулер, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін қолдануды айтуға болады. Соңғысы, әсіресе, Қазақ мемлекетінің тарихын оқытқанда кең қолданылады.

Бейнелік көрнекі құралдарды сабақ өткізу барысында қолдану арнайы жасанды түрде қолдан жасалған оқыту құралдарын кеңінен қолдануды көздейді. Орындалу техникасы мен көрсету тәсілдеріне қарай оларды: 1) образдық (портреттер, фотографиялар, картиналар); 2) шартты (схема-кескін, суреттер, диаграммалар, кестелер); 3) оқытудың техникалық құралдары (кинопроектор, графопроектор, қазіргі видео-электронды проекторлар, телевизор, видеоманитофон, т.б.) деп бөлеміз. Аталған техникалық құралдарды толық, тиімді қолдана білу дидактиканың ғылымилық, жетімділік, және білім сіңірудің орнықтылығы сияқты принциптерін жүзеге асыруға ықпал етеді.

Сабақтарымызда тарихи карталарды кеңінен қолданамыз. Себебі оларды қолдану тақырыптарды терең ұғынуға, материалды бүгінгі күн кеңістігімен салыстыра қабылдауға мүмкіндік береді. Олар географиялық негізде құрылып, тарихи оқиғалардың немесе кезеңдердің кішірейтілген жан-жақты байытылған образдық-белгілік көріністері түрінде көрінеді. Тарихи карталарда бейнелер белгілі бір масштабта нысандардың кеңістікке орналасуын ескере отырып беріледі. Шартты түрде карталар тарихи оқиғалардың болған жерін, олардың бір-бірімен үйлесімін, құбылысын бере алады. Мәселен, атақты Аңырақай шайқасының болған жері мен уақыты, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасы қай жерде орын алды, Алқакөл қай жерде орналасқан, оны анықтау мәселесі көп уақыт бойы кезінде пікірталастарын тудырғаны белгілі, және т.б.

Жазба деректерді зерттеу мақсатында тарихты оқытудың көрнекілік принципі жатыр. Құжат оқытушының баяндамасын анық та көркем, ал шешімдерін, тұжырымдамаларын аса сенімді етіп көрсетеді. Құжатты оқып үйрену барысында өзіндік жұмыс істеу: құжатты оқу, хабарды талдап және одан пайдалысын ала білу, өткен мен қазіргі кездің құжаттарының мәні мен маңызын бағалауға мүмкіндік береді. Айталық, курсанттардың оқытушымен өз бетінше жұмысы (КОӨЖ) сабақтары барысында біз оларға актілік құжаттардың ішінен – грамоталар, заңдар, жарлықтар, келіссөздер хаттамалары, статистикалық материалдарды, т.с.с. қарауды ұсынамыз. Құжаттарға деген талаптар қатарында тарихи фактілер мен оқиғаларды дәл бере алуы, мазмұны мен көлемі жағынан білім алушыларға жетімді және қызықты болуы сияқты шарттар бар.

Курсанттардың білімін тексерудің формалары мен тәсілдерінің түрлері жекелік, фронтальдық және топтық түрде көрініс ала алады. Түрлері – ауызша жауап, жазбаша жұмыс және практикалық жұмыстар формасында: жазбаша жұмысты, атап айтқанда таблица, кескін, жоспар құрастыру, жазбаша бақылау жұмысы, тақырып бойынша тест тапсырмаларын орындау; ауызша тапсырма орындаған уақытта білім алушы сабақ барысында тақырып бойынша тақта алдында жауап беру, ауызша тестілеу – бақылау сұрақтарын беру арқылы өткізіледі. Практикалық сабақ түрін өткізу барысында курсанттар картина, сурет, иллюстрация бойынша жауап береді, видеофильмдердің мазмұнын баяндайды, қосымша қойылған сұрақтарға жауап береді.

Тарих пәні сабақтарын оқыту барысында қолданылатын, жоғарыда айтылып кеткен, көрнекі құралдардың (таблица, кескін, диаграммалар т.б.-дың) ролі туралы шексіз айта беруге болады. Олар білім алушылардың психикасына негізінен өте позитивті әсер ете отырып, практика дәлелдеп отырғандай, материалды тереңірек игерулеріне ықпал етеді. Сабақ барысында алынған білімдер, жаңа материалдар білім алушылардың сезу органдарын пайдалануына, ең алдымен көрген нәрсесін бекітуге негізделген жеке қабылдау сипатын алады. Сондықтан да біз сабақ барысында көрнекі құралдарды мақсатты түрде пайдалану ең алдымен танымдық қызметін атқаратынын есте ұстауымыз қажет.

Тарихты пәндерін оқытуда басты назарда тарихи оқиғалар мен құбылыстарды дұрыс түсіну, ұғыну, біржақтылыққа ұрынбау, бағалылық бағыттары мен мүдделері, сендіру, көз жеткізу, тарихтың сабағы, гуманизм, адамгершілік көрінісі орын алуы тиіс, ақыр соңында осының бәрі курсанттардың санасында тарихқа деген, мәдениетке деген қызығушылық тудыруы тиіс. Сөз болып отырған мәселенің түп төркіні оқытушы мен білім алушы арасында тәрбиелік, оқу-танымдық және дамыту сияқты әлеуметтік функцияларды орындайды. Осы орайда, «Қазақстан тарихы» пәнін жоғарғы оқу орнында оқытудың әдістемесін қарастыру барысында ең алдымен оқытушы Мемлекеттік стандартта көсетілген пәнге қойылатын талаптарды, оның мақсат-міндеттерін ұстануы тиіс екенін ұмытпаған жөн.

Өзім сабақта әсіресе жиі қолданылатын ресурстар туралы айтар болсам: Кәсіби даярлық факультетінде дәріс оқу барысында негізінен өтіп жатқан тақырып бойынша слайдтарды, ал Экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша және Идеологиялық және имидждік жұмыс бойынша мамандарды даярлау орталықтарына біліктілігін жетілдіруге келген офицерлерге видеоматериалдар мен фильмдер көрсетуді дәстүрге айналдырғанмын. Аталған үрдістердің позитивті нәтижелер беретінін сеземін. Дәріс залдарын оқытудың техникалық құралдармен жабдықтаған Академия басшылығына алғысымыз мол. Топ аудиторияларында да осындай жағдайлардың тудырылатынына ешқандай күмәніміз жоқ.

Қорыта айтсақ, сандық білім беру ресурстары (электронды оқу құралдары, репетиторлар, тренажерлер, интерактивті жинақтар, сөздіктер, анықтамалықтар) оқытушыға қызықты сабақ өткізуге және білім алушыларға материалды сәтті игеруге көмектеседі.

ЦББР (цифрлық білім беру ресурстары) оқытудың барлық кезеңдерінде қолданыла алады:

- жаңа материалды түсіндіру кезінде;
- бекіту кезінде;
- қайталау кезінде;
- білімді, дағдыларды бақылау кезінде.

ЦББР-ын (цифрлық білім беру ресурстарын) сабақта қолдану келесідей дүниелермен мотивтелінеді, олар:

- сабақта топтық және өзіндік жұмысты тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді;
- оқушылардың практикалық істерді атқаруы мен дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді;
- оқу процесін жекелеңдіруге (индивидуалдандыруға) мүмкіндік береді;
- сабаққа деген қызығушылықты арттырады;
- тыңдаушылар мен курсанттардың танымдық белсенділігін жандандырады;
- білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамытады;
- сабақты заманауи етеді.

Сөз соңында тақырыпқа қатысты бірер ұсыныстарымызды айта кеткенді жөн санап тұрмыз. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытуды одан әрі жетілдірудің тағы бір қыры - бұл пәндер бойынша оқу материалдарының видеотекасын жасау деп ойлаймыз. Әрине, бүгінгі таңда кафедраларда оқу-әдістемелік кешендер бойынша едәуір мөлшерде видеоматериалдар жинақталған, бірақ олардың саны өте-мөте аз және олар оқу үрдісінің бүкіл ауқымын қамти алмайды. Сол себепті оны кеңейтуге тырысқанымыз жөн болар деп ойлаймыз.

Оқу орнымыздың алдында халықаралық кітап қорларын электрондық алмасу жүйесі сияқты жоғары оқу орындарының арасында кезкелген білім алушы немесе қызметкердің еркін пайдалана алатын электрондық кітап алмасу жүйесін қалыптастыру міндетін шешкеніміз де дұрыс болар еді. Еліміздің жетекші оқу орындары бұл салада едәуір жетістіктерге жетіп отыр. Әрине, оған уақыт та керек және қызығушылық тудырған жақтардың нақты мүмкіндіктері мен ізгі ниеттері қажет екені анық.

Әдебиет

1. Поладов Ш. Цифровые образовательные ресурсы и их виды по представлению и содержанию. // Молодой ученый. – 2024. – №7 (506). – С. 237-239.
2. Абилхасимова А.Е. Цифрлық білім беру ресурстарын білім беру үдерісінде қолдану. // Молодой ученый. – 2020. – №14 (304). – 292-295 б.
3. Зверева Ю.С. Информатизация образования. // Молодой ученый. – 2016. – №6.3 (110.3). – С. 23-26.
4. Қадірбаева Р.І. Жаңа ақпараттық-білім технологиясын пайдаланып оқытудың ерекшеліктері //Шығармашылық іс-әрекетті дамыту арқылы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру мәселелері: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Шымкент-Москва, 2009. – Т. III. – 174-178 б.



ҚАЛҚАМАНҰЛЫ

Данияр

Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының жалпы заң пәндері кафедрасының бастығы, философия докторы (PhD), полиция подполковнигі

БАСТАПҚЫ КӘСІПТІК ДАЯРЛЫҚ КУРСТАРЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ЗАҢ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУ

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы ІІМ жоғары оқу орындарында білім алушылардың екі айлық бастапқы кәсіптік даярлық курстарынан өтуі шеңберінде мамандар даярлау жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында жас мамандар екі мамандық бойынша оқудан өтеді: қылмыстық-атқару және әкімшілік-құқықтық. Өзімнің ғылыми мақаламда мен әкімшілік-құқықтық қызмет бағыты бойынша болашақ полицейлер үшін қолданылатын оқытудың кейбір инновациялық әдістерін ашқым келеді, өйткені бұл бөлімше ішкі істер органдарының құрылымында көбінесе халықпен өзара іс-қимыл жасайды.

2019 жылдан бастап Қазақстанда полицияның жұмысын сервистік форматына көшуі туралы ой насихаттала бастады. Осы уақытқа дейін тәртіп сақшылары елдегі қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету шеңберінде полицияның халықпен белсенді ынтымақтастығын көздейтін сервистік модельге толығымен көшті.

2022 жылғы маусымда сөйлеген сөзінде Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев елдегі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін кешенді күшейтуге назар аударды, «Жаңа, әділ Қазақстанда полицияның озбырлығына, қабілетсіз прокурорлар мен біржақты судьяларға орын болмауы тиіс. Қоғам құқық қорғау және сот жүйелерінен нақты өзгерістерді күтуде» [1]. Әкімшілік полиция өзінің күнделікті практикалық қызметінде қоғаммен өзара іс-қимыл жасайтындықтан, жас мамандарды заң аясында азаматтармен қарым-қатынас жасауға, құқық бұзушылық фактілеріне кәсіби жауап беруге және әкімшілік-іс жүргізу құжаттарын сауатты жасауға үйрету өте маңызды.

Құқық қорғау қызметіне деген қызығушылықтың артуын ескере отырып, Академияда «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі», «Жергілікті полиция қызметімен құқық бұзушылықтардың алдын алу», «Ішкі істер органдарындағы басқару негіздері», «Кәсіби даярлық», «Заңгерлік даярлық», «Полиция қызметінің сервистік моделінің негіздері» сияқты оқу блоктарын зерделеуге баса назар аударылады және т. б. Болашақ полицейлерді жоғарыда аталған пәндерді оқуға қызықтыру үшін ІІО әкімшілік қызмет кафедрасының оқытушылары оқу сабақтарында оқытудың интерактивті әдістерін белсенді енгізуде.

Сабақтарда қолданылатын негізгі интерактивті әдіс-бұл кейс-әдіс (ағылш. «case» – іс) [2], яғни оқытушы білім алушыларды шағын топтарға бөледі (2-4 адам), содан кейін оларға ойдан шығарылған оқиғаның (әкімшілік құқық бұзушылық фактісі) сюжеттерін ұсынады және тапсырманы баяндайды. Негізінен бұл полицейлердің іс-қимыл алгоритмін әзірлеу, дербес тиісті іс жүргізу шешімін қабылдау, белгілі бір іс-әрекеттерді жүргізу және ситуациялық тапсырма бойынша әкімшілік құжаттарды жасау. Бұл ретте ақпарат беру нысаны нақты жағдайға жақындайды – полицияның құқық бұзушылық фактісіне ден қоюы, әкімшілік-процестік құжаттарды (әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар, актілер, сауалнамалар, қаулылар және т.б.) жасау және іс бойынша шешім қабылдау. Бұл форма, әрине, сабаққа

дайындық бойынша айтарлықтай жұмыс көлемін қамтиды. Бұл ситуациялық міндеттерді, іс жүргізу құжаттарының бланкілерін таңдау, жарыссөзге бөгде қатысушыларды алдын-ала дайындау және т.б.

Сабаққа алдын ала дайындалғаннан кейін оқытушы негізгі бөлімге кіріседі. Бастау үшін ол барлық қатысушыларға сюжетті талдауға және оны шешуге уақыт береді, содан кейін ол әр топты кезекпен тыңдайды және бүкіл аудиториямен осы немесе басқа тапсырманың дұрыс шешілгенін немесе шешілмегенін талқылайды. Сонымен қатар, басқа шағын топтар оқу процесіне белсенді қатысады, олар сөйлеушілерге нақтылау сұрақтарын қоя алады, мәселенің дұрыс немесе дұрыс емес шешімі туралы өз пікірлерін айта алады. Мұнда білім алушыларға ситуациялық міндеттерді талдау үшін, олардың ми қызметін белсендіру үшін іс-қимыл алгоритмін жасау үшін дербестік беру маңызды.

Бұл әдістеменің соңғы бөлігі оқытушының барлық жауаптарын талдау, әр топты бағалау, жағымды жақтарға назар аудару, болашақта ситуациялық сюжеттерді шешуді жақсарту бойынша ұсыныстар беру және, әрине, сабақтың жалпы қорытындысын шығару және әрқайсысын бағалау болып табылады.

Осылайша, осы оқыту әдістемесінің оң жақтары:

- сабақты өткізуге бөлінген уақытты барынша тиімді пайдалану мүмкіндігі;
- ситуациялық мәселелерді шешуде аудиторияны барынша қамту;
- білім алушылардың ми қызметін жандандыру;
- кәсіби тұлғааралық қарым-қатынасты жақсарту;
- жас мамандардың одан әрі практикалық қызметте қажетті білім, білік және дағдыларды игеруі.

Жақында кафедра оқытушылары сабақтарда бейне сабақ сияқты әдісті белсенді қолданады. Жасыратыны жоқ, қазіргі жастар-бұл жоғары технологиялы балалар, қағаздағы ақпарат олар үшін электронды ақпарат сияқты қызығушылық тудырмайды. Сондықтан біз бүгінгі күннің шындығына бейімделіп, оқу процесінде цифрлық технологияларды қолдануды үйренуіміз керек.

Сабақ барысында оқытушы Facebook, Instagram, Telegram, VK, платформаларын пайдалана отырып, азаматтарға қатысты полицияның әрекеттерін көрсететін бейнероликтерді алдын ала дайындайды. Бұл азаматтардың заңсыз әрекеттеріне, полицейлердің заңсыз әрекеттеріне және т. б. жауап беру фактілері болуы мүмкін.

Әрбір бейнероликті көргеннен кейін білім алушылар көргендерін талдайды, полиция қызметкерлерінің оң және теріс әрекеттерін баяндайтын кесте жасайды және оқытушы қойған мәселені шешуге өз көзқарасын тұжырымдайды.

Оқытушының сабақтың осы түріне дайындалуға жұмсаған еңбекқорлығы мен уақытына қарамастан, «бейне сабақ» әдістемесі өзін-өзі ақтайды, өйткені материалды қызықты беру білім алушылардың теориялық материалды игеруінің өсуіне ықпал етеді. Бейнероликтерді қарап отырып, білім алушылар оқу процесіне белсенді қатысады, полиция қызметкерлерінің қандай әрекеттері заңды және қайсысы заң шеңберінен тыс екенін есте сақтайды және, әрине, бұл ақпаратты практикалық қызметте пайдалану үшін қабылдайды.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, оқу сабақтарын өткізудің интерактивті нысандары әкімшілік-құқықтық мамандандыру желісі бойынша жоғары білікті мамандарды даярлау ісінде айтарлықтай маңызды құрал болып табылатынын атап өткен жөн, оларды пайдалану салмақты түрде жүзеге асырылуы тиіс

Әдебиет

1. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына үндеуі [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.nur.kz/politics/kazakhstan/1972858-tokaev-v-novom-kazahstane-ne-dolzno-byt-mesta-politseyskomu-proizvolu-i-predvzyatym-sudyam/?ysclid=le3z4wuh17835633037> (үндеу күні: 2023 02.02.)

2. Лузан Е.Н. Кейс как образовательная технология [Электронный ресурс] // Вестник Брянского государственного университета. – 2012. – №1. – URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/keys> (үндеу күні: 2023 03.02.)



АКЫЛБЕКОВА

Асель Батырбайқызы

Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев
атындағы Қостанай академиясының жалпы
заң пәндері кафедрасы бастығының
орынбасары, полиция подполковнигі

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жоғары оқу орындарында білім берудегі ақпараттандыру, болашақ мамандарды оқытуға ақпараттық технологияларды енгізу мәселесімен тікелей байланысты. Жоғары оқу орынның заманауи оқытушы – ғалымы білім беруде ақпараттық технологияларды енгізудің тиімділігін арттыру және жеделдету арқылы тұлғаның инновациялық әлеуетін ашуға және оны іске асыруға, мамандарды, бакалаврлар мен магистрлерді даярлау процесінде дәстүрлер мен жаңару арасындағы байланысты оңтайландыруға жәрдемдесуге болатынын жақсы біледі. Білім беруде ақпараттық технологияларды елеулі материалдық және уақыт шығындарынсыз пайдаланудың бірегей мүмкіндігі ақпаратқа қол жеткізу болып табылады. Жер шарының кез келген нүктесінен ақпаратты лезде алу, бұл қашықтықтан білім беру нысандарын дамыту келешегіне көз жеткізуге мүмкіндік береді. Ақпараттық өзара іс – қимылдың интерактивтілігі – яғни білім алушының ақпараттық кеңістікте болуының жеке «сценарийін» құру мүмкіндігі сұранысқа ие. Бұл өз кезегінде жеке шығармашылыққа мүмкіндік береді. Ақпаратты ұсынудың «нысандарының» әртүрлілігі (компьютерлік оқулықтар, мультимедиялық презентациялар және т.б.).

Қазіргі қоғам өзінің оң және серпінді дамуымен ведомстволық жоғары оқу орындары жағдайында, оның ішінде инновациялық типтегі ойын арқылы оқытуды қамтамасыз етуге болатын сауатты және құзыретті мамандарды даярлау қажеттіліктерін қанағаттандыруды талап етеді. Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму тұжырымдамасы отандық білім берудің инновациялық моделінің келешек векторларын айқындады.

Жоғары оқу орынның білім беру процесінде қолданылатын ақпараттық технологиялар құралдары оқытудың мазмұнына, нысандары мен әдістеріне айтарлықтай әсер етеді, нақты жағдайды имитациялайтын әртүрлі заманауи интерактивті компьютерлік тренажерларды қолдануға мүмкіндік береді, сонымен қатар болашақ мамандардың пәндерді оқуға деген тиімділігі мен уәждемесін арттыруға мүмкіндік береді, білім алушының сенсорлық компоненттерінің көпшілігі оқу ақпаратын қабылдау процесіне қатысады.

Дегенмен, дидактикалық (оқыту) ойындар саласындағы жаңа білім беру технологияларының әртүрлі аспектілерін зерттеуге назар аудармасаңыз, мұны істеу өте қиын. Сонымен қатар, ойын технологияларын оқытуға ведомстволық жоғары оқу орындарында білім сапасын басқару бойынша мақсатты күш-жігер жұмсау арқылы ғана енгізуге болады, бұл мамандарды, бакалаврларды, магистрлерді даярлау сапасын арттырудағы болжамдық және технологиялық мүмкіндіктерді зерделеуді көздейді. Адамның өзін-өзі танудың және өзінің интеллектінің күшін инновацияға қолданудың бірегей қабілеті ақпараттық технологиялардың пайда болуымен ғана емес, оларды білім беруде енгізумен де қамтамасыз етілді [1; 4]. Инновацияны ғылымда қалыптасқан түсінікке сүйене отырып, біз оны белгілі бір білім саласында әлі белгісіз жаңа нәрсе ретінде қабылдайтынымызды атап өткен жөн. Кез – келген инновациялық даму-бұл белгілі бір инновациялық процесс қана емес, сонымен қатар оны жүзеге

асыру үшін қажетті факторлар мен жағдайлар жүйесін дамыту (В.А. Сластенин, Л.С. Подымова). Әрине, қазіргі уақытта қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандыруды біз үйреншікті нәрсе ретінде қабылдаймыз [2].

Қазіргі уақытта елдің ведомстволық жоғары оқу орындарында құзыреттілік тәсіл тиімді жүзеге асырылатыны белгілі, оның негізінде әлеуметтік тәжірибені игерудің белсенділік теориясы «жатыр». Оқыту процесіне мұндай көзқарас дидактикалық жүйені болашақ мамандардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін анықтауға және дамытуға қайта бағыттауды талап етеді, оны ақпараттық технологияларды қолдана отырып, ойын оқыту процесінде тиімді жүзеге асыруға болады. Ғылыми зерттеулерді талдау барысында дидактикалық (контекстке бағытталған және т.б.) ойын барысында ақпаратты игеру жоғары екендігі анықталды-шамамен 90%, ал материалды әдеттегі дәріс беру тек 20% құрайды. Оқытудың ойын әдістері оқу материалын үйренуге кететін уақытты орта есеппен 30-50%-ға азайтуға мүмкіндік береді, бұл үлкен ассимиляция әсерімен [1]. Бұл әсіресе ведомстволық жоғары оқу орындарында жаңа оқу пәндерін енгізу, қоғамның және нақты ведомстволардың қажеттіліктерін ескере отырып, мамандықтар тізбесін кеңейту жағдайында маңызды. Ойынға негізделген оқыту теориясына сүйене отырып, дидактикалық компьютерлік ойын жалпы оқу ойындарының бір түрі ғана, бірақ ақпараттық технологияларға негізделген деп айтуға болады. Оқу процесінде қолданылатын дидактикалық компьютерлік ойындар белсенді оқытудың тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Бұл ойындардың ерекшелігі оқытушы мен білім алушылардың бірлескен қызметін ұйымдастыру болып табылады, оның барысында тығыз байланыс қамтамасыз етіледі – оқытушының қойылған міндеттерді шешуде білім алушылардың белсенділігін дәйекті арттыруға, білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға барынша көмегі. Осыған байланысты дидактикалық компьютерлік ойынның маңызды сәті іс жүзінде оны дербестік, бастама барынша көрінетін ойын әрекеті ретінде сақтау болып табылады.

Ведомстволық ЖОО-да оқитын болашақ маманның (бакалавр, магистр) кәсіби ойлауын дамытуға бағытталған дидактикалық компьютерлік ойындарды құру және жобалау барысында оқытушыға бір жағынан дидактикалық компьютерлік ойынның барлық элементтерін (мақсаты, ойын нысандары, білім алушыларды ойынға енгізу әдістері мен тәсілдері және т.б.) біртұтас тұтастық ретінде ұсыну маңызды, ал екінші жағынан – тұлғаға басым әсер ететін негізгі буындарды анықтау [1].

Ведомстволық жоғары оқу орындарындағы дидактикалық компьютерлік ойындардың инновациялық құрамдас бөлігі құзыреттілік тәсілді және білім алушылардың кәсіби ойлауын дамытудың негізгі заңдылықтарын іске асыру болып табылады [4]. Ең бастысы, мұндай ойындар болашақ мамандарды даярлау ерекшелігін (мамандықты, мамандандыруды ескере отырып) көрсетуі керек.

Қазіргі заманғы жоғары оқу орындарында, оның ішінде ведомстволық жоғары оқу орындарында оқу бағдарламалары мен тренажерлер, ақпараттық-іздістіру және анықтамалық құралдар, демонстрациялық және имитациялық, зертханалық және модельдеу, есеп айырысу және оқу-ойын сияқты ақпараттық технологиялардың әмбебап бағдарламалары мен құралдары кеңінен қолданылды [2].

Білім беру процесіне көпфункционалды пәнге бағытталған мультимедиялық оқыту құралдарын енгізу жоғары мектепте оқитын болашақ мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру процесінің тиімділігін едәуір арттырады.

Жоғары оқу орындарының білім беру процесінде ақпараттық технологиялар (мультимедиа) құралдарын қолданудың «нөмірі бірінші» тұтынушылық саласы интерактивті контекстке бағытталған ойындар болып табылады. Мультимедиялық технологияның соңғы жетістіктерінің арқасында заманауи контекстке бағытталған ойындар кең таралуда, оның ішінде ведомстволық жоғары оқу орындарының мамандарын даярлауда.

Ақпараттық технологияларға негізделген контекстке бағытталған ойындарды қолданудың ерекшелігі-оларда электронды есептеу техникасын қолдану, бұл алынған дағдыларды оқыту мен бағалау мүмкіндіктерін едәуір кеңейтуге мүмкіндік береді. Мамандардың болашақ кәсіби қызметіне еліктейтін бағдарламалық жасақтама әдетте стандартты болып табылады және оны ақпараттық технологиялар өндірушісі белгілейді. Дегенмен, пайдаланушының өзі (оқытушы)

алдын-ала имитацияланған жағдайлар, тапсырмалар бойынша бейне сюжеттерді құруға және орнатуға мүмкіндік бар. Ол үшін оқытушысы болашақ мамандарды оқыту процесінде ақпараттық технологиялар негізінде контекстке бағытталған ойындарды қолданудың тиімділігін қамтамасыз ететін педагогикалық жағдайларды теориялық тұрғыдан бөліп, негіздеуі керек. Ең алдымен, контекстке бағытталған ойындарды жобалауға және қолдануға педагогикалық талаптарды әзірлеу қажет, олардың негізінде мультимедиялық технологияларды оқытуға дидактикалық, әдістемелік, бағдарламалық-техникалық және эстетикалық талаптар жүзеге асырылады және сақталады. Ойын мазмұнын біртіндеп күрделендіре отырып, көрнекі ойын материалын модельдеу алгоритмін зерттеу қажет (қосымша ережелер, шарттар және т.б.). Негізгі педагогикалық шарттардың бірі-болашақ әскери мамандардың кәсіби қызметі контекстінде ойын сценарийлерін модельдеуге негізделген оқытуды даралау және саралау принципін жүзеге асыру, білім алушыларға шешімді өз бетінше таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету. Контекстке бағытталған ойындарда болашақ маман біртіндеп зерттелетін материалды кәсіби сипатқа ие болатын болашақ қызметінің құралы ретінде пайдалану тәжірибесін жинақтайды. Ғылымда, өндірісте, қоғамда және т.б. болып жатқан процестердің мәнін көрсете отырып, контекстке бағытталған ойындар болашақ кәсіби қызметтің моделі түрінде әрекет етеді. Осылайша, ведомстволық ЖОО-да оқитын болашақ маманның оқу, ғылыми және кәсіби қызметін интеграциялау міндеті шешіледі.

Осылайша, контекстке бағытталған ойындарға қатысу процесінде болашақ маман белсенді позицияда болады, сондықтан білім алушы педагогикалық әсер ету объектісінен танымдық, болашақ кәсіби және әлеуметтік-мәдени қызмет субъектісіне айналады [6].

Ғылыми зерттеулерге сәйкес, ақпараттық технологиялар мультимедиялық объектілерді пассивті бейнелеу құралы ретінде дидактикалық тұрғыдан түбегейлі жаңалыққа ие емес екендігі анықталды. Оқу процесінде инновациялық интерактивтілік болып табылады, соның арқасында білім алушылар контекстке бағытталған ойын тапсырмаларының орындалуын талдау процесінде олардың орындалу барысын көре алады және қателерді жояды, модельденген жағдайлардың сипаттамаларын өзгерте алады.

Сонымен қатар, ақпараттық технологияларды қолдану кезіндегі интерактивтілік оқытуды ұйымдастыруды жетілдіруге, оқытуды дараландыруға, ведомстволық ЖОО-да арнайы пәндерді оқуға ынталандыру деңгейін арттыруға, сондай-ақ білім алушыларды ғылыми-зерттеу қызметіне тартуға және білім беру процесінің икемділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осылайша, қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың дәстүрлі оқыту құралдарынан дидактикалық артықшылықтарын түсіну (оқу процесінің тиісті ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етілуімен) ведомстволық жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды, бакалаврлар мен магистрлерді оқытуда компьютерлік интерактивті тренажерлер мен мультимедиялық құралдардың сөзсіз құндылығын анықтауға мүмкіндік береді.

Әдебиет

1. Бершадский М.Е. Дидактические и психологические основания образовательной технологии / М.Е. Бершадский, В.В. Гузев. М.: Центр «Педагогический поиск», 2003. – С. 35-38.
2. Вовк Е.Т. Информатика: уроки по Flash. – М., Кудиц-Образ. 2008. – С. 192.
3. Государственная программа РФ «Развитие образования на 2013–2020 годы». Правительство Российской Федерации. Распоряжение от 15 мая 2013г. №792-р.
4. Кошелева А.О. Педагогическая инноватика как условие подготовки личностно-зрелого специалиста в высшей школе // Вестник «Костромского государственного университета им. Н.А. Некрасова». 2009. №1. – С. 31-34.
5. Озеров В.И. Развитие академических и профессиональных способностей студентов как критерии качества высшего профессионального образования // В.П. Высшее образование сегодня. 2010. №12 – С. 49-51.
6. Сластенин В.А. Готовность педагога к инновационной деятельности / В.А. Сластенин, Л.С. Подымова // Педагогическая наука и образование. 2006. №1. – С. 32-37.



КАСИМОВ

Бейбит Салемович

начальник кафедры основ военной
радиотехники и электроники,
Военно-инженерного института
радиоэлектроники и связи
МО Республики Казахстан
PhD., полковник,



КСЕНОФОНТОВ

Дмитрий Анатольевич

начальник цикла специальной
радиотехникикафедры основ военной
радиотехники и электроники
Военно-инженерного института
радиоэлектроники и связи
МО Республики Казахстан
доцент, м.т.н., полковник

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИЙ ВИРТУАЛЬНОЙ РЕАЛЬНОСТИ ПРИ ОБУЧЕНИИ КУРСАНТОВ ВОЕННО-ИНЖЕНЕРНОГО ИНСТИТУТА РАДИОЭЛЕКТРОНИКИ И СВЯЗИ

Основная часть находящегося оборудования и военной техники военных учебных заведений устарела, не соответствует принятой на вооружения модернизированной военной технике или утратила способность выполнять возложенные на нее функции. Кроме того, применение военной техники в целях обучения не исключает возможности возникновения рисков, связанных с непрофессиональными действиями курсантов, а именно, нанесение ущерба военной технике или травматизм среди курсантов, а включение высокого напряжения определенных образцов военной техники создает риски для окружающих людей и аппаратуры, вплоть до летательных аппаратов, находящихся в зоне воздействия. Для предотвращения вышеуказанных рисков, а также для обеспечения качественного образования наиболее эффективным и целесообразным является применение учебных тренажеров соответствующей военной техники. Несвоевременное обеспечение военных учебных заведений образцами современной военной техники и соответствующими учебными тренажерами является главной проблемой, и требует решения в кратчайшие сроки.

Динамичное развитие информационных технологий (ИТ) позволило создать множество инновационных методов обучения, где одним из перспективных направлений является применение иммерсивных технологий [1, 2, 3]. Наиболее перспективным в развитии данного направления является технология виртуальной реальности (VR). Создание и использование в учебном процессе виртуальных тренажеров соответствующей военной техники набирает обороты по всем отраслям и направлениям. Данные тренажеры позволяют обучать военных специалистов не только по знаниям материальной части, но и выработать определенные практические навыки по эксплуатации военной техники, а также упростить процесс анализа результатов обучения [4, 5, 6].

Вышеуказанные факты подтверждают практическую значимость и необходимость внедрения технологий виртуальной реальности в образовательный процесс.

В рамках исследования и реализации задач научного проекта разрабатывается многопрофильный тренажерный комплекс для подготовки специалистов в области радиотехники и радионавигации с применением технологии виртуальной реальности на основе 3D моделирования зенитного ракетного комплекса, радиолокационной станции обнаружения и системы азимутально-дальномерной радионавигации в трехмерном виртуальном пространстве с обеспечением интерактивного взаимодействия расчетами в целях изучения материальной части и обучения правильной эксплуатации военной техники и вооружения (ВВТ) в обучающем режиме и для проверки правильности усвоения знаний, умений и навыков в режиме тестового контроля.

Многопрофильный тренажерный комплекс включает в себя персональный компьютер с машиночитаемым носителем, содержащий программное обеспечение «VR тренажерного комплекса», подключенный к персональному компьютеру шлем виртуальной реальности для навигации в виртуальной среде и панель управления руководителя, а также система отображения, включающая экраны шлемов для обучаемых и демонстрационный дисплей, содержащий экран для общего использования (Рисунок 1).




Рисунок 1 – Общий вид многопрофильного тренажерного комплекса

- 1) шлем виртуальной реальности;
- 2) манипуляторы-контроллеры виртуальной реальности;
- 3) системный блок рабочей станции;
- 4) периферия рабочей станции (монитор, клавиатура, мышь);
- 5) демонстрационный дисплей

В состав набора шлема виртуальной реальности входят: шлем, соединительный кабель, наушники, динамическая система захвата в виде манипуляторов-контроллеров.

Принципиальная схема программного обеспечения представлена на рисунке 2, и она содержит логическую часть тренажера и графическую трехмерную оболочку, что представляет возможность отображать виртуальную реальность прицепов, кабины ВВТ зенитного ракетного комплекса, радиолокационной станции обнаружения и системы азимутально-дальномерной радионавигации, а также находящееся в ней оборудование, кроме того показывает их состав, а также процесс работы всего ВВТ или отдельных ее систем, с отображением передних панелей всех блоков и визуализацией контрольных ламп в соответствии с выбранными режимами, проверки параметров питающих напряжений со встроенных в аппаратуру измерительных приборов, управление выносными пультами, визуализация индикации и контроля работы всех блоков и устройств, с определением (оценкой) технических параметров.

Логическая часть программного обеспечения включает связанные между собой посредством локального программного интерфейса коммутационный модуль, модуль сценариев и модуль оценки (Рисунок 3). Конфигуратор и конструктор логической части будут понятными в использовании и не требующими навыков программирования. Они будут созданы по формату блок-схем и позволят воплотить или дополнить любой сценарий обучения и тестирования. Для разработки данного технического решения использованы следующие средства:

- интегрированная среда разработки на языке C# Visual Studio;

- интегрированная среда разработки на языке C# Rider;
- программное обеспечение Unity Engine;
- 3D-редактор Blender;
- фреймворк для разработки VR продуктов Oculus;
- фреймворк для разработки VR продуктов SteamVR.




Рисунок 2 – Принципиальная схема взаимодействия блоков системы и обучаемого

Бүгінде еліміздің экономикасының барлық салаларын цифрландыру күн тәртібінің басты тақырыптарының бірі. Осы бағытта басталып жатқан белсенді жұмыстың алғашқы бағыттардың бірі білім беру деп аталады. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: "Қазіргі заманда бәсекеге қабілеттіліктің басты факторының бірі – барынша цифрландыру. Қазақстан үшін заманауи цифрлық технологиялар элементтерін енгізу айрықша маңызды. Осы және басқа да міндеттер мемлекеттік секторды толығымен «цифрлық қайта жүктеуді» талап етеді, – делінген [1]. Бүгінгі таңда болашақ педагогтерді цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлау – жоғары мектептің ең өзекті мәселесі. Олар қазіргі ақпараттық қоғам талабына сай оқу-тәрбие үдерісінің тиімді ұйымдастырылуына ықпалын тигізумен бірге, білім алушылардың тез өзгермелі ақпараттық қоғамға үйлесімді бейімделуінің, кәсіби тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыра алатын құзыретті маман тұлғасын дайындаудың әмбебап құралына айналып отыр. Ең алдымен, цифрлық білім беру ресурстары дидактикалық мақсатқа жетуге немесе белгілі бір оқу міндеттерін шешуге бағытталған дайын интерактивті мультимедиялық өнім болып табылады. Қазіргі таңда оларды пайдалану тиімділігі – бұл ақпараттық білім беру ортасына қызығушылықты тудырумен қатар ақпаратқа қолжетімділік дәрежесін қамтамасыз ету және білім сапасын арттыру. Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану арқылы білім алушылардың өз бетімен зияткерлік әлеуетін дамытып, білім қорын молайтуға мүмкіндік бар.

Цифрлық білім беру ресурстары – компьютерді қолдану арқылы жүзеге асатын өнім.

Цифрлық білім беру ресурстары – қазіргі заманғы білім берудің мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға бағытталған графикалық, мәтіндік, цифрлық, сөйлеу, музыкалық, бейне, фото және басқа да ақпаратты қамтитын ақпараттық дереккөздер. Күнделікті практика көрсетіп отырғандай, олардың басты құндылығы – бүгінгі цифрлық қоғам сұранысына сәйкесті педагогтерге оқытудың мазмұнын, әдістері мен ұйымдастырушылық нысандарына сапалы деңгейде өзгеріс енгізуге мүмкіндік беруі. Осыған орай, біз бүгінгі ақпараттандырудан цифрландыруға өту кезеңінде білім беруді цифрландыруды жүзеге асыру процесінің тиімді құралы – цифрлық білім беру ресурстары (ЦББР) деп нақты айта аламыз. Сол себепті де цифрлық білім беру ресурстарын оқу-тәрбие үдерісінде тиімді қолдана алу, болашақ педагогтердің цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану даярлығын қалыптастыру – бүгінгі күн талабынан туындап отырған өзекті мәселе.

Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр бәсеке, ақпараттық сайыс, инновациялық технологиялар, реформалар сияқты көріністерімен ерекшеленеді. ХХІ ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми-технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда.

Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді. Біз еліміздің орасан зор ақпараттық-телекоммуникациялық әлеуетін іске асыра білуге тиіспіз. Жаңа цифрлық дәуірде ол геосаяси маңызға ие болады. Қазақстан Еуразия өңірінің басым бөлігі үшін орталық цифрлық хабқа айналуы тиіс, – деп Президентіміз атап көрсетті. Осы Жолдауды іске асырудың көп алғышарттарының бірі ретінде Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасындағы «электрондық оқыту: білім беруді жаңғыртудың негізгі бағыттарының бірі, оған білім беру ұйымдарына қажетті оқу ресурстарының 90%-ы бар ғаламтормен, орта, техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) ұйымдарын сандық білімдік контентпен толық қамтамасыз ету, оқытушылар әзірлейтін электрондық сандық білімдік ресурстарды дамыту» сияқты міндеттер қойылып, олар табысты іске асырылуда екенін айтуға болады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттерінің біріне айналды. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» – деп көрсетілген. Солардың бірі білім беруді ақпараттандыру барысында ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады. Сондықтан кез-келген білім беру саласында мультимедиялық электрондық оқыту құралдары барлық пәндерді оқытуға пайдаланылады. Бұл бағытта ақпараттық технологияны оқыту үрдісіне екпінді түрде енгізу бағытында және қолданылатын жаңа құралдардың бірі – бағдарламалық – техникалық кешен болып саналатын «Активті экран» болып табылады.

Біздіңше, «білімді цифрландыру» мен «білімді ақпараттандыру» терминдерін байланыстыра қарастырған жөн. Білімді ақпараттандыру – ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу, тарату технологиялары мен құралдарын қолдану арқылы оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсатына жету, осы бағыттағы адам қызметінің ғылыми-практикалық саласы. Байқасаңыз, «білімді ақпараттандыру» анықтамасында «компьютерлендіру» ұғымы жоқ. Өйткені білімді цифрландыру – мақсатты цифрлық нәтижеге жеткізетін білімді ақпараттандырудың анағұрлым компьютерлендірілген түрі.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – *оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық, инновациялық технологияларды меңгеру. Білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану* мәселесі өзекті мәселелердің қатарынан орын алуда. Қазіргі уақытта, барлық пәндер, ғылыми дәріс беруде сабақ барысында интерактивті құралдарды қолдануда. Бүгінгі таңда пәндерді компьютер, интерактивті құралдардың көмегімен оқыту нәтижелерін зерттеудегі ғылыми проблемаларды шешу ең басты орын алады. Бұған себеп оқыту процесінде туындайтын компьютерлендірудің педагогикалық-психологиялық жаңа проблемалары әлі толық шешілмегені. Интерактивті құралдармен сабақ өткізу әдістемесі келесі түрде өткізілуі мүмкін. Дәріс материалын Power Point презентациясы немесе мәтіндік ақпарат түрінде беріледі. Сонымен қатар, материалдың құрамында кесте, диаграмма, сурет, басқарушы батырмалар, гиперсілтемелер, графиктер болады. Түсіндіру барысында оқытушы жасырулы ақпаратты және объектерді көрсете алады және өзгертеді. Дәрістің соңында қолданылған материалдарды есте сақтап, қажет жағдайда қайталап қолдана алады. Интерактивтік тақтамен жұмыс істеу барысында жасалған файлдар белгілі бір форматпен сақталады, сонымен қатар PDF форматында да сақтап, электронды пошта арқылы жіберуге болады. Сонымен «Актив экран» бағдарламалық – техникалық кешенін қолдану барысында дәрістің мәнін жазу қажет емес екендігі анықталды. Практикалық сабақты өткізу келесі түрде болуы мүмкін. Оқытушы алдын - ала дайындаған дәрісті немесе алдыңғы өткен сабақты қайталауға және тыңдаушының білімін, біліктілігін, дағдысын бақылауға бақытталған тапсырмаларды орындауға береді. Сабақтың

барысында тапсырманы орындау бойынша ауызша түсіндіру жүргізіледі, интерактивтік тақтаны пайдалану арқылы теориялық материал қайталанады. Оқытушы алдыңғы сабақта өтілген материалды ашып, өткен сабақты қайталай алады. Мұндай әдістеме сабақта екпінді түрде өткізуге мүмкіндік береді. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін ақпараттық технологияларды пайдаланудың маңызы зор. Ақпараттық бейнелерді электрондық кестелер мен диаграммаларды пайдаланып мультимедиялық бағдарламалық құрал арқылы жасауға және ұсынуға болады. Білімді бақылау және талдау әдістерінің бірі – тест тапсырмаларын құрастыру және оларды оқушылар әр тарауды жаттықтыру және білімді бекіту кезінде қолдану да нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осы орайда АКТ құралдарын пайдалана отырып презентация құралдары арқылы сипаттап берудің тиімділігі бар. *Видео* – сабақтарды қолдану мен презентацияларды демонстрациялау оқу құралы ретінде қиялды, абстрактілі ойлауды, оқытылатын оқу материалына және пәнге қызығушылықты арттырады. *Презентациялар* бір жағынан оқушыларға жаңа материалды (фотосуреттер, сызбалар, тарихи мағлұматтар, дидактикалық материалдар т.с.с.) көрнекті түрде көрсету құралы болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалдарды және оны қолдану арқылы сабақты меңгерту процесін жеңілдетеді. Видео - сабақтар педагогикалық технологияның алға басқан тағы бір қадамы. Оқушылардың ақпаратты теледидар, компьютер және т.б. техникалық құралдардың көмегімен жақсы қабылдайтынын жақсы білеміз. Кез-келген жұмыс нәтижемен өлшенеді десек, презентация жасау және оны сабақ процесінде қолдану да әр мұғалімнің жұмысының нәтижесі деп білемін. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытуды одан әрі жетілдірудің бір қыры – бұл пәндер бойынша *оқу материалдарының видеотекасын* жасау. Жоғарғы оқу орындарында білім беру жүйесінің даму бағыттары ведомстволық білім беру жүйесінде, оның технологиясы мен оқыту әдістемесінде кейбір өзгерістер енгізу, білім алушылар бойында шығармашылық ойды дамытуда оның нақты әрекет етуіне ықпал етеді.

Ведомстволық білім берудегі назар аударатын проблемалардың қатарында ведомстволық білім беру мекемелерін бітірушілердің практикалық дайындықтарының әлі де болса жеткілікті деңгейде болмауында және оқу сабақтарын өткізудегі әдістемелік жағынан біржақты болуында жатыр. Бұл туралы бұрын да аз айтылып келген жоқ. Оның үстіне барлық *ведомстволық оқу орындарының материалдық-техникалық жарақтануы* біркелкі деңгейде емес. Сондықтан да ведомстволық жоғарғы оқу орындарының материалдық-техникалық жағынан толықтай қамтамасыз етілуі біртұтас, бір жүйеге келтірілген бағдарлама бойынша жүзеге асырылуы тиіс. Осыған байланысты ішкі істер органдары білім беру мекемелерінің алдында тұрған маңызды міндеттерінің бірі бұл – болашақ орган қызметкерлерін жоғары деңгейде жан-жақты дайындайтын қазіргі заманға сай білім беру моделін қалыптастыру болып табылады. Әрине, Алматы академиясында осы міндеттерді шешу жолында соңғы жылдары бірқатар жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда ведомстволық оқу орнында білім беру сапасын анықтау, бағалау жүйесі қалыптастырылып, бұл жұмыс тиімді нәтижелер беруде. Ағымдағы білім сапасы білім алушының семестр бойынша алған білімі мен көрсеткіштерінің біріккен қосындысы есепке алына отырып, оның рейтингілік деңгейі анықталып отырады.

Қазіргі кездегі білім беру жүйесінде басты назар әрине, білімді тек бір адамнан екінші адамға қарапайым түрде беру ғана емес, қайта сол білімдердің пайда болып, туындауы және одан әрі дамуы табиғатына аударуға бет бұруда. Оның үстіне өзінің мәні жағынан инновациялық білім беру жүйесі оқу үрдісін дамытудың жүйесін құру және ғылыми ізденіс жүргізу факторы ретінде көрінеді. Білім беру жүйесіндегі мұндай жаңа бетбұрыс ең бағалы білім бұл білім алушының өз бетімен ізденіс жүргізіп, өзіндік қорытындыға келуі, өз талғамынан, сүзегінен өткізіп, қолдануға дайын материал күйінде қолға тиеді. Уақыт бүгін нақты білімге ұмтылысты көрсетіп отыр, адамның ішкі мәдениетінің деңгейінің жоғарылығы, білімге деген ұмтылысының нақтылығы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым оның ертеңгі күнге деген сенімі, шығармашылық қабілетінің өркендеуі жоғары болмақшы.

Қоғамды, білім беруді ақпараттандыру жағдайында бүгінгі күнде ақпараттық-компьютерлік технологияларды соның ішінде интерактивті тақтаны тиімді де нәтижелі пайдалану үшін біріншіден, жалпы білімділік және кәсіби сауаттылық қажет. Білім беру үрдісінде компьютерлердің, ақпараттық технологиялардың кеңінен қолданылуы интерактивті жүйе құруға алып келді. Интерактивті жүйе жеке компьютерді пайдалану, сондай-ақ бейне

дискілі құрал және теледидар кешендері негізінде құрылады. Мұндай қазіргі заманғы кешендер интерактивті оқытуда көрнекілік пен кері байланысты қамтамасыз етеді.

Ақпараттық технологиялардың әдістері және оларды оқыту жүйесінде қолдану туралы талдауда келесі қортындыларды жасауға болады: ақпараттық технологиялар бізде қалыптасқан оқыту формаларының ақпараттық көлемін ұлғайтып қосымша ретінде бола алады, сонымен қатар, оқыту үрдісін ықшамдап, сабақтарды әр түрлі формаларда жүргізіп, нәтижелілігін арттырады. Сонымен, бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі сабақ беру әдісіне компьютердің ақпараттық технологиялардың жаңаша өзгеріс пен жаңа идеялар қосқаны баршаға мәлім.

Компьютер жұмысының тиімділігін құрайтын бір бөлік ол – ғаламтор желісінің қызметін пайдалану. Ғаламтор желісінде көп оқытушыға да, тыңдаушыға да қажет көптеген сайттар бар. Ғаламторда қажетті материалдарды іздеп, сондай-ақ түрлі пәндерді оқыту бойынша сабақтардың толық кешендерін табуға болады. Компьютер уақытты үнемдеуге және көрнекілік материалдарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Компьютерлік телекоммуникациялар бүгінгі қоғамда үлкен қолданысқа ие. Мәселен, ғылым мен білімде. Қазіргі заман оқытушысы тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық сауатты, саяси-экономикалық білімді және ақпараттық-коммуникациялық білімді және технологияны жан-жақты меңгерген ақпараттық құзырлы маман болу керек. Қазіргі заман педагогтарына компьютер және мультимедиялық құралдарды қолданудың сабақ өту барысында өте тиімді тәсіл екені белгілі. Бұл құралдың қуаттылығы соншалықты онымен бірге білім жүйесіне жаңа әдістермен бірге әлемдік ойлаудың жаңа идеологиясы (шығармашылығы) енгізілді. Компьютерлік және ақпараттық технологиялар заман талабы. Бүгінгі күні еліміздегі білім беруді цифрландырудың басты мақсаты – заманауи озық ақпараттық технологияларды қолдану негізінде білім берудің бірыңғай ақпараттық ортасын құру арқылы ұлттық білім беру сапасын арттыру. Ол өз кезегінде педагогтердің біліктіліктері мен дайындық деңгейіне жаңа талаптар қоя отырып, олардың кәсіби қызметіндегі нақты қайта құруларды қажет етеді. Өйткені қазіргі қоғам үшін кәсіби қызметіне функционалды дайындығы ғана емес, сонымен қатар тез өзгермелі қоғам жағдайына тез бейімделе алатын шығармашыл, құзыретті маман қажеттігінің басымдылығы артуда. Отандық ғалымдар елімізде цифрландыру үдерісінің жүзеге асу қарқынына сипаттама жасап, Қазақстан 4.0 индустриясын дамытуда перспективалы ел болуға толық мүмкіндік бар деп тұжырымдайды. Оны белсенді енгізу үшін ең алдымен, білім беруді цифрландыру қажеттігін баса көрсетеді, өйткені бұл процестің білім беру сапасына әсері білім алушыларға әлеммен, әсіресе заманауи технологиялармен нақты танысуға мүмкіндік беретіндігімен дәлелдейді [2].

«Цифрландыру» терминінің тарихына үңілсек, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты пайда болды. Давоссе Клаус Шваб, 1960-1980 жылдардағы алғашқы цифрлық революцияны «өнеркәсіптік» деп атады, оның катализаторы жартылай өткізгіш ЭЕМ, 60-70 жылдары – дербес компьютерлерді, 90 жылдары – интернет желісін дамыту болды деген пікірді ұстанады. Сонымен қатар автор төртінші өнеркәсіптік революцияға ауысу басталатындығын және ол мобильді ғаламтор желісі мен жасанды интеллекттің дамуына байланысты цифрлық технологияның кең ауқымына негізделетінін алдын ала пайымдаған еді [3]. Заманауи цифрлық мәдениетті анықтайтын негізгі құбылыстарға дербес компьютер мен сандық құрылғылардың барлық түрлері жатады: ғаламтор, жасанды интеллект, жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету, компьютерлік графика және виртуалды шындық жүйелері, дәстүрлі байланыс құралдарының сандық форматтары (кітаптар, фотосуреттер, аудио және бейнежазбалар, сандық теледидар және т.б.), компьютерлік ойындар, технологиялық өнер туындылары. Аталған үрдістер толықтай ғаламтор желісінде болып, дәстүрлі қабылдау үшін жиі теріс қабылданатын екіұшты тенденцияларды тудырады. Цифрлық дәуірде мәдениеттің ерекше түрін қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр [4]. Ресей ғалымдарының тұжырымдауынша, қазіргі цифрлық біліми орта үш негізгі жағдайларға негізделеді, біріншіден, бүкіл әлем цифрлық форматқа көшуде және соған сәйкесті білім беру үдерісі артта қалмауы тиіс; екіншіден, білім беруді цифрландыру жекелік білім траекториясын таңдауға мүмкіндік беріп, өз біліміне деген жауапкершілікті арттырады; үшіншіден, білім берудің тұтас цифрлық жүйесі барлық ел азаматтарына сапалы және тым жаңа

білім алуға тең қолжетімділік бере алады [5]. Жалпы цифрлық білім беру ресурстары ұғымы қарапайым «қағаз» ақпарат көздері (кітаптар, журналдар, газеттер, оқулықтар, оқу құралдары және т.б.) ұғымынан және электронды бұқаралық ақпарат құралдарының (радио және теледидар сияқты) көмегімен таратылатын мазмұнды материалдан, сондай-ақ, соңғы отыз жыл ішінде айтарлықтай өзгерген дәстүрлі педагогикалық бағдарламалық құрал ұғымынан туындайды. Қазіргі таңда сабақта цифрлық білім беру ресурстарын қолданбай елестету мүмкін емес, сондықтан мұғалім ақпараттық технологияны толық меңгеріп, ғаламторда еркін жұмыс істей білуі тиіс. Мұнда педагог білім беріп қана қоймай, білім алушыларды өз бетімен білімді толықтыру көздерін табуға, өзін-өзі жүзеге асыра білуге бағыттау қызметін атқарады. Осыған байланысты, ақпаратқа қол жеткізуді жеңілдетіп қана қоймай, білім беру жүйесін жаңаша құруға мүмкіндік беретін заманауи ақпараттық технологиялар негізінде құрылған оқытудың жаңа моделіне сәйкесті құрылған тұтас педагогикалық үдерісті талап ететіндігін ескеру қажет. Тәжірибе дәлелдеп отырғандай, цифрлық білім беру ресурстарының мүмкіндіктері кең және олардың көпфункционалдық рөлі келесі мазмұнда сипатталады [6].

- оқытудағы көрнекіліктің жедел құралы ретінде;
- білім алушылардың практикалық машықтарын пысықтауда көмекші құрал;
- білім алушыларға сауалнама жүргізу және бақылау, сондай-ақ, үй тапсырмаларын бақылау және бағалау құралы;
- схемалармен, кестелермен, графиктермен, шартты белгілермен жұмыс жасау мүмкіндігі;
- білім алушылардың шығармашылық жұмыстарындағы мәтіндерді редакциялау және кателерді түзету құралы.

Электронды білім беру ресурстары оқыту құралы ретінде дәстүрлі оқыту құралдарымен салыстырғанда олардың артықшылықтарын анықтайтын бірқатар басымдылықтарға ие, олар:

1. Мультимедиа құралдары. Ақпаратты ұсынуда бірнеше құралдарды бір уақытта қолдану: графика, мәтін, бейне, фотосурет, анимация, дыбыстық эффектілер, жоғары сапалы дыбыстық сүйемелдеу.

2. Интерактивтілік. Электронды білім беру ресурстарындағы интерактивтілік жиын элементтерінен бірнеше таңдау арқылы қамтамасыз етіледі; пернетақтадан мәтін енгізу, содан кейін кателерді талдау және жүйелеу; жаңа ақпараттық объектілерді аудиовизуалды түрде ұсына отырып, композицияның интерактивті мультимедиа элементтерін белсендіру; белгілі бір жүйені ұйымдастыру мақсатында объектілерді байланыс арқылы біріктіру. Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлық білім беру ресурстарын ... алушының өзіне ыңғайлы қарқынмен жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және олардың танымдық іс-әрекетінің жеке қабылдауын, даралық ерекшеліктерін ескеруге көмектеседі.

3. Қолжетімділік. Электронды білім беру ресурстарының қолжетімділігі оларды ыңғайлы уақытта және кез келген қолданушымен әлеуметтік медиа қарым-қатынаста болуын қамтамасыз етуі. ЭБР мазмұнындағы қолжетімділік ерекше білім беруді қажет ететін балаларға, әсіресе, үй жағдайында оқытылатын білім алушылар үшін өте маңызды. Бұл МЖМБС ережесін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, соған сәйкес әр білім алушыға (дарынды балалар мен ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қоса алғанда) түрлі ұйымдастыру формалары мен жеке ерекшеліктерін ескеру қамтамасыз етілуі тиіс [7].

4. Жан-жақтылығы. Әмбебаптылық – бұл электронды білім беру ресурстар сапасы оқу пәні бойынша нақты оқу-әдістемелік кешенге қатаң байланысты емес және кез келген оқу-әдістемелік кешен сабақтарына енгізілуі мүмкін материал бойынша білім, білік, дағды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Алайда кез келген электронды білім беру ресурстарын қолдану негізінде оқу процесін құруда белгілі бір оқулықта немесе оқу пәні бойынша оқу-әдістемелік кешенде жүзеге асырылатын тұжырымдаманың негізгі ережелерін ескеру, яғни авторлардың жетекші идеяларына қайшы келмейтін электронды білім беру ресурстарын таңдай отырып, соның негізінде білім алушылардың іс-әрекетін құру басшылыққа алынуы қажет.

5. Вариативтілік. Вариативтілік деп оқу мазмұнының бір фрагментін әр түрлі оқу-әдістемелік кешендерге (ОӘК) және оқу бағдарламаларына бағдарлай отырып ұсыну түсініледі және ерекшеленеді: қазіргі заманғы жағдайларда ерекше өзекті; мазмұн элементтерін енгізудің әр түрлі тәсілдері; енгізілетін бекітулердің негіздемелерін нақтылаудың әр түрлі тәсілдері мен

дәрежесі және т.б.; күрделіліктің әр түрлі деңгейлері; оқушылардың ақпаратты қабылдауының түрлі әдістері, бұл білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру кезінде білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін білім алушылардың жеке ерекшеліктерін «дәл» реттеуге, оқушылардың әр түрлі санаттары үшін мазмұнды игерудің жеке траекторияларын құруға мүмкіндік береді [8].

Біздің пікірімізше, ЦБР басты артықшылықтары – бұл мұғалімге ауқымды мазмұнда көмек беруі, яғни мультимедиялық проектор арқылы сандық нысандарды көрнекі түрде көрсетуі; білім алушылардың сандық білім беру ресурстарымен жұмысының жекелік, зерттеушілік, сондай-ақ, шығармашылық сипатта болуын ұйымдастыруы; оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын айтарлықтай арттыруы; энциклопедиялық сипаттағы қосымша ақпарат алу мүмкіндігі. Әдебиеттерге шолу негізінде келесі тұжырым жасай аламыз: Цифрлық білім беру ресурстары дегеніміз – компьютердің орасан зор мүмкіндіктерін пайдалана отырып, дидактикалық мақсатқа жетуге немесе белгілі бір оқу мәселелерін шешуге бағытталған толық интерактивті мультимедиялық өнім. Болашақ педагогтың цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануға дайындығы деп сандық технологиялардың мүмкіндіктерін негізге ала отырып, цифрлық білім беру ресурстарын кәсіби қызметтегі көп қырлы оқу-тәрбие үдерісінің мақсаттары мен қызметтерін тиімді жүзеге асыруын сипаттайтын қабілет, дағдылар жиынтығын түсінеміз.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 11 бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін қашықтан оқыту, ақпараттық - коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған. Осы жағдайда білім берудің жаңа әдістерін, білім алушылардың толыққанды оқу-танымдық іс-әрекеттерін қамтамасыз етудің жаңа тәсілдерін іске асыру үшін Цифрлық білімдік ресурстар құрал-жабдық ретінде қарастырылған, себебі ЦБР айтарлықтай түрде дәстүрлі оқыту формасын дамытуға бейімделген, оның көрнекі оқу материалын, безендірулерді, аудио-мен бейне материалдардың үлкен мөлшерін енгізуге мүмкіндігі бар.

Оқу үрдісіне ЦБР-ды қолдану нәтижесінде:

- сабақтың түрлі кезеңдеріне ЦБР элементтерін енгізу арқылы оқу үрдісінің тиімділігі артады;
- оқытушы мен білім алушылар сабаққа дайындалу кезінде сан-алуан материалдарды пайдалануға мүмкіндік алады;
- кейбір үрдістердің динамикасын көрсетуге мүмкіндік береді (бейнеүзінділер, анимация);
- өтілетін сабақтардың көрнекілігі артады;
- басқаша әдістермен көрсетуге болмайтын нысандарды көруге мүмкіндік береді;
- жергілікті желілерді пайдалану арқылы сабаққа дайындалу кезінде білім алушылар өздерінің икемділігі мен дағдыларын пысықтау сапалы болады.
- білім беру жүйесінде цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың шетелдік, отандық тәжірибесі бойынша пікір алысу, тәжірибе жинақтау мақсатындағы вебинар, онлайн-дәрістер, ғылыми-тәжірибелік семинарлар кеңінен ұйымдастыру.

Бұған қоса, біздің тұжырымдауымызша, білім беруді цифрландырудың құндылығы, бірінші кезекте, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды еркін меңгерген және үздіксіз білім алуға бағдарланған құзыретті педагогтердің зерттеушілік, шығармашылық жұмысын жандандыруға негіз бола алады. Сонымен қатар, қазіргі таңда инклюзия білім берудің қарқынды түрде жүзеге асу жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды білім беру процесіне ендіруге қажетті жағдайлар мен білім сапасын қамтамасыз етуде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ерекшелігі мен маңыздылығы зор. Өйткені заманауи цифрлық білім беру ресурстары білім беру процесінің барлық субъектілерінің қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оның инклюзивті білім беру ортасы үшін де маңыздылығы артуда.

Қорыта айтқанда, инновациялық технологияларды сабақта қолдану-бұл оның нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден-бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, адами қарым-қатынастарға себепкер болады. Оқытуға жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты

қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Оқытудың жаңа технологияларының мақсаты – оқытуды ізгілендіру, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алуында.

Әдебиет

1. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. tengrinews.kz/kazakhstan_news
2. Сарсенбаева Н.Ф., Мырзахметова Б.Ш., Адылбекова Э.Т. Цифровизация образования в Республике Казахстан // Мир педагогики и психологии: международный научно-практический журнал. – 2021. – №01 (54).
3. Бұл да сонда.
4. Никулина Т.В., Стариченко Е.Б. Информатизация и цифровизация образования: понятия, технологии, управление // Педагогическое образование в России. – 2018. – №8. – С. 107-113.
5. Тавадян А.М., Зима В.А., Хусаинова Н.Б. Теоретические основы подготовки студентов к педагогической деятельности в условиях цифровизации образования // KANT, 2019. – №3 (32). – С. 137.
6. Кубрушко П.Ф., Назарова Л.И., Симан А.А. Подготовка преподавателей к инновационной педагогической деятельности в условиях цифровизации аграрного образования // Вестник ФГОУ ВПО МГАУ им. В.П. Горячкина. – 2019. – №5 (93). – С. 40.
7. Рахматуллина Э.Д. Использование информационных технологий в инклюзивном образовании // Образование и воспитание. – 2020. – №3. – С. 82-84.
8. Мошқалов А.Қ. Білім беру жүйесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізудің теориялық-практикалық негіздері // Ғылыми-педагогикалық басылым «Ұлт тағылымы». – 2012. – №2. – С. 262-267.



ҮМБЕТОВА

Айнұр Әділбергенқызы

Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов
атындағы Алматы академиясы құқық қорғау
қызметін басқару кафедрасының
аға оқытушысы, п.ғ.м., полиция
подполковнигі

ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ – КУРСАНТТАРДЫҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ БЕЙІМДІЛҮІ КЕЗІНДЕГІ КЕДЕГІЛЕРІ ЖЕҢУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ РЕТІНЕ

Қазіргі таңда бізді қоршаған өмірдің барлық салалары үнемі өзгерістер орын алуда. Біз ең алдымен еліміздегі рухани, саяси және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қайта құру туралы айтып отырмыз. Қазіргі еңбек нарығына қатысты жағдайда барлық жоғары білім беру жүйесінде жедел дамыту атап айтқанда оқу үдерісін ізгілендіру қажеттілігі туындауда. Жоғары оқу орнының білім алушылары еліміздің еңбек және интеллектуалды әлеуетінің маңызды резерві болып табылады және олардың өмірін сақтау – мемлекеттің негізгі стратегиялық міндетіне кіреді.

Білім алушыларды жоғары оқу орнындағы топтық жағдайда табысты бейімдеу кәсіби құзыретті маман қалыптастырудың алғышарты саналады. Бүгінгі таңда қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге барабар қажеттіліктерді дер кезінде қанағаттандыру тұрғысынан жоғары кәсіби білім берудің тиімділігін арттыру мәселелері алға қойылуда. Дегенмен, кез келген білімді меңгеру оқу іс-әрекетінің субъектісі қызығушылық танытқанда сәтті жүзеге асады және бұл қызығушылық сәтті аяқталуы бейімделу процесінсіз мүмкін емес. Қазіргі жағдайда адам өмірін көптеген әлеуметтік-экономикалық, технологиялық және саяси өзгерістердің әсерінен болатын процесс ретінде сипаттауға болады. Әрбір жеке адам өмір бойы әлеуметтік белсенділікті икемді реттей отырып, қоршаған ортадағы өзгерістерге дер кезінде жауап беруді талап ететін көптеген әлеуметтік жағдайларға, байланыстар мен қатынастарға үнемі қатысады.

Бейімделу дегеніміз – жаңа ортаның жағдайына, қоғамдық қатынастардың дамуы мен өзгеруіне байланысты, ондағы нормаларға, құндылықтарға, қатынастарға, өмір жағдайларына, әлеуметтік байланыстар мен өзара әрекеттесуге, мәртебелер мен рөлдерді қабылдаудың үздіксіз үдерісі. Жоғары орнына білім алушының әлеуметтік бейімделу факторлары тұлғаның қалыптасып, дамуымен, оның әлеуметтену дәрежесімен және қоғамдық іс-әрекеттегі дағдыларымен, отбасының құрылымы және әлеуметтік мәртебесімен өзара байланысты келеді.

Бірінші курс білім алушыларының жоғары оқу орнының оқу жүйесіне бейімдеу мәселелері өзекті. Орта мектепті аяқтап, жоғары оқу орнына көшуі бірінші курс курсанті немесе курсанты атану, оның жеке тұлғалық және кейіннен кәсіби дамуының шешуші кезеңі болып табылады. Айта кету керек, бұл кезеңде кейбір білім алушылар бірінші курста кездесетін күнделікті және материалдық қиындықтар, жаңа орта мен жеке қарым-қатынастарды орнату процесінде де кедергілер туындауы мүмкін. Сондықтан да бірінші курстың білім алушысы жоғары оқу орнының білім беру ортасындағы өмірге тиімді, табысты бейімделуі – болашақ маманның одан әрі өзін-өзі кәсіби дамытуының іргетасы деп сипаттауға болады.

Жоғары оқу орнына түсу бірінші курс курсанттарының әл-ауқатына, олардың жеке қасиеттеріне сенімділігіне, ішкі ресурстарына және жайлылығына әсер ететін жағдайды біз бейімделу деп атаймыз. Ал бірінші курстың білім алушысына сол сәтте қасында болу,

университеттің жаңа әлеуметтік ортасына бейімделуіне көмектесу – оқытушының басты міндеттерінің бірі.

Әртүрлі отбасылардағы және әлеуметтік деңгейдегі жастардың бір топта оқи бастауын ескере отырып, бұл ауыл және қала тұрғындары болуы мүмкін, бейімделу процесі әркім үшін әрқалай жүретінін және әртүрлі болатынын түсіну керек.

Сарапшылар бірінші курс білім алушыларының эмоционалдылығы және шынайылығымен ерекшеленетін физиологиялық, психологиялық жасына байланысты өзгерістерді анықтайды. Бұл жоғары оқу орнының білім беру ортасына ену процесінде білім алушыға белгілі бір бейімделу стратегиясын таңдап, кейіннен жүзеге асыру үшін қажет екенін білдіреді.

Бұл процесс сәтті бейімделудің қажетті шарты болып табылады. Алғашқы курстарда оқу киын, себебі білім алушыларға:

- белгілі бір әлеуметтік топта бар әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерге білім беру қауымдастығының жаңа түріне бейімделу;

- білім беру стандарттарын, бағалау жүйелерін, оқу процесін ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерін жылдам меңгеру;

- жаңа өмір жағдайларына бейімделу, өзіндік жұмыстардың жаңа түрлеріне қатысу қажет.

Жоғары оқу орнының қазіргі даму жағдайында курсанттарды кәсіби іс-әрекетке оңтайлы бейімдеу – олардың кәсіби дайындығы мен құзыретті маман болып қалыптасуының басты алғышарты болып табылады. Бейімделу адамның өзгермелі жағдайларға икемделуі болғандықтан тұлға өмірінде шешуші рөлді атқарады. Табысты оқу іс-әрекеті курсанттарды академияда оқудың жаңа ережелерін жылдам меңгеруіне оң ықпалын тигізеді.

Латын тілінен аударғанда «бейімделу» – икемделу, үйлесу деген мағынаны береді. Бейімделу процесі аса динамикалы болып табылады. Оның жетістігі көбінде объективті, субъективті оқиғаға, функционалды жағдайға, әлеуметтік тәжірибеге, өмірлік бағдарға және т.б. байланысты. Әрбір адамға сол әсер еткен стимул әр түрлі адамдарда түрлі жауап реакциясын тудыруы мүмкін.

Сонымен «бейімделу» – түсінігіне тоқталатын болсақ, жоғарыда айтып өткендей «бейімделу» түсінігінің нақты, бір мәнді анықтамасы жоқ. Әр саладағы ғалымдар, зерттеушілер өзінің зертеу бағытына байланысты анықтаманы ұсынады.

Әлеуметтену – тек тұлға болуы мен жалпы дамуы мен ғана жиі байланысады, ал бейімделу – қалыптасып қойған тұлғаның икемделу процесі мен байланысады. «Бейімделу және әлеуметтену» түсінігінде мазмұнына байланысты мәнді айырмашылықтар бар. Бейімделу адамның жаңа заттық іс-әрекет жағдайына икемделуі, дағдылануы, әлеуметтенуі тұлғаның қалыптасу процесінен көрінеді [1].

Тұлғаның әлеуметтік бейімделу процесінің субъективті бағыттылығы А.М. Растовада көрсетіледі: «Егер әлеуметтену процесінде индивид ең алдымен қоғамның әсер ету объектісі, ал тұлғаның әлеуметтік бейімделу барысында қарым-қатынас және іс-әрекеттің субъектісі болып табылады».


Столяренко Л.Д. тұлғаның әлеуметтеу сатысын қарастырғанда, бірінші сатыны – біріншілік әлеуметтену немесе бейімделу сатысы деп көрсетеді. Адамның әлеуметтік бейімделуі жеке позицияны, әлеуметтік статусын түсінуін, сондай-ақ оны мен байланысты ролдік мінез-құлық түрі ретінде жалпы топтық міндеттерді шешу процесінде тұлғаның дара ерекшеліктерін жүзеге асыруды қарастырады [2].

Соларды қарастыратын болсақ В.Н. Дружинин – «бейімделуді» - ағзаның орта мен нәтижелі әрекет ету процесі деп қарастырады. Ал Е.А. Ямбург «бейімделуді» - ағзаның құрылысы және функциясы, оның мүшелері және ұлпаларының орта жағдайына икемделуі дейді. Л.Д. Столяренко «бейімделу – адамның қоршаған ортаның түрлі талаптарына ішкі қолайсыздықты сезінбей және орта мен қақтығыссыз икемделе алу қабілеті» – деп қарастырады [3].

Сондай-ақ Ц.П. Караленко, Т.В. Кучер, М.И. Бабнева, Е.В. Шорохова, В.И. Курбатова және т.б. «бейімделу» түсінігіне өз анықтамаларын ұсынған.

Әлеуметтік топтарда психикалық бейімделуді нәтижелі ететін маңызды фактор болып, әлеуметтік тұтастылық, тұлға аралық қарым – қатынасты орната алу қабілеті болып табылады [4].

Бұл ұғым психология мен педагогикада көбірек қолданылуда, мұнда ғалымдар адамның әлеуметтену мен кәсіпқойлық процесінде тұтастығын және оның оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі мінез-құлқын талдауды толық көрсетуге ұмтылады.




Сурет 1 .И. Сурыгин және В.И. Никифоров бейімделудің формалары

Жоғары оқу орнының қазіргі даму жағдайында білім алушыларды табысты бейімдеу – олардың тұлғалық тұрғыдан жаңа ортаның құндылықтары мен нормаларын игеруге үйрету, кәсіби дайындығы мен құзыретті маман болып қалыптасуының басты алғышарты болып табылады. Бейімделу адамның өзгермелі жағдайларға икемделуі болғандықтан тұлға өмірінде шешуші рөлді атқарады. Табысты оқу іс-әрекеті білім алушының оқу орнында оқудың жаңа ережелерін жылдам меңгеруіне оң ықпалын тигізеді.

Бірінші курс білім алушысының оның жоғары оқу орны кеңістігіндегі табысты қызметі үшін маңызды және қажетті шарт – ол үшін оқудың және жаңа өмірлік әрекеттердің жаңа нормалары мен ережелерін әзірлеу және қабылдау.

Оқу процесінің бірінші жылында бірінші курс үшін жаңа болып табылатын жаңа ұжымға енгізіледі. Бейімделу кезінде Г.П. Максимова курсанттың белсенділігін арттыру және оның нәтижелі болуына қолайлы жағдай жасау жолдарын түсінеді [5].

Осыған байланысты «бейімделу» категорияларын оны жоғары оқу орнының оқу-тәрбие жұмысында пайдалану контекстінде нақтылау қажеттілігі туындайды.



Сурет 2 – Бірінші курс білім алушыларының бейімделу кезеңдері

Курсанттардың жоғары оқу орнына кәсіптік бейімделуі оқу үдерісінің сипатына, мазмұнына, жағдайларына және ұйымдастырылуына бейімделу, оқу іс-әрекеті мен ғылыми жұмысты атқаруда дербестік дағдыларын меңгеруі болса, ал, әлеуметтік-психологиялық бейімделу – жеке тұлғаның топқа бейімделуі, қарым-қатынасты орната алуы, өзіндік мінез-құлық стилін дамытуы болып табылады.

Сонымен, осы бағытта зерделенген ғылыми еңбектерді талдай келе, жоғары оқу орнындағы кәсіби іс-әрекетке білім алушыларды тиімді бейімдеу үшін әр түрлі бағыттағы кешенді жұмыстар жасалуы керек екендігіне көз жеткіземіз. Оларды төмендегідей бағыттарға бөліп, қарастыруға болады:

- білімдік – оқу іс-әрекетіне бейімдеу;
- психологиялық – оқуға деген ынтасын, өзіне деген сенімділігін дамыту;
- тұлғааралық – тиімді тұлғааралық қарым-қатынасты қамтамасыз ету;
- физиологиялық – физикалық даярлығын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау.

Жоғары оқу орнының білім алушыларын бейімдеу арқылы болашақ білікті маман, білімді ұлт әрине салауатты қоғамды қалыптастыруға септігіміз тиеді.

Ал, белгілі психолог Қ. Жарықбаектың пікірінше тұлға – өзіне де айналасындағыларға да өзгеріс жасай алатын адам. Олай болса, болашақ кез-келген маман маңайына, өзі қызмет ететін ортаға дамытушылық тұрғыдан әсер ететін, оның өміріне өзгеріс ендіретін адам ретінде дайын болуға тиісті. Болашақ маманды қалыптастырып өзінің болашақ ісіне дайындау оңай мәселе емес екені белгілі. Қалыптасу – адам тұлғасының дамуында немесе оның жеке қасиеттеріндегі белгілі бір фактордың әсер етуінен болатын өзгерістер. Қалыптастыру - яғни, адамның өмір сүру әрекетін ұйымдастыру, тәрбие мен білім беруді жүзеге асыру, тұлғаның бойында белгілі бір қасиетті дамытуға ықпал ету. Осы ықпал етудің көптеген әдістері мен формалары бола тұра соның ішінде тренингтің мүмкіндігінің молдығын атап өтуге болады. Тренингті білім алушының кәсіби үйлесімділігін және ұжымның психологиялық феноменін мақсатты түрде өзгертуде, білім беруде, тәрбиелеуде, жаттықтыруда көпқырлы әдіс ретінде қолдануға болады. Қазіргі кездегі білім беру жүйесі жаңашылдықты, тәжірибелікті және де оқыту әдістерінің әртүрлілігін талап ететіні баршамазға мәлім. Жалпы білім беретін мектептер практикасында дәріс-семинар сабақтары, шығармашылық шеберлік, дискуссиялық клуб сияқты жұмыстардың жаңа формалары белсенді түрде енуде.

Тренингтік топтардың адамдармен топтық психологиялық жұмыстардың пішіні ретінде пайда болуы Курт Левиннің есімімен байланысты. 1933 жылы Германиядан АҚШ-қа жер аударған. [6].

Ол топтық динамикалардың проблемаларымен және әлеуметтік әрекеттерінің мәселелерімен жұмыс жасаған. Сол уақытта медицинада, педагогикада, басқармаларда топтық әдіс кеңінен қолданыла бастаған болатын. Бұл тәжірибелік жұмыстардың жүргізілу барысында астарында ғылыми түсінігі бар топтық әрекет феномені орын алған болатын.

И.К.Левин топтық өзара әрекеттердің аспектілерін зерттеумен айналыса бастайды. Топтық өзара әрекеттердің феноменін зерттеуде ол топтық динамика түсінігін топтың өмірлік белсенділігі үрдістерінің бері ретінде енгізеді. Аталған феноменді зертханалық сабақтарда зерттеу барысында алғашқы тренинг топтар пайда болады. Олардың құрылу негізінде келесідей ойлар болды:

1. Адамдардың басым бөлігі топта өмір сүреді және жұмыс жасайды.
2. Көбінесе адам өзінің қандай жолмен топқа араласатыны туралы есеп бермейді.
3. Көптеген адам өзінің әрекетінің басқаларда қандай әрекет, сезім және ой тудыратынын біле бермейді.

Зерттеулер мен бақылаулар негізінде К.Левин мынадай тұжырымдарға келеді:

- **адамдардың әрекетіндегі мен құрылымдарында әсерлі өзгерістер жеке адамда емес, топтық контексте болады.**
- **адам өзінің құрылымдарын тауып, өзгертіп және қайта жасау үшін өзін басқалар қалай көретінін алдымен өзі көре білуі қажет.**

Топтық динамика – шағын топ пен оның білім алу, қызмет ету, даму, тұралау, регрессия, құлдырау секілді кезеңдерінің тіршілік қызметінің бүкіл кезеңін сипаттайтын ішкі топтық әлеуметтік-психологиялық үдерістер мен құбылыстардың жиынтығы.

Егер Артур Ребер құрастырған «Үлкен түсіндірмелік психологиялық сөздікке» жүгінетін болсақ, тренингтің мынадай анықтамасын көреміз: «Жалпы тренинг дегеніміз – олардың жүзеге асырылуы нәтижесінде қандай да бір белгілі реакцияға (реакцияларға) немесе қандай да бір

күрделі, шеберліктерді қажет ететін қызметке қатысуға қабілетті организм түріндегі ақырғы өнімді алу үшін жасап шығарылған процедуралар жиынтығы немесе кез келген оқу бағдарламасы». [7].

Тренингтің тағы бір анықтамасын Ю.Н. Емельянов берген: «Тренинг дегеніміз – қызметтің кез келген күрделі түріне, соның ішінде қарым-қатынасқа үйренуге және оны меңгеруге қабілеттіліктерді дамыту әдістерінің тобы» [8].

И.В. Вачков тренингтің мынадай анықтамасын ұсынады: «Практикалық психологияның өзін-өзі тану және өздігінен даму дағдыларын қалыптастыру мақсатында қолданылатын белсенді әдістерінің жиынтығы» [9].

«Психологиялық сөздікте» (1990) әлеуметтік-психологиялық тренинг «Практикалық психологияның қарым-қатынастағы хабардарлықты дамыту мақсатында топтық психологиялық жұмыстың белсенді әдістерін пайдалануға бағдарланған саласы» ретінде анықталады.

Әлеуметтік-психологиялық тренингтің негізгі мақсаты, В.П. Захаровтың пікірі бойынша, әлеуметтік-психологиялық білімді белсенді түрде білу болып табылады. [10].

В.П. Захаровтың көзқарасы тұрғысынан тренингтік топтардың жұмыс спецификасы келесідегідей болады:
– топтың жұмыс үрдісі кезіндегі түсінігі, әрбір қатысушының өзін-өзі ұстауының ерекшеліктері;
– ақыл мен қарым-қатынас дағдыларының дамуы;
– топтың бір мақсат пен оқу міндетіне, өзара қағида мен ереже негізінде бірігуі;

Сурет 14 – В.П. Захаровтың көзқарасы тұрғысынан тренингтік топтардың жұмыс спецификасы.

Осылайша, тренингті ерекшелейтін бірінші аспектісі – топта бір-бірімен араласу, сөйлесу дағдыларын дамыту. Аталған аспектіде толығырақ тоқталамыз.

Ломовтың анықтамасы бойынша сөйлесудің болмысы «... адамның басқа адамдармен өзара әрекетінің, субъектілердің өзара әрекетінің арнайы формасы» ретінде анықталады. Сөйлесуді коммуникациядан ажыратып алу қажет. Коммуникация ең алдымен ақпаратты алу мен жіберу, ақпаратты алушының оны қабылдау, түсіну, меңгеру және соған лайық жұмыс жасауымен түйінделеді. Бұл нұсқада екі сөйлесуші де өздерінен тыс және кезекпен бір-біріне хабарлаушы нысан болатын кейбір мақсаттардың құралы болады.

Тренинг барысында танымдық құрамды дамытуды сөйлесудегі өзін-өзі терең тану және сөйлесу кезіндегі әріптесінді тану, сондай-ақ сөйлесу психологиясы үшін жан-жақты, пішіні мен оқиғасына қатысты білім алу ретінде қарастыруға болады.

Тренинг – тұлғаға әсер ету үдерісін түрлендіруші белсенді топтық әдістердің кешені.

Мұндай жағдайда тренингтің басты жүйе құрушы құрамы топтың тұлғаға психологиялық әсері болады. Ковалев А.Г психологиялық әсердің астарынан бір индивидтің келесі индивидтің (топтың) психикасына әсері, өзінің еркін түрде белгілі бір мотивтен шығып және көзқарастардың, пікірдің, қарым-қатынастардың, өзге де психологиялық құбылыстардың құрылымдарының бекітілуі мен өзгеріс мақсатын түсіндіреді. Әсер ету екі түрлі жүйелік қарым-қатынаста: «субъекті-объектілі» және «субъект-субъектілі» жүзеге асырылады. Бірінші қатынастағы жүйеде субъектіге- басқарушы (манипулятор) ролі берілсе, объектіге – басқарылушы (өзін-өзі ұстау тренингі) ролі белгіленеді. Субъект-субъектілі жүйесінде психологиялық ұстанымдар теңестіріледі. (тұлғалық-бағытталушы тренингтер).

Тренингтік топтардың тұлғаның дамуы мен тұлғалық өсуге бағытталған екінші негізгі мақсаты екінші қарым-қатынас жүйесінде жүзеге асырылатын психологиялық әсермен байланысты. Ол адам табиғатының құрылымдық бастауына негізделген психологиядағы гуманистік бағытпен байланысты. «Гуманистік психология» принципіндегі әсер етуді құрастырудың негізгі ролі К. Роджерске тән. Ол «өсу моделі» идеясын алға қойды. Оның

пікірінше, адам өз потенциалын жүзеге асыруда өзіндік ішінен шығатын белсенділікке, өсу мен прогреске ұмтылады.

Осы аталған қадам қатысушы тұлғалардың жұмысын жетілдіретін және өзінде тұлғалық өсу жоспарында тренингтік топтардың екінші мақсатымен байланысады, атап айтқанда:

1. Өзі туралы түсініктің жиынтығы ретінде «Менмен» жұмыс жасау.
2. өзінді неғұрлым терең түсіну, өз ерекшеліктеріңді түсіну.

Осылайша, тренингтік топтарға қойылатын екі үлкен мақсаттарды қосып тренингке жалпы анықтама береміз.

Тренинг – топтағы қарым-қатынас дағдысы мен тұлғалық өсу мақсатында әр түрлі топтардың белсенді әдістерін қолдануға бағытталған тәжірибелі психологияның аумағы. Тренингте тренинг мақсаты анықтамасында көрсетілген екі мақсаттардың бірге немесе әрқайсысының жеке-жеке орындалуы мүмкін.

Осы жерде тренингті белсенді психологиялық жұмыстың пішіні ретінде қарастырып, біз тренинг түсінігінің тар және кең мағынада бөлінуіне келеміз.

Тренингте басымдылық қай мақсатқа түсетініне байланысты оларды шартты түрде екі типке бөлуге болады:

1. құралдық-бағыттаушылық тренингтер;
2. тұлғалық-бағыттаушылық тренингтер – топтың әрбір мүшесінен «Менді» қозғайтын, топ мүшелерінің терең тұлғалық түрленуіне бағытталған тренинг.

Әрине, топтардың екі типтерінде де келесі топтағы типтердің де мақсаттары қатар шешіледі. Бірақ олардың шешімдері негізгі емес, тек тренингтің негізгі мазмұнын беретін қатар жүретін процесс болып табылады. Ал коммуникативті тренингте топ мүшелерінің «Менін» қозғайтын және тұлғаның өсуінің алғышарты болып табылатын процестер жүріп жатады.

Құралдық-бағыттаушылық тренинг әлеуметтік-психологиялық өзін-өзі ұстау тренинг қатарына жатады. Аталған топтық жақындаудың мақсаты - өзін-өзі ұстаудың тиімді модельдерін игеру. Тренингтің өзін-өзі ұстау мақсаттарына жету барысында оқу кезінде үздіксіз қызмет жүре бастайды және белгілі бір әдет және оқудың нәтижесі ретінде ақыл жинақталады.

Тренинг өзін-өзі ұстау – қызмет (оқу барысындағы) + ақыл (оқу нәтижесіндегі). Тренинг ұстанымның мақсаты тұлға болуы мүмкін емес. Адамның өзін-өзі ұстауына әсер ететін шарттарға құрылымдар күшті әсер ететіні белгілі. Осылайша, тренинг мақсаты ретінде құрылымдардың модификациясын да анықтап кетуге болады.

Тренингтің екінші типін біз **тұлғалық-бағыттаушылық тренинг** деп атадық. Тұлғалық-бағыттаушылық тренингке тұлғалық өсу немесе **психотүзетуші** (психокоррекционные) деп аталатын топтар жатады. Бұл топтардың негізгі міндеттері - өзара зерттеу, тұлғаның өзі туралы білім алу, оны дамыту мен ашу. Мұнда психологиялық ұстанымдардың теңдігі орнатылатын психологиялық әсер «субъект-субъектілі» жүйе қатынасында жүзеге асырылады.

Аталған топтардағы негізгі процесс тұлғаның өсуі – оның ашылуының белсенді процесі және өзінді ішкі әлеммен байланыстыра отырып дамыту болып табылады.

Тәжірибелі психологияның кез-келген әдісі секілді әлеуметтік-психологиялық тренингтің өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері болады. К.Рудестам топтық жұмыстардың келесі артықшылықтарын көрсетеді:

1. Топта эмоционалды жылулыққа қажеттілік және адамның басқа адаммен қатынасында жылулыққа қажеттілігі туындайды.
2. Арнайы ұйымдастырылған топта жинақталған тәжірибе тұлғааралық өзара әрекетте туындайтын мәселелердің шешілуіне көмектеседі.
3. Топтық шарттарда кері байланыс алу мүмкіндігі болады.
4. Тренингтік топтарда топтың белгілі мүшесінен ортақ мәселелері мен толғаныстары бар адамдардан қолдау табады.
5. Индивид бақылауға алынған ортада жаңа білім мен ақыл алуға қолдау табады.
6. Топта әріптестердің қысымы, конформизм, әлеуметтік әсер ету, рольдерді бөлу сияқты жасырын факторлар айқындалады.
7. Қатысушылар өздерін басқалармен қатар қойып және орнатылған эмоционалды байланысты өзінің толғаныстарын, сезімдерін, өзін-өзі ұстауын бағалауда пайдалана алады.

8. топ өзін-өзі зерттеу процесін, интроспекцияны және индивидтің «Мен» концепциясының қалыптасуын жеңілдетеді.

9. Экономикалық пайда – бір ғана жетекші психолог индивидтер тобымен жұмыс жасайды.

Жоғары оқу орнының білім алушыларын оқу үрдісіне бейімдеу кезінде топтың бірігу маңызды болып саналады.

Топтық бірігу – топ мүшелерінің өзара эмоционалды жақындығы мен топтың қанағаттануын сипаттайтын топтағы тұлғалардың өзара әрекеті мен өзара қарым-қатынасының беріктігі, бірлігі мен тұрақтылығының көрсеткіші.

Ал С. Кратохвил «топтың бірігуі» дегеніміз топқа қатысушылардың бір-бірімен байланысы деген [11].

Топтық бірігудегі психологиялық тренингтің мақсаты, табысты жұмыстың шарты болуы мүмкін. Таныс емес адамдардан жиналған топтың белгілі бір уақыты міндетті түрде топтық мәселелерді шешуге қажет бірігуге жұмсалады.

Біріккен топтың әлеуметтік-психологиялық сипаттамасы:

- Топқа қатысушылар бір-бірімен көп араласады.
- Топтың қатысушылары бір-біріне ашық әсер етеді.
- Қатысушылар топтан сирек кетеді.
- Топқа қатысушылар бір-біріне қастық жасамайды және жеңіл қарым-қатынас жасайды.
- Топқа қатысушылардың өзіндік бағасы жоғары.

Тренинг әлеуметтік-психологиялық оқытудың белсенді әдісі ретінде топтағы шиеленісті жағдаяттарды өзара түсінісу позициясы негізінде шешуге мүмкіндік беретін, сондай-ақ өзіндік сана мен өзара әрекеттесу деңгейінің жоғарылауына септігін тигізетін әдістердің бірі.

Тренинг әдістерінің мақсаты әртүрлі болуы мүмкін. Тренингтік топтың мазмұны мен бағытын біріктіре келе тренингтің келесі ортақ мақсаттарын бөліп қарастыруға болады:

- Топтың қатысушыларының психологиялық мәселелерін зерттеу және оның шешіміне көмек көрсету;
- Субъективті өзін-өзі сезінудің жақсаруы мен психикалық денсаулықтың нығаюы;
- Адамдармен гормониялық және нәтижелі қарым-қатынасты құру үшін тұлғааралық қарым-қатынастың тәсілдері мен психологиялық заңдылықтардың механизмдерін зерттеу;
- Ішкі және мінез-құлықтық өзгерістер негізінде қатысушылардың өзіндік санасы мен өзіндік ізденімпаздықтарын дамыту;
- Тұлғалық даму үдерісіне жәрдемдесу, шығармашылық әлеуетін жетілдіру.
- Физикалық бағыттағы жеңіл жаттығулардың көмегімен қатысушылардың физикалық белсенділігін арттыру және т.б.

Топтық тәжірибе тұлғааралық мәселелерді шешуге көмектеседі, топтың қатысушысы өзінің қиындықтарымен жалғыз қалмайды. Топтық жұмыстардың тәжірибесі қатысушылардың мәселелері тек оларға ғана тән еместігін, ондай сезімдер барлық адамның бойында болатындығын дәлелдеп көрсетеді.

Топта тренинг барысында шынайы өмірдегі сияқты өзара байланыс пен қарым-қатынас жүйесі моделденеді. Бұл өзінің және өзге адамдардың мінез-құлықтық және қарым-қатынастық психологиялық заңдылықтарының психологиялық қауіпсіз жағдайын көруге және талдай білуге мүмкіндік береді. Топ қатысушылары арасында кері байланыс орнайды. Қатысушылар топта өзін өзгеге ұқсатуға, мінез-құлықтың жаңа нәтижелі тәсілдерімен танысуға мүмкіндік алады. Тренинг барысында туындаған эмоционалды байланыс, жанашырлық, эмпатия тұлғаның өсуі мен өзіндік сананың дамуына әсерін тигізеді.

Бұл жұмыс курсанттарға ақпаратты қабылдап, есте қалдыруға көмектеседі, тәжірибелік жұмыста іскерліктер мен дағдыны бұрын қабылданған білімдермен сабақтастыруға жағдай жасайды. Оқытудың белсенді әдістері тренингтерден бөлек, іскерлік және рөлдік ойындар, проблемалық, топтық пікірталас, миға шабуыл және т.б. әдістерді қамти отырып, курсанттардың белсенді ізденушілік әрекеттерін іске қосуға мүмкіндік береді.

Тренинг – тұлғаға әсер ету үдерісін түрлендіруші белсенді топтық әдістердің кешені. Мұндай жағдайда тренингтің басты жүйе құрушы құрамы топтың тұлғаға психологиялық әсері болады. Топтық бірігу – топ мүшелерінің өзара эмоционалды жақындығы мен топтың

қанағаттануын сипаттайтын топтағы тұлғалардың өзара әрекеті мен өзара қарым-қатынасының беріктігі, бірлігі мен тұрақтылығының көрсеткіші. Топтық бірігу психологиялық тренингтің мақсаты, табысты жұмыстың шарты болуы мүмкін.

Жалпы алғанда, топ неғұрлым адамдардың эмоционалды қанық байланыстарына жауап берсе, соғұрлым біріккен болып табылады. Топ неғұрлым біріккен болса, оның мүшелерінің көзқарастары мен іс-әрекеттеріне топтық бақылау, топтық норма қатаң сақталады және топтық құнды құрылымдарды қабылдау деңгейі соғұрлым жоғары болады. Бірігушілік қатысушылардың эмоционалдық тартымдылығын және жалпы мәселелерге адалдығын тудырады, тіпті қиын жағдайда да топтың тұрақтылығын қамтамасыз етеді, топқа тұрақтылық беретін жалпы стандарттарды дайындауға әсер етеді.

Әдебиет

1. Айдаралиев А.А. Адаптация человека к экстремальным условиям: опыт прогнозирования / А.А. Айдаралиев, А.Л. Максимов. – Л., Наука, 1988. – С. 125.
2. Алдамұратов Ә. Жалпы психология. Оқулық. – Алматы: «Эверо», 2014. – 222 б.
3. Ахмерова С.Г. Современные подходы к формированию здоровья учащихся и педагогов в общеобразовательных учебных заведениях методами и средствами гигиенического воспитания: автореф. дис. ... докт. мед. наук. – Оренбург, 2000. – 46.
4. Бекмаханова Е.К. Проблема психологической адаптации студентов. – Алматы, 1983. – С. 24.
5. Большаков В. Ю. Психотренинг. Социодинамика, игры, упражнения. – СПб., 1996.
6. Бурнард Ф. Тренинг межличностного взаимодействия. – СПб., 2001.
7. Вачков И.В. Групповые методы в работе школьного психолога: Учебно-методическое пособие. – М., 2002.
8. Грецов А.Г. Тренинг общения для подростков. – СПб., 2015.
9. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі: сөздік / Қ.Б. Жарықбаев, О.С. Сангилбаев. – Алматы, 2006. – 384 б.
10. Жолшыбекова Р.О. Психология бойынша практикум: оқу-әдістемелік құрал / Р.О.Жолшыбекова. – Астана: «Мастер По», ЖШС, 2017. – 308 б.
11. Зимняя И.А. Педагогикалық психология: жоғары оқу орындарына арналған оқулық / орыс тілінен аударған М.А. Құсаинова. – Алматы: TST-company, 2005. – 368 б.
12. Кенжебеков Б.Т. Болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері. – Алматы: ТОО «Стандарт», 2006. – 260 б.
13. Қалымбетова Э.К. Кәсіпке бейімделу мен кәсіби мәнді құндылықтық бағдарларды қалыптастыру ерекшеліктері: псих. ғыл. канд. дис... автореф. – Алматы, 2005. – 28 б.
14. Меерсон Ф.З. Адаптация, стресс и профилактика /Ф.З. Меерсон. – М.: Наука, 1981. – С. 280.



АБЫЛКАСИМОВА

Айнур Шайзадақызы

Қазақстан Республикасы ІІМ

М. Есболатов атындағы Алматы

академиясының әкімшілік-құқықтық пәндер
кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м., полиция
подполковнигі

КУРСАНТТАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК DAҒДЫЛАРЫН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН МӘНІ

Ғаламдану өзгерістері білім саласында, түрлі кәсіп саласында да өзгерістер енгізуде. Болашақ маманның алға қойған мақсаттарына жетуде түрлі қабілет-қасиеттерді жетілдіруде креативтілік, бәсекеге қабілеттілік, іскерлік қарым-қатынас сияқты дағдылар қажет. Мамандарды даярлауға жаңа талаптар қойылып отыр. Өзгерісі мен жаңалығы мол қоғам мен ортаға еркін бейімделе алатын өз ісіне шебер және тұлғалық қасиеттері мен дағдылары қалыптасқан жан-жақты маман даярлау талабы күшеюде. Қоғамға қажетті барлық салада курсанттың коммуникативтік дағдысын қалыптастыруда оқу процесіндегі мазмұн мен әдістеме жаңаша сипатқа ие болғаны дұрыс. Бұл – қазақ тіліноқытуда ғана емес, барлық салада болашақ маманның коммуникативтік дағдысын дамытудың маңыздылығын айқындайды. Коммуникативтік дағдыны дамыту мәселесін түрлі кәсіби тілдік қызметпен, іскери қарым-қатынаспен өзара тығыз байланыста зерттеудің мәні зор. Болашақ маманның атқарар қызметіндегі қарым-қатынас мәселесінде тілдік нормасы сауатты, қазақ тілінің заңдылығын қалыптасқан жүйе бойынша бұзбай, оңтайлы қолдануы көздеген мақсатқа жету тәсілінің бірі болып табылады. Тілдік норманы дұрыс ұстанбау кәсіби қарым-қатынаста толыққанды құрал рөлін атқара алмайды. Коммуникативтік дағды дамытуды тек тілдік тұрғыда емес, болашақ кәсіп қызметтерімен, іскери-тілдік қызметпен де тығыз байланыста қарастыру орынды. Осы тұрғыдан келгенде, болашақ маманның кәсіби қызметінде қарым-қатынаста тілдік нормасы қалыптасқан, қазақ тілінің қалыптасқан жүйесін бұзбай қолдана алатын тұлға болуы да – қажетті талап. Тілдік нормадан ауытқу адамдар арасындағы қарым-қатынастың толыққанды құралы бола алмайды. Тілдің қатынас құралына айналуының өзі тілдік нормаға түсу болып табылады [1].

Даму қарқыны жедел, бәсекесі басым қоғамда нағыз кәсіби маман болу аз. Қай жұмыс орны болмасын, маманға кәсіби-іскери дағдысына қоса шешен сөйлеу мен тамаша қарым-қатынас құра алу дағдыларын қатар меңгерген маманның алар орны ерекше екені анық. Дамудың жеделдігі, бәсекенің артуы қоғамда нағыз кәсіби маман болуға итермелейді. Қазіргі уақытта ішкі істер органдары қызметінде кәсіби-іскери қарым-қатынаста шебер сөйлеп, өз ойын толық жеткізе алатын, тамаша қарым-қатынас құра алу дағдыларын меңгерген маманды тандау – анық қажеттілік. Қоғамдағы осындай мақсаттардың қойылуы еліміздегі түрлі салалардағы бәсекенің жоғарылауының нәтижесі. Маманның нарық сұранысы мен талабына сай жағдайда сапалы қызмет жасай алуы мен өз қосар оңтайлы өзгерістері мен үлесінің орны маңызды. Курсанттардың кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамыту мәселесінде болашақ мамандығы бойынша ғана емес, қоғамдағы мотивациясын тудыру, белсенді өмірі мен кәсіби тілдік ұстанымын қалыптастырудың мәні бар. Өз кәсібі бойынша мансап пен тұлғалық өсуде нағыз қажет дағдыларды қалыптастыруда коммуникативтік ұстанымы жетекші қағида болатыны сөзсіз [2].

Әрбір маман үшін қалыптасқан коммуникативтік дағды күнделікті кәсіби өмірде негізгі қарым-қатынас құралы рөлін атқарады. Сондықтан курсанттардың кәсіби қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру мәселесінің маңыздылығы осыдан туындайды.

Бұл арнайы қарастырылып отырған мәселе, қазіргі заман мамандары үшін де болашақ ғасырлар мамандары үшін де маңызды. Болашақ маманның тек кәсіби қызметінде емес, оның мансап жолының қалыптасуына, қызмет өсуіне, тіпті жақсы өмір сүруіне де өзіндік рөлі бар. Коммуникативтік дағдының дұрыс қалыптасуы – айтылмақшы ойды дұрыс жарыққа шығару құралы, шебер сөйлеу өнері. Адамдар арасындағы қатысымдық қабілеттің шеберлігі өмірлік, кәсіби, қоғамдық жағдаяттарда оң шешімдер мен нәтижелерге жетудің оңтайлы тәсілі де бола алады.

Қарым-қатынас дағдыларын дамыту қажеттілігі сонымен қатар кешегі 15-16 жас аралығындағы орта кәсіптік білім беру ұйымдарынан, сондай – ақ жоғары оқу орнына оқуға келген оқушылардың іс жүзінде қарым-қатынас дағдылары жоқ екендігімен және, әрине, кәсіби қарым-қатынас дағдыларын мүлдем игермеуімен байланысты, дегенмен коммуникативті дағдылар кез-келген адамның өмірінде өте қажет. 15-19 жас аралығындағы жасөспірімдердің ата – аналарымен, ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынас орнатуды қаншалықты сәтті үйренуі олардың болашақта жеке және кәсіби өмірінде маңызды рөл атқарады. Қарым-қатынастың негізгі формасы болып табылатын белгілі бір кәсіптер адамның осы дағдыларға ие болуына ерекше талаптар қояды.

Жоғарыда аталған қарым-қатынас дағдылары бұл белгілі бір адами қасиеттер емес, қоршаған әлеммен өзара әрекеттесуге көмектесетін дағдылар, қабілеттер, қалыптасқан тәрбие ережелері жиынтығы. Қарым-қатынастың көптеген анықтамалары бар, біз қарым-қатынас дағдылары арқылы адамның басқа адамдармен, әлеуметтік топтармен және жалпы қоғаммен қарым-қатынас жасау қабілетін түсінеміз, алынған ақпаратты барабар түсіндіреміз, сонымен қатар оны дұрыс жеткіземіз. Коммуникативті құзыреттілік деп біз сабақ барысында алынған және қалыптасқан білім, дағдылар кешенін және оқытудың мазмұнды компонентін айтамыз. Біз қалыптасқан құзыреттілік негізінде қызметті орындау қабілетін анықтайтын тұлғаның қасиеттерін қарастырамыз. Білім беру мекемесінің алдында тұрған міндеттердің бірі: жасөспірімді өзіне сенімді болуға үйрету, жанжалсыз қарым-қатынас жасау, сонымен бірге өзінің интеллектін қорғай білу болып табылады. Қарым-қатынаста өз эмоцияларын дұрыс басқаруды үйрету, қоршаған әлемді дұрыс қабылдау және оған ден қою, қарым-қатынас бойынша серіктесті есту және сезіну - тұлғааралық және кәсіби қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру білім берудің негізгі міндеті болып табылады [3].

А. Байтұрсынұлы: «сөйлеуші тілінің дұрыстығын, анықтығын, тазалығын, дәлдігін, көрнектілігін, әуезділігін, өрнектілігін» арнайы талап ретінде көрсетеді. Бұл талап курсанттардың кәсіби қарым-қатынас дағдысының қалыптасуының негізгі шарттары. Бұл шарттар толық орындалса, болашақ маманның мансап жолындағы мықты және сәтті қадамдарына алып барады [4].

Осы қарастырылып отырған мәселелер курсанттардың қазақ мектебін бітіріп келгенімен коммуникация мәселесінде түрлі қиындықтар кездесетінін жалпы сөз саптауынан байқауға болады. Бұндай мәселені арнайы зерттеген ғалым А.П. Панфилова бірнеше қиындықтарды атайды:

Логикалық кедергі – ойлау жүйесі әр түрлі адамдар, әріптестер арасында туындайды. Адамдар әлемді өз танымы, түсінігі аясында түсініп, көреді. Серіктестердің ақыл-ойы, ойлау түрлері мен формаларының әр түрлілігіне байланысты олар түсіністік немесе түсінбеушілік деңгейінде қарым-қатынас жасайды.

Стилистикалық кедергі – бұл ұсынылатын ақпараттың форма мен оның мазмұны арасындағы сәйкессіздік. Ақпараттың дұрыс жеткізілмеуі.

Семантикалық кедергі – мағыналық сәйкессіздік. Тезаурустық сәйкессіздік, әртүрлілік. Лингвистикалық сөздіктің ақпараттың толық мағынасымен сәйкес келмеуі. Бір адамда сөздік қор мол болса, екіншісінде жұтаң болуы. Сондай-ақ әртүрлі мәдениет өкілдерінің сөйлеу әрекетіндегі әлеуметтік, мәдени, психологиялық, ұлттық, діни өзгешеліктерге байланысты да туындайды.

Фонетикалық кедергі – сөйлеушінің сөйлеу ерекшеліктерінен туын- дайтын кедергілер (дикция, интонация, логикалық стресс және т.б.). Сөздіңанық, айқын айтылуына үлкен мән берілуі тиіс» [5].

Ғалым жинақтаған кедергілердің барлығы дерлік топтағы курсанттардың сөйлеу барысында бар екендігін күнделікті сабақтар анықтауға болады. Бұл тұрғыда түрлі дидактикалық тапсырмалармен жұмыстар жасау арқылы қажетті дағдыларды қалыптастыруға болады. Аталған кедергілердің ішінде ең көп кездесетіні – логикалық кедергі. Белгілі бір тақырыпта (М: тақырып сипаты қандай: проблемалық, ақпараттық, дискуссиялық т.б.) әңгімені қалай бастау, қандай мәселе қозғалмақшы, әңгімені өрбіту, нақты факті, мысалдармен тақырыпты ашу, талқылау, ойтүйін, қорытындылау сияқты мәселелерде қарапайым жүйеліліктің сақталмауы кездеседі. Келесі, бұл – семантикалық кедергілер. Бұл сипаттағы қателер – курсант сөздік қорының тұрмыстық тіл деңгейінде болуы. Курсант оқыған аймақтың жергілікті лексикасы, диалект қолданыстары да болуы мүмкін. Бұндай жергілікті тілдік ерекшелікке қатысты норма бұзушылық дикция, интонацияда да кездеседі яғни, фонетикалық кедергіні де қамтиды. Сондықтан тілдік нормамен үздіксіз жұмыс жасалып, коммуникативтік дағды ғана емес, коммуникативтік тілдік норманы қалыптастыру қажет. Қазіргі дамыған қоғамда коммуникативтік дағдылар сипаты да өзгеруде. Интернет желісінің дамуына қарай әлеуметтік желідегі коммуникация дағдысы, пошта арқылы хат-хабарлар жаза алу дағдысы, виртуалды қарым-қатынас т.б. да қажет дағдыларды дұрыс қалыптастыру маңызды болып табылады. Бұл сипаттағы қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруде интерактивтілік қажет болады. Интерактивті коммуникация маңыздылығы күн санап артуда. Болашақ маман өз жұмысы барысында басқа қызметкерлермен қарым-қатынаста қажетті интерактивті коммуникация дағдысы болмаса, онда өзін қорғансыз, сенімсіз сезінуі ықтимал. Кез келген жұмыс, тапсырма түрі бірлескен әрекетке құрылуы тиіс болуына басымдық берілді. Онлайн форматтағы жұмыс түрлерінде зум бөлмелерін пайдалануда бірнеше бөлме ашып, бірлесе орындайтын тапсырмалар ұсыну; Форумды пайдалану: топтық бірлескен жұмыстарға пікір жазу, жазбаларға жауаптар, реакция білдіру, сын пікірлер айту. Офлайн форматта бірігіп орындалатын жоба жұмыстары да интерактивті коммуникация дағдыларын қалыптастыруға өз септігін тигізеді.

Интерактивті коммуникациялық дағды қалыптастыруда курсанттардың танымдық қабілетін жетілдіруге бағытталған, білгенін және ойлағанын түсінуге, ой елегінен өткізуге мүмкіндік алатын коммуникативтік әрекеттерді ұйымдастырудың ерекше формасының бірі – бірлескен жұмыстарды бәсекеге құру тәсілі. Бұл әдіс бір уақытта үш негізгі міндетті қарастырады: *танымдық, коммуникативті интерактивтілік, дамытушылық*. Интерактивті коммуникациялық дағды қалыптастыруда курсанттарға ұсынылатын тапсырмаларға топ мүшелерінің барлығы да белсенді қатысушылар болуы тиіс. Бұндай тапсырмалардағы басты мақсат – әр түрлі мәселелерді електен өткізе отырып, сынға ала отырып, дауласу емес, әртүрлі пікірлерді тыңдау арқылы дұрыс шешімді табу. Курсант бұл арқылы интерактивтілікке, сыни ойлай алуға, ортақ келісімше келе алуға дағдыланады. Мамандар зерттеулері нәтижесі бойынша бұл мәселедегі кеңес былайша болып отыр: «Коммуникация жасау дағдысын жетілдіру – сіздің карьера жасау жолыңыздағы ең маңызды, бірегей қадамдарыңыздың бірі болуы әбден мүмкін. Өйткені, сізде әлемдегі ең керемет идея бар болуы ықтимал, бірақ оны анық әрі дәлелді түрде жеткізе алмасаңыз, оның карьераңызға еш пайдасы тимейді. Коммуникация дағдысын жетілдіру – карьера барысында жасалатын бірден-бір маңызды әрекет. Әлемде мықты маркетингтер, жақсы бухгалтерлер білікті инженерлер мен адвокаттар көп болуы мүмкін, бірақ коммуникация шеберлігін меңгергендері бірен-саран. Сондықтан коммуникация дағдыларыңыз еңбек нарығындағы бәсекеде өзіңізді көрсетудің ерекше мүмкіндігі деп түсініңіз» [6]. Бұл – коммуникативтік дағды жетілдіруге тағы да талаптың күшею көрінісі.


Ендеше, бұл қарастырылып отырған мәселе соншалықты маңызды екендігін байқау қиын емес. жақсы сөйлеуді, жақсы тыңдауды меңгеріп, кез келген жағдайда коммуникация жасаудың ыңғайын таба білсеңіз, қызметте үнемі алда болып, бұл қасиеттің өмір бойы игілігін көресіз» [7].

Коммуникативтік дағдыны дамыту өте маңызды. Бұл болашақ қызметкердің жеке өзі үшін ғана емес, ол жұмыс жасайтын компаниясы, ондағы әріптестерімен байланыс орнату, араласу т.б. да маңызды мәселе болып табылады. Сан-салалы, көп қырлы әмбебап деуге де болады. Адамдар арасындағы коммуникативтік қарым-қатынастың нәтижелі болуы осы нормаларды сақтап, оны оңтайлы пайдаланғанда нәтижелі болады. Сондықтан студенттердің коммуникативтік дағдысын қалыптастыруда қатысымдық сапаға тікелей қатысты ұлттық құндылықтардың да бар екенін үйрету, түсіндіру ұсынылады. Қазақ халқының би-шешендері сөздерінің де адамдардың арасындағы қарым-қатынасты басқарудың құралы болғанын ескертіп, ұсынып отыру қажет. Осы тақырыпты қарастыру тәжірибесінде Бөлтірік шешеннің бір үлкен тойда орынсыз айтқан бір ауыз сөзі үшін опық жеген баласына айтқан сөзі: «Сөзден тәтті нәрсе жоқ, сөзден ащы нәрсе тағы жоқ. Сөзден жеңіл нәрсе жоқ, сөзден ауыр нәрсе де жоқ. Сөзінді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылды сөзінді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт. Не сөйлейтініңді біл, кімгесөйлейтініңді біл, қашан сөйлейтініңді біл, қайда сөйлейтініңді біл, қалай сөйлейтініңді біл. Оны білмесең, сара сөзің шала болады, арты жала болады».

Қорытындылай келе, адамның қарым-қатынас дағдыларын меңгеруі, психологиялық қанағаттану және әлеуметтік іске асыру үшін маңызды екенін атап өтеміз. Оларды игеруге немқұрайлы қарайтын адамдарға өмірде өздерін жүзеге асыру қиынырақ. Қарым-қатынас дағдылары адамға мүмкіндік беретін ерекше мінез-құлық кешенін құрайды: байланыс орнату; сұхбаттасушыны қызықтыру; қарым-қатынасты сақтау; өз ойларын дәлелдеу; өз мүдделерін қорғау; сынға жауап бере білу; сұрауды үйрену; ауызша емес қарым-қатынас құралдарын пайдалану; манипуляциядан қорғану; айналасындағыларды, олардың әрекеттері мен реакцияларының себептерін түсіну, жанашырлық пен қолдауды дұрыс білдіру және оны айналаңыздағы адамдардан қабылдау үшін қажет.

Әдебиет

1. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 272 б.
2. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. – Астана, 1991. – 179 б.
3. Оразбаева Ф.Ш. Тілтамыр: лекциялар курсы. – Алматы: Ан Арыс, 2019. – Т. 4. – 472 б.
4. Жұбаева О.А. Байтұрсынұлы – қазақ тілі біліміндегі когнитивті лингвистиканың негізін салушы // А. Байтұрсынұлы – қазақ тілі білімінің көшбасшысы: халық. ғыл. әдістем. конф. матер. – Алматы, 2012.
5. Панфилова А.П. Деловая коммуникация в профессиональной деятельности: учеб. пос. – СПб.: 2001, – С. 496.
6. Бекеева Н.Ж. «Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытудың әдістемесі» Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, – Алматы 2022ж.
7. Дәдебаев Ж. Таңдамалы шығармалар: 2 т. – Алматы: Өнер, 2008. – Т. 1. – 352 б



БЕЛҒОЖАЕВА

Лаззат Серікбаевна

Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов
атындағы Алматы академиясы
киберқауіпсіздік және ақпараттық
технологиялар кафедрасының аға
оқытушысы, полиция подполковнигі



КУБАНОВА

Нургуль Байтоковна

Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов
атындағы Алматы академиясы
киберқауіпсіздік және ақпараттық
технологиялар
кафедрасының докторанты

**ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ
ӘСКЕРИ ЖӘНЕ АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ КЕЛЕШЕГІ**

Қазіргі әлемде білім жеке тұлға мен қоғамның дамуында шешуші рөл атқарады. Қазақстан Республикасының әскери және арнаулы оқу орындарының алдында, барлық басқа оқу орындары сияқты, тез өзгеретін әлемде күрделі мәселелерді шешуге қабілетті жоғары білікті мамандарды даярлау міндеті тұр. Осыған байланысты жалпы білім беретін пәндерді оқытуда заманауи цифрлық білім беру технологияларын қолдану өзекті бола түсуде.

Заманауи цифрлық білім беру технологияларын қолданудың артықшылықтары:

Оқу процесінде заманауи цифрлық білім беру технологияларын қолдану бірқатар артықшылықтарға ие:

– Оқыту тиімділігін арттыру: Заманауи цифрлық білім беру технологиялары оқыту процесін интерактивті, жекелендірілген және ынталандырушы етеді, бұл оқытудың жоғарылауына және оқу нәтижелерінің жақсаруына әкеледі.

– Білімге қолжетімділікті кеңейту: Заманауи цифрлық білім беру технологиялары олардың орналасқан жері мен оқу уақытына қарамастан барлық білім алушылардың білімге қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

– Білім беру шығындарын азайту: заманауи цифрлық білім беру технологиялары тиімдірек оқыту әдістерін қолдану және оқу материалдарының құнын төмендету арқылы білім беру шығындарын азайтуға көмектеседі.

Қазіргі цифрлық білім беру технологияларын қолдану мысалдары:

Қазақстан Республикасының әскери және арнаулы оқу орындарында заманауи цифрлық білім беру технологиялары мыналар үшін қолданылуы мүмкін:

– Онлайн сабақтар мен дәрістер өткізу: Онлайн платформалар мен бейнеконференцияларды пайдалана отырып, оқытушылар әртүрлі жерлерде орналасқан білім алушылар үшін сабақтар мен дәрістер жүргізе алады.

– Электрондық оқыту курстарын құру: Электрондық оқыту курстарында білім алушыларға материалды өз қарқынында және өздеріне ыңғайлы уақытта меңгеруге көмектесетін мәтіндер, бейнелер, аудио, интерактивті жаттығулар және басқа да материалдар болуы мүмкін.

– Тренажерлар мен виртуалды зертханаларды пайдалану: Тренажерлар мен виртуалды зертханалардың көмегімен білім алушылар практикалық дағдыларды қауіпсіз және тиімді пайдалана алады.

– Білім мен дағдыны бағалау: Электронды тесттер мен викториналарды пайдалана отырып, мұғалімдер оқушылардың білімі мен дағдыларын тез және объективті бағалай алады.

Цифрлық технологиялар әскери және арнайы білім беру саласында үздіксіз дамып келеді және бұл бағытта келешекте бірқатар өзгерістер күтіледі. Осы өзгерістер білім алушылардың білім алу деңгейлерін қайта анықтайды және әскери мамандардың даярлауын жақсартуға көмектеседі.

Жаңа технологиялардың ықпалы:

– Жасанды интеллект (ЖИ) қолданылуының кеңейтілуі: ЖИ білім алушылардың өзін жылдамдығында және олардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес оқуға мүмкіндік беретін дамытылған оқу жүйелерін құру үшін қолданылуы мүмкін.

Жасанды интеллект – бұл біздің өміріміздің көптеген аспектілерін өзгерте алатын қуатты құрал. Дегенмен, ЖИ жаңа мүмкіндіктермен бірге шешілуі қажет мәселелерді де туындатады. Бұл технологияны әділ және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін этикалық және әлеуметтік аспектілерді ескере отырып, зерттеулер мен әзірлемелерді жалғастыру маңызды.

– Виртуалды және арттырылған шындықтың (VR/AR) кеңейтілген қолданылуы: VR/AR технологиялары оқушыларға 3D ортада әскери қимылдарды тәжірибе етуге және олардың оқу материалын өз бетінше зерттеуге мүмкіндік береді.

– Блокчейн технологиясының қолданылуы: Блокчейн технологиясы білім алушылардың білім беру ғаламшарындағы дипломдар мен сертификаттар сияқты маңызды деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қолданылуы мүмкін.

– Мобильді оқудың дамуы: білім алушылардың смартфондар мен планшеттер сияқты мобильді құрылғылар арқылы оқу материалдарына қол жеткізуіне мүмкіндік беретін мобильді оқу платформаларының кеңейтілген қолданылуы күтіледі.

Қорыта келгенде Қазақстан Республикасының әскери және арнайы оқу орындарында жалпы білім беретін пәндерді оқытуда заманауи цифрлық технологияларды қолдану білім беру жүйесін дамытудың маңызды бағыты болып табылады. Осы технологиялар оқу үдерісін ыңғайландыруға, Білім алушылардың қызығушылығын арттыруға және білім берудің тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттің қолдауы, оқытушылардың білім беруін жетілдіру және білім алушылар мен оқытушылардың ынтасын арттыру арқылы цифрлық технологиялардың қолданылуын кеңейтуге мүмкіндік болады.

Цифрлық технологияларды тиімді қолдану арқылы Қазақстан Республикасы әскери мамандардың жоғары деңгейлі даярлауын қамтамасыз ете алады және бәсекеге қабілетті болады.

Әдебиет

1. Государственный общеобязательный стандарт высшего образования //Приказ Министра науки и высшего образования Республики Казахстан от 20 июля 2022 года №2. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669#z1554>

2. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года №319-III (с изменениями и дополнениями по состоянию на 30.12.2022 №177 – VII). <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319>

3. Приказ Министра науки и высшего образования Республики Казахстан //Об утверждении государственных общеобязательных стандартов высшего и послевузовского образования от 20 июля 2022 года №2. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200028916>

4. Национальный проект «Качественное образование» «Образованная нация» //Постановление Правительства Республики Казахстан от 12 октября 2021 года №726. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000726>

5. <https://www.kaznpu.kz/ru/29487/press/>

6. Смирнов А.В. «Цифровая трансформация в образовании: методы и технологии.» Издательство «Просвещение», 2021.

7. Соловьев В.В., Иванова Н.А. «Электронное обучение и цифровые образовательные ресурсы». Издательство «Юрайт», 2020.



СОЛТАНБЕКОВА

Гүлбақша Сарыбаевна

Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы
Алматы академиясы қосымша білім беру
факультетінің аға оқытушы әдіскері
полиция подполковнигі

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЕКІНШІ ТІЛ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

Бүгінгі таңда мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметі аясының кеңеюі, тілді үйренуге ынталы, әлеуметтік дәрежесі әртүрлі адамдардың көбеюі (мемлекеттік қызметшілер, бизнесмендер, саясаткерлер, шетелдіктер, студенттер және т.б.) қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың өзекті екендігін айғақтай түседі. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту барысында техникалық құралдарды ұтымды қолданып, тілді оқытудың заманауи тәсілдерін тиімді пайдалану – тіл үйренушінің оқу-танымдық әрекетін белсендіріп, пәнге қызығушылығын арттыруға мүмкіндік туғызады.

Сондықтан біз өмір сүріп отырған қоғамда көптілділік мәселесі өзекті болып отырғаны белгілі. Себебі адамдар бір-бірімен өзара қарым-қатынасқа түсуі үшін, әлемдік кеңістікте өзін өте еркін сезініп, кез келген жағдаятқа қатысты мәселені шешу үшін саналы түрде өзін әлеуметтік жағынан да, кәсіби жағынан да жетілдіруі тиіс. Олай болса, ХХІ ғасырда еліміздің жас ұрпақтары қостілді, көптілді тұлға болып қалыптасуына үлкен мүмкіндік туып отырған кезеңде олардың мемлекеттік тұрғыда толық білім алуына мүмкіндігі бар. Бұл жағдай билингв тұлғаның екі тілді (ана тілі мен екінші тіл) алма кезек қолдана білуіне және оны жүзеге асыруға, бірнеше тілдік жүйеде еркін қарым-қатынас құруына жол ашатыны даусыз. ХХ ғасырдың аяғына таман алыс-жақын шетелдерде тілді екінші тіл ретінде оқыту мен оны меңгертуге, қостілділікке қатысты теориялық және әдістемелік еңбектер жарық көрді. Бұл еңбектерде ғалымдар, әдіскерлер екінші тілді (Т₂) оқыту теориясы мен практикасын негізгі педагогикалық ая және әлеуметтік-лингвистикалық бағытпен өзара байланыста қарастырған. Осы еңбектерге тән ортақ идея: тіл үйренуші өзінің ана тілін жеткілікті меңгергенде ғана екінші тілді жедел үйреніп, ауызша және жазбаша дағдысын қалыптастырады және бірінші тілден алған білімін екінші тілге жедел түрде тасымалдайды. Қостілділікті қалыптастыру бағытындағы шетелдік және отандық психоллингвист және әдіскер ғалымдар ұсынып отырған тілді оқыту әдістерінің негізінде ауызша сөйлеуге үйретудің басты жолдары, яғни жаңа материалдарды диалог өрнегінде беру, сөздерді дұрыс дыбыстауға үйрету, үнемі жаттықтыру, сөйлеу әрекетінің төрт түріне тапсырмалар беру, сабақты (кейбір тапсырмаларды) ым-ишара түрінде түсіндіру мен инновациялық технологияларды тиімді қолдана білумен бірге грамматикалық-функционалдық өрнектерді беру амалдары бар. Бұл технологиялардың ұтымдылығы – мәдениетаралық байланыс құра білуге, коммуникацияға шығу жолдары. Біздің ұғымымызда мемлекеттік тіл көпұлтты Қазақстан Республикасының көптілділігінің басты орнын иеленуге тиіс. Көптілді тілдік тұлғаны қалыптастырудың іргетасы ана тілінен алынатын толыққанды, түбегейлі білімнен нәр алуы қажет. Ал «көптілділік» термині жеке тұлғаның отбасылық тілі мен әлеуметтік ортаның тілі мәдениетаралық тілдер байланысында (қоғам, мектеп және т.б.) қалыптасуымен де түсіндіріледі. Жалпы кез келген тіл бірнеше тілді меңгерген курсанттың әлемде өмір сүріп жатқан ұлттардың мәдениетінің (ұлттық, әлеуметтік және т.б.) көріністеріне қол жеткізу құралы болып табылады. Олар:

1. Оқу үдерісіне курсанттың алған білімі негізінде жаһандық, тілдік құзіреттілікті қалыптастыратын инновациялық әдістерді енгізу.

2. Тілді деңгейлік оқыту және меңгерту.

3. Тілді толыққанды оқыту және меңгерту арқылы көптілді тілдік тұлғаны қалыптастыру және лингвистикалық бағдарлама жасау:

- қажеттілікті анықтау (қай уақыттан бастау);
- қойылған мақсаттар мен міндеттерді шешу;
- оқу материалдарын дұрыс таңдау және іріктеу;
- қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда тілді тұтынушының ана тілін қолдану;
- сабақта оқыту стратегиялары мен тактикаларын қолдана білу;
- курсанттың өзіндік іс-әрекеті арқылы үйренуіне жол ашу;
- аударма әдісін қолданбау (тілді аудармасыз үйрету);
- курсанттың сабақта «өзіндік ойға бату» әрекеті арқылы тілді үйрену амалдарын қолдана білуі (суггестоподия әдісі);

– екі тілді бір уақытта дамыту арқылы көптілді тұлғаның ана тілінен алған білімін салыстыру арқылы үйрету ұстанымына бейімдеу.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері қалыптасып келеді. Әрбір әдіс-тәсілдердің өз ерекшеліктері бар, кейбірі танымал әрі сұранысқа ие болса, енді біреулері көп қолданыла бермейді. Соның ішінде әлі де болса өз құндылығын жоғалтпай келген тәсіл – классикалық әдіс. Атап айтқанда:

1. Тура әдіс.
2. Оқытудың грамматикалық-аударма әдісі.
3. Аудиовизуалды және аудиолингвалды әдіс.
4. Қатысымдық әдіс.

Тілді оқытудың «тура», аудармасыз, табиғи жолмен оқыту әдісін 1882 жылы В. Фиетор деген ғалым ұсынады. Ол алғаш рет шет тілін оқытуды реформалау туралы ұсыныс айтады. Тілді үйретуде тәжірибелік сабақтардың теориядан гөрі маңыздырақ екенін айта келе, студенттердің өз бетімен орындайтын жұмыстарын жүйелендіру қажеттігін көтереді. Бұл ой көптеген лингвистердің ортасында тың жаңалық ретінде қабылданады. Осы идеядан соң 1909 жылы танымал лингвист Г. Пауль жоғары оқу орындарында аудиториялық сабақ пен өздік жұмысты қолға алу, жүйелі жаттығулар жазу жайында сөз қозғайды.

Тура әдіс табиғи оқыту әдісі негізінде пайда болады. Бұл әдісті жақтаушылар – психолог В. Фиотер (ол аударма арқылы тіл үйретуді қаламайды) мен лингвист О. Есперсен және әдіскерлер – Ш. Швейцер, Г. Вендт, Э. Симоно және басқалар болады. Бұл әдістің өкілдері тілді практикалық жағынан меңгеруді мақсат етіп қояды. Бастапқы кезеңде оқытудың ауызша түрі таңдалады. Лексикалық минимум тек қарым-қатынасқа қажетті тақырыптар төңірегіндегі сөздерден тұрады. Ал грамматика сол тақырыптарға қажетті құрылымдар аясында қарастырылады.

Аталған әдістеме бойынша оқытушы күнделікті тұрмысқа қажетті ауызекі сөйлеуге көп көңіл бөледі. Сабақ жүргізетін оқытушының сөйлеген сөздері тіл үйренушіге анық, айқын естілуі талап етіледі, себебі олар оқытушының айтқанын ауызша қайталап жаттығады. Тілді үйрену барысында практиканың маңызды рөл атқаратынын ескерсек, бұл әдістің тиімді тұстары мол екенін байқауға болады. Жаттықтыру, тіл ұстарту жұмыстары кезінде оқытушы-тіл үйренуші арасында жанды қарым-қатынас құрылады. Тіл үйренушінің сөйлеу барысындағы кемшіліктерін оқытушы табан астында түзеп отырады. Тіл үйренуші грамматикалық құрылымдарды орынды қолдана алу мүмкіндігіне қол жеткізеді.

Тура әдіс төрт сатыдан тұрады:

- ауызша сөйлеу тілін түсіну;
- ауызша сөйлеу тілін қолдану;
- оқылым;
- жазылым.

Оқылым мен жазылымға қарағанда алдыңғы екі саты бойынша ауызекі сөйлеу дағдысына басымдық беріледі.

Тура әдістің негізгі қағидаттары:

грамматика мен лексикаға қатысты таңдалған лингвистикалық материалдардың барлығы шектеулі болады. Тіл үйренушіге берілген материалдардың барлығы таныс, орфоэпия, орфографиялық нормалар қатаң сақталу керек.

бір бірлік студент толық меңгермейінше түсіндіріліп және бірден бекітіліп отырылады.

үнделікті тұрмысқа қажетті сөз орамдары біртіндеп кеңейе бастайды да, грамматикалық материалдарды қолдану аясы оның практикалық мақсатына сай анықталады.

лексикалық материалдарды сұрыптау да осы белгілер бойынша жүзеге асырылады.

ана сөздер мен жаңа грамматикалық элементтер көп уақыт алмайтындай және жеңіл игерілетіндей (модельдер, дайын клишелер және т.б.) ойластырылады.

Тура әдіс грамматиканы негізгі бағдар етіп алады. Және грамматикалық құрылымдар толық ашылмай, белгілі бір мақсатқа ғана жұмсалады, яғни лингвистикалық материалдарды бекіту үшін ғана қолданылады. Мысалы, «Отбасы» деген тақырыпта тәуелдік жалғау, «Мамандық» тақырыбында жіктік жалғау, «Мінез, портрет» тақырыбында сын есімдер, «Уақыт» тақырыбында сан есімдердің қолданылуы сияқты шектеулер болады.

Аталған қағидаттардан шығатын қорытынды: бұл әдіс тілді үйренудің алғашқы сатысында ғана тиімді нәтиже береді.

Оқытудың грамматикалық-аударма әдісі. Қазіргі білім беру жүйесіндегі бұрыннан келе жатқан классикалық әдіс болып табылады. Мақсаты – грамматикалық ережелер арқылы оқыту және аударма жасауға үйрету. Кемшілігі – лексикалық минимум жаттандылықтан арыға бармайды, қолданысқа түсу механизмдері іске асырылмайды. Мысалы, *курс – бағам, платеж – төлем, зарплата – жалақы* және с.с. сөздерді жалаң жаттау аса тиімді нәтиже бермесі анық.

Шетел ғалымы С. Крашен тілді жаттанды емес, табиғи жолмен меңгертуді жөн санайды. Жаттанды материал уақыт өте келе ұмытылып қалады. Ал табиғи қажеттіліктен туындаған тіл қарым-қатынас барысында үнемі қайталанып, жадыда сақталып қалады.

Оқылым дағдысы тек қатаң түрде аударылып отырады. Оның үстіне оқылым материалдары көркем шығармалардан алынып, тек әдеби тіл оқытылады. Оны студент күнделікті тұрмыста, ауызекі сөйлеуде пайдалана бермейді. Тілдік ортаға түскенде басқалардың айтқандарын түсінбей, тілдік кедергілерге ұшырайды.

Аудиовизуалды(дыбыс-бейне)және аудиолингвалды әдіс. Бұл әдісте тіл нақты құрылым, дыбыс және бейнежазбалар арқылы меңгертіледі. Мемлекеттік тілдегі бейнебаян мен көркем, деректі фильмдер арқылы көру және есту каналдары қатарынан іске қосылады. Тіл үйренушінің сұранысына сай мультимедиялық кешендер мен бағдарламалардың қарқынды дамып жатқаны тіл үйренушінің көзбен көргенін еске сақтауға мүмкіндігі мол екенін аңғартады. Электрондық оқулық, мультимедиялық кешен арқылы түрлі суреттер, бейнекөріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсету арқылы тілді үйрену қабілеттерін арттыруға болады. Сонда *оның тіл үйренуге қызығушылығы артады*, қарым-қатынас дағдылары қалыптасады. Тілдік материалдарды есте сақтап, тілдің қолдану ортасын анықтап алады. Алайда бұл әдістің де осал тұстары кездеседі. Мысалы, тіл үйренушіге дайындалған материалдар, аудиокурстар анық, нақты дыбысталуға құрылады. Ал тіл үйренуші айналасындағылармен қарым-қатынаста сан алуан дыбысталған сөздік оралымдарды естиді, қабылдайды. Сөйлеу қарқындары да, әуезі де түрліше дыбысталған сөз орамдарын қабылдау белгілі бір қиындыққа ұрындыруы мүмкін.

Сондай-ақ тілді меңгертуде үйренушінің сұранысына сай таңдалған электронды кешендер тура әдістегідей, белгілі бір бағдарламалар, сабақ жоспары аясында жүргізіледі.

Қатысымдық әдіс. Қазіргі таңдағы тиімді қолданып жүрген әдістің бірі. Бұл әдістің негізгі нысаны – сөйлеу, қарым-қатынас жасауға үйрету. Бұл әдіс кезінде қабылдау, түйсік түрлерінің барлығы іске асады. Қатысымдық әдістің мәні шынайы жағдаят құра білуде. Түрлі сұхбаттар құру арқылы студент тілдік білімін практикада қолдана алу мүмкіндігіне ие болады. Ең бастысы – жаттығулардың сан алуандығы: рөлдік ойындар, сұхбаттар, жағдаяттық тапсырмаларды орындау арқылы студент жан-жақты қырынан көрінеді.

Мұнда оқыту тек грамматикалық немесе лингвистикалық ережелерге ғана емес, қатысымдық күзінеттің барлық компоненттеріне бағытталады (лингвистикалық,

әлеуметтік-мәдени, стратегиялық, оқу, кәсіптік). Сөйлеу материалдарын ұйымдастыру оның түріне емес, қызметіне бағытталады. Тілді өңделмеген күйінде алып, мәнмәтін арқылы мағынасын түсіну басшылыққа алынады. Аутентикалық материалдар студенттің кәсіптік кұзіретін қалыптастыруда маңызды орын алады [3].

Осы кезеңге дейін орыс аудиториясына қазақ тілін оқытудың түрлі амал-тәсілдерін қолданылып келді, әлі де қолдана береміз. Десек те бірде бір оқытушы не әдіскер-лингвист «нақты бір әдісті ғана қолданамын» деп айта алмайды. Себебі оқытушының негізгі мақсаты – әдістің түр-түрін саралау емес, алдында отырған студентті қалай да сөйлетіп, тілді меңгертіп шығару болып табылады. Ол қандай әдіспен өтсе де, бастысы – нәтижесі сенімін ақтаса болғаны. Соған орай алдына келген студенттің тілді үйренудегі мақсаты, талап-тілегі, ынта-жігері, қарым-қабілеті, тілге бейімділігі де ескеріледі.

Тілді меңгерту – өте күрделі, әрі қиын іс. Оны оқыту барысында талай кедергілерге жолығып, жетістіктерге қол жеткіздік. Қиындықтарды атап айтқанда, алдымен талай жылдар бойы қазақ тілінің құрылымдық жүйесін оқыттық. Алайда бұл әдіс-тәсіл жеткілікті нәтиже бермеді. Себебі, тіл білімі салалары жеке-жеке жүйесіз оқытылып, тілдік тұлғаның сұранысы қанағаттандырылмады. Тілдік тұлға үйренген материалдарын қатысымда қалай қолдану керектігіне машықтанбады. Осыған байланысты тілді қатысымдық тұрғыдан үйрету талабы туындады. Яғни, тіл үйренушіге грамматикалық құрылымдарды түгел жаттамай-ақ өзіне қажетті сөйлеу үлгілерін, дайын клишелерді қолдану тиімдірек болды. Өзінің айналасы, ортасы туралы қажетті түсінікті жеткізе алса болды. Алайда, адамдармен қарым-қатынас барысында қандай жағдай болатынын ешкім дөп басып айта алмайды. Дайын құрылымдардан тыс сөйлемдер, сұрақ-жауаптар, грамматикаға қажеттілік туындап жатады. Міне, осы тұста тіл үйренушінің тығырыққа тіреліп қалатын тұстары болды. «Грамматиканы оқытпай-ақ тілді үйренудің» мұндай әдіс-тәсілдері грамматикалық құрылымдарды қажет етті.

Жаттығулар – диалог құрылымына сәйкес түрлі сұрақтар мен жауаптардан құрылған тапсырмалар. Грамматика индуктивті түрде беріледі, ереже практикалық тұрғыда жалпылама түсіндіріледі.

Аудиолингвалды әдіс – тілді екінші тіл ретінде оқыту үдерісінде басымдылыққа ие болып отырған әдіс. Бұл әдіс Американың психология ғылымында бағыт алған және оның негізінде адамның мінез-құлқын тану, сондай-ақ оның психикасына әсер ету арқылы жаттықтыру түріндегі тапсырмаларды орындау. Аудиолингвалды әдістің ең басты ұстанымы – ауызша сөйлеуге үйрету. Ал грамматика тек қана оқығанын түсіну және жазба жұмыс үшін қажеттілікке ие болады. Сабақтың негізгі құрылымы – диалог тыңдау, қайталау және оны есте сақтау. Сөздерді дұрыс дыбыстау, қатені өз уақытында түзетуге байланысты және курсанттың қызығушылығын тударатындай диалог мәтінін бейімдеу. Сондай-ақ диалог мәтініндегі негізгі клишелер мен репликалар қайталау мен жаттығулар орындау үшін тандалады. Осы репликаларды әуелі хормен, одан соң жеке-жеке қайталайды.

4. Сөздерді дұрыс дыбыстауға, олардың жасалымы (артикуляция), естілімі (акустика) және айтылымына көп көңіл бөлінеді. Ана тіліндегі дыбысталу ұстанымына сәйкес тапсырмалар орындалады. Аталған әдісті тиімді қолдану жолдары төмендегідей:

1) тілді үйрету жылдам және материалдарды автоматтандыруды қамтамасыз ету мақсатында орындалады;

2) түрлі жаттықтыру түрлері орындалады: қайталау, белгілеу, таңдау, музыка аясында хормен айту, т.б.;

3) екпінге, интонацияға көңіл бөлінеді;

4) қиын сөздердің түсіндірмесі қарапайым үлгіде беріледі.

Дизайнерлік әдіс. Бұл әдісті алғашқы рет 1972 жылы С. Gattegno, кейін 1982 жылы ғалым Г. Лозанов ұсынған. Бұл әдіс – адамның ми қыртысының жұмыс істету әрекетіне құрылған. Аталған әдістің негізінде түрлі-түсті бояу, сызба, музыка әуендері орын алады. Бұл әдістер психология және психотерапия (өзін-өзі иландыру, зейнелі, жағымды мінез-құлық әрекеті) ұстанымдарына бағытталған және оны А1-А2 деңгейлерінде өте тиімді қолдануға болады. Әдістеме ғылымында аталған әдіс үлкен жетістіктерге жетудің амал-тәсілдерін оқу үдерісіне енгізген:

1) Курсанттың жауапкершілігі үлкен: сөздерді және дыбыстарды дұрыс айта білуге дағдылану (фонетикаға қатысты).

2) Оқытушы сабақта тек қана ойын түріндегі ситуациялық тапсырмаларды ұсынады: курсанттың іс-әрекетке түсу процесін, жаңа сөздерді дұрыс қабылдап, оны сауатты айта білуін қадағалайды.

3) Курсанттың берілген тапсырма бойынша креативтілік іс-әрекет жасауы және жедел ойын жеткізе білуі де осы тәсілдің тиімділігінде жатыр. Аудиторияда белгілі бір музыка аясында түрлі тапсырмалар орындалады.

Тілді оқытатын оқытушы тіл сабақтарында келесі міндеттерге назар аударуы қажет:

1) сабақты қызықты және тартымды өткізу үшін мотив туғызу;

2) сөйлеу әрекеті түрлері арқылы курсанттың қызығушылығын арттыратын тақырыптарды іріктеп, қолдана білу;

креативті-шығармашылық тұрғысындағы сабақ ұйымдастыру (ойын түріндегі, шығармашылық шешім қабылдау түріндегі, пікірталас сабағы т.б.);

дағдысын қалыптастыру сабақтары: лексикалық және грамматикалық дағды, ойын жеткізу, қарым-қатынас құру, коммуникативтік бағытында ұйымдастыру;

сабақ түрлері: оқу, жазу және есту білігін қалыптастыруға құрылуы.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту өрнектері: тұсаукесер (практикалық, лексика-грамматикалық), сабақтағы әдістер тиімділігі және тілді қабылдау, бекіту. Сабақ кезеңдері. Оқыту контенті (мазмұны)

1. Сабақтың тұсаукесері. Оқытушы курсанттардың қатысымдық сөйлеу дағдысы мен білігін қалыптастыруда лексиканың мағынасы мен қолданылуына (жағдаяттық тапсырмаларды орындауға қатысты) дұрыс таңдау үшін сабақ материалын зерттеп алады. Оқытушы оқу материалдарын түсіндіру және жүзеге асыруда бірнеше рет қайталап, иллюстрацияларды пайдаланып, курсанттың лексика мен грамматиканы меңгеруіне ықпал жасайды. Сабақ өрнектері: үйрену, белсендіру және қолдану.

2. Сабақтағы тиімді әдістер үйренетін материалдарды жаттықтыру мақсатында өнімді инновациялық әдістерді (тура, саналы-практикалық, аудиовизуалды, аудиолингвалды, оқылым, дизайнерлік әдістер) тиімді қолдануы тиіс. Сабақта түрлі коммуникативтік жаттығулар орындалады.

3. Тілді қабылдау. Сабақтағы тілді оқыту процесі бақылаушылық сипатта өткізіледі. Курсант ауызша және жазбаша сөйлеу кезеңінде меңгерілген материалдарды өзіндік дағдысымен қолданады, ал оқытушы оның іс-әрекетін бақылайды.

4. Дамыту, бекіту. Өрнек ұстанымы: байқау, болжам жасау, дамыту және бекіту. Сабақты өткізу кезеңдері дұрыс ұйымдастырылғаны жөн. Сабақ кезеңдерінде оқыту әдістерімен жаттығулар үнемі қолданылуы қажет. Сабақтағы оқыту кезеңдері шартты түрде мына тізбекте орындалады:

1) Ұйымдастыру кезеңі;

2) Жаңа материалды өту, таныстыру;

3) Жаттықтыру арқылы дағдысын қалыптастыру;

4) Түпнұсқалық, шектеулі материалдар мен түсіндіру өрнектері арқылы курсанттың тапсырмаларды орындап және нәтижеге жету мақсаты қойылады;

5) Сөйлеу әрекеті түрлерінде ауызша сөйлеуін дамыту;

6) Үй тапсырмасы: тексеру және жаздыру;

7) Бағалау. Сабақтағы ең негізгі материал – ол оқыту мәтіндері. Әдістемелік тұрғыдан келгенде, мәтіндер төмендегідей бөлінеді:

1) түпнұсқалық (аутентикалық). Тілді тұтынушының шынайы реалитетіндегі өнім: шынайы, өмірден алынған, газет-журнал мәтіні, телеарна жазбалары, көркем шығарма және т.б.

Арнайы құрастырылған оқу мәтіндері (бейімделген, т.б.). Осындай мәтіндерді іріктеген кезде оның дидактикалық қызметіне назар аудару қажет. Сондай-ақ оқу материалдарын таңдауда олардың тілді білу деңгейі міндетті түрде ескерілуі тиіс. Оқу мәтіндері алдымен мақсатты аудиторияға сәйкестендіріліп, дидактикалық жағынан өңделгені жөн. Себебі «оқу техникасын

жетік меңгермегендер үлгірімі жақсылармен өзі аутентті мәтінді оқуда қиындыққа кездесері сөзсіз. Тіл сабақтары – оқу үдерісінің шағын түрдегі ұйымдастыру бірлігі мен жиынтығы. Ал қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту сабақтарының жүйесі тілді меңгерту сабақтарының бірлескен топтамасы, яғни өтілетін тілдік және ауызша сөйлеу материалдары негізінде (мәтін, диалог) сөйлеу дағдысы мен білігін қалыптастыруды қамтамасыз ету болып табылады. Бұл туралы ғалым С.Г.Тер-Минасова «шет тілі сабақтары – ол мәдениетаралық қиылыстағы мәдени коммуникацияны қалыптастыратын жағдай, себебі шет тілінің лексикасы шетелдің мәдениетіне және әлемді тануға апаратын жол» деген ойын білдіреді. Осы мәселеге қатысты көптеген шетел және отандық ғалымдар еңбектерінде тілді екінші тіл ретінде оқыту сабақтарындағы қойылатын негізгі талап – коммуникативтік құзіретті қалыптастыру екендігін дәлелдейді.

Мәдениеттану аспектісіне берілетін өрнек. Үйретушілік аспекті. Танымдық аспекті. Дамытушылық аспекті. Тәрбиелік аспекті. Мәдениеттану аспектісі.

1. Жаңаша тілдік ақпаратты тану.

2. Лексика және грамматикалық оқу материалдарын түсіну.

3. Мәтін арқылы ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Зерттеушілік, мәселелік, жобалық материалдарды танымдық жағынан шешімін табу.

2. Алған әсерін, сезімін есінде сақтай алу қабілетін қалыптастыру 3. Қарым-қатынасқа түсуде сөйлеу әрекеті түрлерінде дағдысы мен білігін қалыптастыру

1. Тілдік және сөйлеу қабілетін дамыту.

2. Қатысымдық әлеуетін дамыту.

3. Ауызша сөйлеуге дағдылану, сөйлеуді қолдау, дамыту

1. Ұлттық сана, ізгілік, тазалық, ел мәдениетіне дұрыс көзқарас.

2. Жұптасымен әңгімелесу, бірлік, ынтымақ құра білу.

3. Басқаны тыңдау, басқа елдің тілін құрметтеу. Төзімділік таныту

1. Екі ел мәдениетіндегі ерекшеліктер мен ұқсастықтарды бағалау.

2. Тіл – мәдени сұхбат негізі, елтаным және мәдениеттаным ақпарат дереккөзі Қ. Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында халқымыздың ұлы перзенті Абайдың мерейтойына қатысты ойын былайша сипаттайды: «Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады» және «біздің міндетіміз, ең алдымен, білім беру саласын заманға сай дамытуымыз керек», – дейді. «Бұл – сапалы білім беру ісін жетілдіруге арналған қадам, ал қазіргідей жаңа тарихи жағдайда бәріміз ана тіліміздің дамуы мен дәріптелуіне назар аударуымыз керек», – деп ойын тұжырымдайды. Демек, Абай шығармаларын тілді оқыту үдерісінде тиімді қолданып, Абайдың «толық адам»: түсінігіне сай тілдік тұлғаны қалыптастыру керек. Сабақта мәселелік технологияны қолдану ұтымды болуы тиіс. Мәселелік технология – қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда курсанттың теориялық және практикалық міндеттер мен тапсырмаларды өзіндік тұрғыдан шешім қабылдау білімі. Ал оқытушы мұндай шешімді қабылдауына мүмкіндік беретіндей сұрақтарды қолдануы керек, себебі курсант мәселелік жағдаятқа қатысты ізденеді, ойлайды, сезімін білдіреді және салыстырады. Мысалы, мәселелік тапсырма өрнегін қарастырайық. Бұл өрнек Абай өлеңіне қатысты ұсынылып отыр.

Сұрақ: 1. Абайдың қазақ қоғамы, ғылым, мінез-құлық туралы айтқан ойлары қазіргі уақытпен байланысты ма?

2. Абайдың ғылым, білім, талап, еңбек, рақым туралы айтқан ойлары қазіргі қоғамның алдында тұрған маңызды мәселе екені даусыз. Сендер қалай ойлайсыңдар? Өздеріңнің ойларыңды дәлелдендер, шешімін ұсыныңдар. Тақырыпты талқылау үшін топ екіге бөлінеді: негізгі ойды дәлелдеуші топ және сыни пікір айтушы топ. Үйретушілік аспекті оқуға арналған мәтіндік материалдар, яғни өлең мәтіні (түпнұсқалық) көркем шығарманы оқу және қабылдау өте күрделі, сондықтан оқытушы сабаққа даярланғанда, оның мазмұнын түсінетіндей тапсырмаларды әзірлейді. Абай – қазақтың ұлы ақыны. Ол өлеңдерінде өзінің танымдық, өмірден түйген тұжырымдарын, терең ойларын (ғылым, тәрбие, адами мінез-құлық, т.б.) шебер жеткізе білген. Мәдениеттану аспектісі Ғылым таппай мақтанба Кіріспе сөз: Ақын бұл өлеңінде жастарды өнер-білімге, еңбек етуге шақырады. Тапсырмалар:

1) Өлеңнің тақырыбын оқыңдар.

– «Ғылым» сөзін қалай түсінесіңдер?

- Өлең кімдерге арналған?
- «Өнер, білім, ғылым» сөздерімен сөйлем құрастырындар.

–

Оқылым Тыңдалым (CDдискіден немесе оқытушының мәнерлеп оқығанын тыңдау)

2) Өлең шумақтары мен әрбір өлең жолын мәнерлеп оқындар.

Мәтін/ өлең жолдары мәтіндегі қиын сөздердің түсіндірмесі

Ғылым таппай мақтанба,

Орын таппай баптанба,

Құмарланып шаттанба

Ойнап босқа күлуге.

Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол –

Адам болам десеңіз.

Тілеуің, өмірің алдында,

Оған қайғы жесеңіз.

Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер мал шашпақ –

Бес дұшпаның білсеңіз.

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым ойлап қой

Бес асыл іс, көнсеңіз.

Құмарлану-қызығу; шаттану-қуану; қашық болу-алыс болу; асық болу – бір нәрсені үйренуге асығу; тілеу-үміт, мақсат; қайғы жеу-мұңаю, өсек-біреуді сыртынан жамандау, мақтаншақ-мақтануды жақсы көру, еріншек-жалқау адам, бекер мал шашу-босқа жиған-тергенін, дүниесін шашу, дұшпан-қас жау, талап-жігер, ынта қанағат-барға ризалық, рақым-қайырымдылық көну – айтқанға жүру.

Танымдық аспекті. Сұрақ және жауап

1. «Ғылым таппай мақтанба» фразасын қалай түсінесіңдер? Ойлап көрейік: бірінші ғылым жолын тауып, одан кейін ғылымдағы жетістігіңе мақтану керек пе, әлде ол жолды іздеп, таппай тұрып мақтану керек пе?

2. «Құмарлану» деген сөзді қалай түсінесіңдер? Неге, қандай нәрсеге құмарлық керек?

3. «Уақытыңды бос өткізбе» деген тыйым сөздің мағынасына сәйкес келетін өлең жолын көрсетіңдер.

4. «Адам» деген ұғымды қалай түсінесіңдер? «Толық адам» болу үшін не істеу керек?

Тәрбиелік аспекті

1. Ақын «бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» деп нені айтқысы келді?

2. ХХІ ғасырда қандай бес нәрседен қашық болу керек, қандай бес нәрсеге асық болу керек? Ойлан, шешімін айт.

3. «Өмірің алдында» дегенді қалай түсінесіңдер? Сенің өмір сүру салтың, алдындағы мақсатың қандай болмақ? Әңгімелеп бер.

Дамытушылық аспекті

1. Жақсы адам, көркем мінезді адамды сипаттаңдар. Абай айтқан «жақсы мінез» сипатын дамытыңдар.

2. Адамға жат, жаман мінезді сипаттаңдар. Ондай адамға қандай кеңес бересіңдер?

3. Ақын кімдерге ұқсаңдар дейді? Неге?

4. Өлеңдегі негізгі ойды тауып, әрі қарай дамытыңдар.

Тілді үйрету үдерісінде аталған әдіс курсанттың жадында сақталған қорын (резерв) ашу, оның ойлауын және зияткерлік мүдделерін белсендіріп арттыру, әсерленуін оятудағы ерекшелігімен тиімді. Суггестопедия әдісінің аясында бірнеше әдістер пайда болды. Олар – ритмопедия, гипнопедия және релаксопедия. Бұл әдістердің негізгі ұстанымы: тілдік тұлғаның миындағы сақталған резервтік қорын белсендіру, басқаша айтсақ, білімді жадында ұзақ сақтауға, қызығушылығын арттыруға, әсерленуге жол салу. Курсанттың жадында сақталған қорын ояту және белсендіру мақсатында, әсіресе қарапайым (А1-А2) деңгейлерде аталған әдісті ұтымды

қолдана білу тілді үйрету және меңгерту үдерісін жылдамдатады, автоматтандырады. Мұндай әрекет әдістеме ғылымында топта жайлы жағдай туғызып, түрлі қиындықтарды жеңіп, сабақта белсенді әрекет иесі болуына, сенімге, тілді үйренудегі әсерге, ынталылыққа мүмкіндік береді. Сабақта оқытушы оркестрді басқарушы – дирижер, курсант – субъект, іс-әрекет иесі. Заманауи әдістердің ішінде интерактивті оқыту бағытындағы суггестопедия және дизайнерлік әдістердің алатын орны ерекше деуге болады. Оған себеп –курсант сабақта жүргізушінің рөліне еніп, диалог өрнегінде өзінің іс-әрекеті арқылы ән әуені аясында материалды жылдам есінде сақтап және қабылдап, шығармашылық белсенділігін көрсетеді. Ал оқытушы аталған әдіске сәйкес тілді оқыту табыстылығына жету үшін топта жайлы жағдай туғызуға әрекет жасайды. Мәтіндік материал арнайы таңдалған ән әуенінің көмегімен курсанттың кейіпкер рөлінде жауапкершілікпен өзін еркін сезініп, сөздерді есінде сақтауына мүмкіндік береді. Бұл әдісті сабақта қолданудың мақсаты – ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Диалог мәтіні табиғи әрі күнделікті қарапайым жағдаятқа құрылады. Мұнда сұрауға басымдық танытады, сұрақ-жауап түріндегі диалог репликаларын есінде сақтау әрекетінде сөйлеуді жүзеге асырады. Ал сөйлеу жағдаяттары (ситуация) өзара тығыз байланыстағы сюжетке құрылуы тиіс. Диалогта әңгіме-ақпараттық сипаттағы репликалар кездеседі. Грамматика арнайы қарастырылмайды, ол тілдік құрылымда қолданылуы керек. Диалогпен жұмыс (оқытушы үшін) Курсанттар диалогты дискіден немесе оқытушының мәнерлеп оқығанын музыка аясында 2-3 рет тыңдап, одан кейін өздері бірнеше рет қайталап есінде сақтауға бейімделеді. Диалог мәтінін екі-үш рет тыңдап және қайталап алғаннан кейін, әңгімелесушімен бірлікте интерактив қарым-қатынасқа түседі.

Қорыта айтқанда, оқытушы мынадай әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алғаны жөн:

1. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту үдерісінде оқу материалдарын, тілдік бірліктерді міндетті түрде тілді тұтынушының ана тілінде түсіндіру керек.

2. Оқытушы тілді меңгертуде қойылған мақсатқа сәйкес билингвалды оқыту әдісін, сабақтар тақырыбы, мазмұн, коммуникативтік және мәдениеттанымдық құзіреттілікті қалыптастыру үшін сөйлеу әрекеті түрлерін, заманауи технологияларды, техникалық құралдарды кешенді қолдана білуі қажет.

3. Мәдениеттанымдық қатысымды (тіл үйренуші тұлғалардың екі мәдениет тоғысында қатынас құруы мен тілге құрметпен қарау) орнату мақсатында мәдениетаралық дидактика негіздеріне сүйенуге әрекет жасау.

4. Оқытушы курсанттың есте сақтау әрекеттерін, тілді саналы қабылдауын, көріп-байқау, есту мүмкіндіктерін үнемі назарында ұстаған жөн.

5. Оқытушының біліктілігі, кәсіби құзіреттілігі және тілді оқыту стратегиялары мен тактикаларын меңгерген маман болуы міндетті.

6. Оқытушының әлеуметтік-мәдени құзіреті қалыптасуы мен түрлі ұлттар мәдениетінен біліктілік, даралық (ақпаратты ала білу және беру мен өзін-өзі бағалау), оқыту үдерісіндегі тілдік-лингвистикалық құзіреті (өзінің ана тілінен тілдік және сөйлесімдік білімі жоғары деңгейде болуы), мәдениетаралық-қатысымдық құзіретіне (шынайы табиғи реалияны білетін, тілдік тұлғаға тәрбие бере алатындай әлеуеті болуы) ие кәсіби маман болуды игеру.



ЖАНДЫБАЕВА

Сауле Сериковна

старший преподаватель кафедры
общеобразовательных дисциплин Алматинской
академии МВД Республики Казахстан
им. М. Есбулатова, м.г.н.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ДЛЯ КОНТРОЛЯ ЗНАНИЙ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

В связи с глобализацией образовательного процесса сформировался новый набор требований к системе образования высшей школы. Использование цифровых технологий в образовательном процессе – это понятие с широким значением, поскольку оно включает в себя не только аудиторное обучение, но и работу учащихся с компьютером. Цифровые технологии в образовательном процессе – это использование информационных технологий на всех уровнях. С развитием информационных технологий применение цифровых инструментов в различных сферах жизни становится обычной практикой. Цифровизация затрагивает и образовательный процесс. В большей степени, чем прежде, в обучении используются новые, в том числе мобильные технологии. Поколение, обучающееся в вузах и школах гораздо чаще использует цифровые инструменты для решения своих задач [1, с. 6].

Цифровые образовательные технологии – это инновационный способ организации образовательного процесса, основанный на использовании упрощенных электронных систем, обеспечивающих наглядность и доступность учебного материала. При этом цифровые технологии повышают качество, эффективность образовательного процесса, а также позволяют быстрой и успешной социализации студентов т.е. консолидации их в (ряды неформально определенных социально нормативных правил среди студентов) [2, 235]. Цифровые технологии обеспечивают условия для дифференциации, то есть разветвления образовательного процесса, его направления в соответствии с потребностями каждого учащегося, предоставления заданий, соответствующих уровню его усвоения, и тем самым повышения качества образования. Использование цифровых инструментов помогает создать условия для того, чтобы учащийся стал активным субъектом образовательного процесса. Он переходит от пассивного восприятия к активным действиям и грамотно включается в выполнение заданий [3, с. 12].

Среди основных причин необходимости развития цифровых технологий в системе образования многие исследователи рассматривают сокращение объема аудиторных занятий и увеличение доли самостоятельной работы студентов. Поэтому в целях сохранения и повышения качества образования активно внедряются цифровые образовательные технологии, которые выполняют нелёгкую задачу своевременного устранения некоторых пробелов в обучении, обеспечивают взаимодействие преподавателя со своими студентами. Среди возможностей цифровых технологий в подготовке студентов отмечаются следующие:

- повышение мобильности выполнения заданий и изучения материалов (конкретность задач);
- повышение вовлеченности, мотивации и интереса студентов к учебному процессу;
- индивидуализация учебного процесса, активизация процесса самостоятельности и познания;
- повышение наглядности и занимательности подачи материалов (повышение уровня любознательности);
- упрощение коммуникации, общения между учащимися, преподавателями и родителями;

- обеспечение моментального доступа студентов к результатам сразу после выполнения задания;
- сокращение бумажной волокиты для преподавателей и студентов;
- доступ к получению большого объема информации, в том числе за пределами учебного курса;
- появляется возможность использовать дистанционные технологии и получать знания из любой точки мира, подключенной к Интернету;
- возможность использования онлайн-курсов обучения различных типов.

Вышеуказанные возможности цифровых технологий в настоящее время можно осуществлять следующими коммуникационными методами обучения:

1. Обучение с помощью мобильной связи.
2. Использование облачных технологий
3. Применение онлайн-курсов
4. Методы обучения геймификации и веб-квестов [4, с. 168].

В настоящее время технология мобильной связи наиболее востребована в образовательных учреждениях. Приспосабливаясь к новой реальности – например, вместо того, чтобы запрещать студентам пользоваться мобильным телефоном в аудиториях, преподаватели заинтересованы в том, как сделать гаджет частью интересного учебного процесса. Благодаря его использованию становится возможным совместная работа и взаимообмен со знаниями наиболее удобным и эффективным способом. Субъекты учебного процесса могут обмениваться материалами удаленно, внутри своей группы, используя беспроводные сети, инфракрасные функции портативного персонального смартфона, благодаря совместным применением своих карманных устройств. Облачная технология обладает возможностью удобного доступа к сети, которая с помощью минимальных команд управления может осуществлять сбор, обработку и распространение большого количества данных, т. е. облако позволяет распределять, обрабатывать и хранить данные. Опираясь на эти технологии, можно удаленно проводить групповые и командные практические занятия между преподавателем и студентами. [5, с. 322]. Например, можем создавать исследовательские проекты, отчеты, презентации для небольшой группы, в которых каждый студент отвечает за свой раздел учебной работы, но также может одновременно редактировать и модифицировать другие блоки. Изменения, внесенные каждым студентом, синхронизируются в документе с общим доступом. Облачные технологии могут быть применены на основе дистанционного обучения [6, с. 156].



Другой пример; преподаватель в электронной системе университета может размещать домашние задания, практические работы и другие письменные задания, где задачей студента является выполнение упражнений в документе, созданном преподавателем. Это могут быть следующие типы заданий: заполнение таблицы или заполнение пробелов в тексте, ответы на вопросы или продолжение мысли. Во время выполнения работы преподаватель проверяет задания, поскольку у него есть доступ к документу. Таким образом, данная технология основана на инклюзивном образовании, при котором каждый субъект образовательного процесса имеет возможность использовать персональные технические средства, такие как планшет, компьютер, ноутбук, смартфон и т.д.

Существует ряд информационных систем, которые прямо или опосредованно используются в образовательном процессе. Чаще всего такие системы применяются для облегчения процесса обучения, для визуализации объясненного материала, для упрощения процессов тестирования или проведения экзаменов.


Цифровые технологии – это также возможность сделать процесс обучения более интересным, придав ему игровую форму. Это называется «Геймификация» (англ. Game – игра), характеристиками которой являются соревновательность; разные по сложности уровни; рейтинг достижений; подсчет полученных баллов оценка и поощрение. Особенность геймификации интерпретируется следующим образом: учебные материалы выводятся преподавателем не в виде традиционных лекций, и не транслируемых в эфир, а поиск и нахождение нужного материала достигается самостоятельно самим студентом [9, с. 38]. Это дает возможность интегрировать цифровые технологии и интернет – ресурсы в учебном процессе образовательного учреждения, в

результате их применения формируются профессиональные компетенции студентов. Геймификация позволяет студентам организовывать научно-исследовательскую деятельность, посредством сочетания игровых и социальных мультимедийных технологий [10, с. 104].


В данной статье хотелось бы поделиться опытом именно использования игровой викторины по игровой программе – **Quizizz**. Использование данной программы дает возможность в игровой форме, в любое время не зависимо от расписания занятия подготовиться к промежуточным и итоговым контролям. Для начала работы необходимо через свой аккаунт зарегистрироваться в данной программе. После того как Вы удачно зарегистрировались выбираем *панель учителя*




и слева появляется окно, где на выбор предоставлены, большая часть экрана предоставляет примеры похожих викторин других преподавателей, с которыми вы можете ознакомиться. Слева экрана нажимаем *создать новый тест*,



выбираем название нашей викторины и предметную область, переходим на следующий лист *редактор викторин*.



Редактор викторин предлагает нам такие виды вопросника как: большой выбор, флажок, заполнить бланк, опрос, неокончательный. **Большой выбор** выбирается если из нескольких ответов выбирается один. **Флажок** дает возможность выбирать несколько вариантов ответов. **Заполнить бланк**, когда курсанты должны самостоятельно записать ответ: слово или два. По умолчанию с справа можно увидеть дополнительные функции как язык, оценки, выравнивание и т.д., которые можно поменять при сохранении теста, а также время для каждого вопроса, которое является приемлемым для выполнения, по умолчанию же даются 30 минут. Мы выбираем 1.5 минуты на каждый вопрос так как по требованию например Гос. Экзамена дается данное время.



Итак, выбираем **большой выбор** открывается варианты вопросов, и мы записываем вопрос, следующие графы записываются варианты ответов, также вы можете записать аудио сообщение или загрузить картинку. Но программа выбирает только один из данных ответов или вопрос, или картинку, или аудио. В нашем случае целесообразно выбрать написание ответов, из которых курсант выбирает правильный.



В конце необходимо сохранить параметры и можно приступать к работе.

Геймификация позволяет повысить мотивацию студентов, активизировать учебно-познавательную, самостоятельную деятельность за счет применения соревновательного и визуализированного, наглядного подхода, направленные на решение практических задач. Геймификация направлена на решение практических задач любого уровня сложности, применение данной цифровой технологии способствует развитию поисковой деятельности, внутренних стимуляторов, таких как нравственные принципы, убеждения, самооценка и т.д.

Преимуществом применения цифровых технологий в сфере образования является индивидуализация образовательного процесса и его направленное воздействие на личность обучающихся. Таким образом, образование поднимается на новый уровень, при котором выступает приоритет не только выполнения требований программы, но и метод проведения обучения, учитывающему интересы и индивидуальные способности учащихся, и организацию работы в той области, в котором соответствует уровень подготовки и интерес студентов. Использование цифровых образовательных технологий расширяет мировоззрение учащихся, открывает перед ними новые возможности для передачи знаний в виде упрощенных концепций в простейшей структурированной и понятной форме. Среди достоинств также можно выделить минимизацию бумажной волокиты, упрощение работы преподавателей и обучения студентов. Студенты приобретают практические навыки. Использование цифровых технологий позволяет выйти на качественно новый уровень, который характеризуется наличием широкой доступности приобретения новых знаний.

Литература

1. Нажмудинов Х.Г., Нажмудинова М.Х. Применение информационных технологий в непрерывном образовании взрослых // Наука и образование сегодня. – №3(50), 2020. – С. 6-8.
2. Вишневская Г.В. Технологический подход в педагогическом процессе высшей профессиональной школы // Известия Пензенского государственного педагогического университета им. В.Г. Белинского. 2008. №6 (10). – С. 235-239.
3. Нажмудинов Х.Г. Некоторые вопросы повышения качества подготовки студентов при заочной форме обучения // Наука и образование сегодня. – №3(77), 2023 – С. 12-13.
4. Померанцева Н.Г., Сырина Т.А. Особенности формирования иноязычной социокультурной компетенции средствами массовых открытых онлайн курсов // Азимут научных исследований: педагогика и психология. 2017г. – Т.6. №4 (21) – С. 167-170.
5. Зайцев В.С. Современные педагогические технологии: учебное пособие. – В 2-х книгах. – Книга 1. – Челябинск, ЧГПУ. 2012. – С. 411.
6. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии ДОС: учебное пособие / Г.К. Селевко. – М.: Народное образование, 1998. – С. 256.
7. Муравьева Г.Е. Проектирование технологий обучения: Учеб. пособие для студентов и преподавателей пед. вузов, слушателей и преподавателей курсов повышения квалификации учителей / Г.Е. Муравьева. – Иваново, 2001. – С. 123.
8. Борытко Н.М., Соловцова И.А., Байбаков А.М. Педагогические технологии: Учебник для студентов педагогических вузов / Н.М. Борытко, И.А. Соловцова, А.М. Байбаков. Под ред. Н.М. Борытко. – Волгоград: Изд-во ВГИПК РО, 2006. – С. 59.
9. Ваганова О.И., Пирогова А.А., Прохорова М.П. Инновационные технологии в инклюзивном образовании // Инновационная экономика: перспективы развития и совершенствования. 2018. № 6 (32). – С. 36-40.
10. Мальцева С.М., Ваганова О.И., Алешугина Е.А. Технология разработки электронного учебно-методического комплекса по дисциплине «Педагогические технологии» // Инновации в образовании. 2019. №6. – С. 103-109.
10. Рыбцова Л.Л. Современные образовательные технологии: учебное пособие для бакалавриата и магистратуры / Л.Л. Рыбцова [и др.]; под общей редакцией Л.Л. Рыбцовой. – Москва: Издательство Юрайт, 2018. – С. 90.



СОЛТАНБЕКОВА

Гүлбақша Сарыбаевна

Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов
атындағы

Алматы академиясы қосымша білім беру
факультетінің аға оқытушы әдіскері
полиция подполковнигі,



АБЫЛКАСИМОВА

Айнур Шайзадақызы

Қазақстан Республикасы ІІМ
М. Есболатов атындағы Алматы
академиясының

әкімшілік-құқықтық пәндер кафедрасының аға
оқытушысы, з.ғ.м., полиция подполковнигі

БЕЙНЕ САБАҚТАРДЫ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

Жалпы ережелер

1. Бейне сабақ-оқу мақсатында көрсетілуге жататын бейнематериал.
2. Бейне сабақтар оқу процесінде:
 - жеке оқу қарқынының мүмкіндіктері;
 - материалды өзін-өзі дайындау және қайталау;
 - оқу материалын көрнекі көрсету;
 - курсанттардың зейіні мен есте сақтау қабілетін дамыту;
 - материалды зерттеудің тартымдылығы үшін қолданылады.
3. Сабақтың бейне мазмұны тақырыптық оқу жоспарына сәйкес болуы керек.
4. Материалды ұсыну нысаны оқытушының жеке ерекшеліктерімен, әдістемелік дайындығымен, педагогикалық біліктілігімен, сондай-ақ сабақтың мазмұны мен міндеттерімен, курсанттардың дайындық деңгейімен анықталады.
5. Бейне сабаққа арналған материалды таңдау ғылыми, қол жетімділік, көрнекілік принциптеріне сәйкес келуі керек.
6. Материалды іріктеу кезінде оның мазмұнды жарамдылығы қамтамасыз етілуі керек.
7. Авторлық емес бейне ақпарат авторлық құқықтар сақталған жағдайда бейне сабақтарға енгізіледі.
8. Бейне сабақтың ұзақтығы 10-20 минутты құрауы керек. Бейне сабаққа арналған материалды таңдау ғылыми, қол жетімділік, көрнекілік принциптеріне сәйкес келуі керек. Өйткені оның ерекшелігіне байланысты ол дәстүрлі дәрістерге қарағанда бөлек. Ұзақтығы 20 минуттан асатын дәрістер бөліктерге бөлінуі керек.
9. Бейне кескіні әр 1-5 минут сайын өзгеруі керек (бұрыш, графикалық ақпарат өзгереді).

Материал бойынша ұсынымдар:

1. Мәтіндік ақпаратты беру өте баяу, анық және табиғи үзілістерді қамтуы керек.
2. Бірінші бейне сабақта мынадай сұрақтар көрсетілуі тиіс: мақсаты, оқу-тақырыптық жоспар бойынша бөлінген сағат саны, курсқа арналған аудитория.
3. Бейне сабақтың басында тақырыпты, қарастырылып отырған мәселелерді, мақсаттар мен міндеттерді айту қажет.
4. Материалды ұсыну тыңдаушыны оны оқуға ынталандыруы керек, білім мен дағдыларды игеру қажеттілігін тудыруы керек, сондықтан бейне сабақтың басында, ортасында және соңында «неге бұл керек?»
5. Бейне сабақтың соңында қорытынды жасау қажет және курсанттардың қарауынан кейінгі тапсырмалардың бірін орындауды сұрау ұсынылады. Зерттелетін материалдың ерекшелігіне байланысты, сондай-ақ бейнематериалдардың түріне сүйене отырып, материалды беру процесінде тапсырманы орындауды ұсынуға болады.
6. Бейнематериал қызықты түрде ұсынылуы керек (сабақты өткізу тәсілі қызықты, жанды, көрнекі).
7. Бейне сабақтар мынадай талаптарды қанағаттандыруы тиіс:
 - оқу материалының жеткіліктілігі, айқындылығы, толықтығы, қазіргі заманмен байланыстылығы және құрылымдылығы;
 - оқу материалын күрделілік деңгейі бойынша ұсынудың көпқабаттылығы;
 - материалды құрудың блоктық схемасы;
 - семантикалық, сөйлеу екпіндерінің болуы;
 - ассоциативтілік және бейнелік;
 - ойнатудың қолжетімділігі;
 - интерактивтілік.

Бейнематериалдардың түрлері және оларға ұсыным

Лектордың бейнежазбасы - оқытушының оқу материалын аудиторияда баяндауын жазу.

Лектордың бейнежазбалары келесі талаптарды қанағаттандыруы керек:

- классикалық дәрісті қолданудан бас тарту және оны бейне форматқа аудару;
- материалды беру кезінде мұғалім камераға қарауы керек;
- бөлме жақсы жарықтандырылуы керек;
- маркер тақтасын немесе презентация материалын пайдаланыңыз;
- мұғалім ұқыпты келбетке ие болуы керек;
- мұғалімнің жест-ишарасы орынды болуы керек;
- камераның тартылуы мен тартылуының болмауы (пайдалану ұсынылады)

Бейне сабақтарды әзірлеу және пайдалану бойынша ұсынымдар:

Слайд – фильм-лектордың дауыстық түсініктемесімен бірге жүретін Оқу ақпаратының (слайд-презентациялар) бейнеролигі.

Слайд-фильм келесі талаптарды қанағаттандыруы керек:

- бір бейне сабағы 5-15 слайдтан тұруы керек;
 - слайд-фильм мазмұнының қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі;
- слайдтардағы ақпаратқа қойылатын талаптар:
- максималды ақпараттылықпен мәтіннің нақтылығы;
 - дәріс мәтіні түсінікті, түсінікті және қарапайым болуы керек;
 - емле ережелерін сақтау, мәтінді пунктуациялау, қысқарту және рәсімдеу ережелері;
 - ақпараттың слайдта көлденең орналасуы;
 - ең маңызды ақпарат экранның ортасында орналастырылады;
 - жазу суреттің астында орналасады;
 - мәтінді «ені бойынша», «сол жақ жиегі бойынша» немесе «ортасында» пішімдеу;
 - бір логикалық екпіннен артық емес болуы;
 - түс контрасты, жарықтылық, инсульт, жыпылықтау, қозғалыс;
 - мәтіннің фонға қатысты контрасты;
 - графикалық объектілерге қойылатын талаптар:
 - суретте «артық» бөлшектердің болмауы;
 - графикалық объектілерді пайдаланудың негізділігі мен ұтымдылығы;

- артқы фон (екінші) жоспардың элементі болуы керек;
- слайдтағы ақпаратты бөлектеу, көлеңкелеу, астын сызу, бірақ оны жасырмау керек;
- бір слайдта үш түстен артық пайдаланбау (біреуі фон үшін, екіншісі тақырыптар үшін, үшіншісі мәтін үшін);
- презентацияны безендіру стилінің (графикалық, дыбыстық, анимациялық) презентация мазмұнына сәйкестігі;
- дыбысқа қойылатын талаптар:
- оқытушының дауыстық түсініктемесінің үні психологиялық тұрғыдан ыңғайлы болуы керек;
- дауыстық мәтін мен кескіннің дәйектілігі мен қайталанбауы;
- бөгде шудың болмауы
- монтаждау талаптары:
- арнайы эффектілерді қолданудың негізділігі;
- музыканың кедергісіз болуы
- бірыңғай дизайн стилін қолдану.

Бейне сабақтарды әзірлеу және пайдалану бойынша ұсынымдар

5. Интерактивті бейне сабағы – мониторда оқытушының бейне бейнесі де, ілеспе иллюстрациялық материал да бір мезгілде көрсетілетін бейне сабақты өткізу нысаны.

Интерактивті бейне сабақтар келесі талаптарды қанағаттандыруы керек:

- бірнеше экран принципін қолдану;
- нақты анықталған мақсаттары мен міндеттері бар бейне сабақты жеке оқу эпизодтарына бөлу. Оларды кез-келген ретпен қайта пайдалану мүмкіндігі
- түрлі ақпарат арналарын біріктіру
- барлық визуализация құралдарын қолдану: бейне, анимация, сурет, кестелер, диаграммалар және т.б.;
- иллюстрациялық материалдың жақсы көрінуі;
- жеке оқу қарқынын таңдау мүмкіндігі;
- оқу материалын игеру сапасын бақылауға дейінгі барлық деңгейлердің интерактивтілігі

Бейне сабақты дайындау бойынша ұсыныстар

1. Бейне сабағын дайындау жоспарын жасаңыз.
2. Бейнематериалдың қандай түрін жасайтындығыңызды анықтаңыз.
3. Сценарийді мұқият ойластырыңыз және жасаңыз, сценарийді жазыңыз (болашақта оны мәтіндік файлға жақсырақ пайдалануға болады).
4. Экранның ажыратымдылығын және жазба жасалатын терезенің өлшемін алдын ала анықтаңыз.
5. Кірістіру үшін графикалық ақпаратты жасаңыз.
6. Дыбысты бейнемен бір уақытта жазыңыз.
7. Бірнеше қабылдауды жазып алыңыз, оларды қарап шығыңыз және ең жақсы нұсқаны таңдаңыз.
8. Дайын нұсқаны бірнеше күнге қалдырыңыз, содан кейін оны қайта қарап шығыңыз.

Бейне сабақтарын әзірлеу және пайдалану бойынша ұсыныстар

Тиімді қабылдау үшін презентация мәтіндерін құру бойынша ұсыныстар:

Тақырыптарда 6 сөзден аз болуы керек, содан кейін олар жақсы есте қалады.

1 Кесте.

Түстің психологиялық қасиеті

Түс	Психологиялық қасиеттері
Қара	Көңілсіз әрекет етеді, қайғы тудырады
Күлгін	Бірдей репеллент және тартымды, * кейбір жағдайларда қайғы тудырады
Жасыл	Тыныш, керемет көңіл-күй қалыптастырады, бай қауымдастықтар
Қызғылт сары	Көңілді, қуаныш тудырады, белсенділікті арттырады

Сары	Жылы, көңілді, қызықты әрекет етеді
Көгілдір	Тыныш, жүйке жүйесін тыныштандырады
Қызыл	Қызықты, белсенді, қауымдастықтарға бай
Ақ	Ол шаршатады, бос орын жасайды

2 кесте. Түс комбинациясының анықтығын бағалау

Түс комбинациясы	Анықтықты бағалау
Ақ фонда қара әріптер	Өте жақсы
Ақ фонда жасыл әріптер	Жақсы
Сары фонда қара әріптер	
Ақ фонда көк әріптер	
Ақ фонда қызыл әріптер	қанағаттанарлық
Сары фонда қызыл әріптер	
Қызыл фонда жасыл әріптер	нашар

Эллипстегі мәтін квадратқа немесе шеңберге қарағанда жақсы қабылданады.

6. Еуропалықтар солдан оңға қарай оқиды, сондықтан оң жағы жақсы есте қалады (көзқарас сонда тоқтайды). Беттің жоғарғы жағы, өз кезегінде, үлкен назармен оқылады.

7. Адам логикалық тұрғыдан өзара байланысты болған жағдайда, бір уақытта бес алты сөзден аспайтын көріністі сақтай алады.

8. Жақсы қабылдау үшін модуль жолы сегіз сантиметрден аспауы керек.

9. Мәтіннің басында және соңында екпін жасау керек, өйткені ол ортасынан жақсы қабылданады



ҚАЙРАТОВА

Арайлым Қайратқызы

Қазақстан Республикасы ІІМ

М. Есболатов атындағы Алматы академиясының
әкімшілік-құқықтық пәндер кафедрасының
оқытушысы, г.ғ.м., полиция лейтенанты

NEARPOD ЖӘНЕ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР ИНТЕГРАЦИЯСЫ: КУРСАНТТАРДЫ ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢАША АСПЕКТІЛЕРІ

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде цифрлық технологиялардың рөлі артып келеді, яғни үздіксіз даму үстіндегі әлемде цифрлық технологиялар әсіресе әскери және арнайы оқу орындарында оқу үдерісінің ажырамас бөлігіне айналууда [1]. Қазіргі білім беру технологияларының дамуымен оқытудың тиімді әрі қызықты тәсілдері үнемі жаңартылып отыр. Білім алушылардың білім сапасын арттыру мақсатында түрлі инновациялық құралдар мен әдістер енгізілуде [6, 42-43]. Осы тұрғыда Nearpod платформасы жоғары оқу орындарында, сондай-ақ әскери және арнаулы оқу орындарында түрлі оқу пәндерін оқытуда тиімді әрі интерактивті шешім ұсынады, яғни Nearpod платформасы мен мультимедиялық ойындардың интеграциясы – бұл оқыту әдістерін жаңартып, курсанттарға интерактивті әрі тартымды оқу тәжірибесін ұсынудың тамаша жолы. Бұл мақала Nearpod платформасы мен мультимедиялық ойындардың интеграциясы арқылы интерактивті оқытудың жаңаша аспектілерін қарастырады. Nearpod, мультимедиялық ойындар сияқты соңғы білім беру тәжірибелері мен құралдарын біріктіре отырып, курсанттарға арналған тесттер жасап оқу пәнін қызықты өткізу өзекті болып отыр [2, 34]. Себебі қазіргі уақытта виртуалды платформаларды қолдану өте маңызды, соның бірі Nearpod. Бұл басқа қолданбалар сияқты оқытушы мен курсанттарды біріктіретін ыңғайлы платформадың бірі болып табылады. Оқытушыларға сабақтарды нөлден жасауға, сондай-ақ бұрыннан қолданған материалдарын жүктеп түрлі ойындар, викториналар мен 3D кескіндемелер, түрлі тесттер құрастыруға мүмкіндік береді [2, 96].

Nearpod – білім беру процесін жеңілдетіп, интерактивті сабақтар құруға мүмкіндік беретін қуатты құрал. Ал мультимедиялық ойындар оқытуды ойын түрінде ұсыну арқылы білім алушылардың қызығушылығын арттырады. Екі құралды біріктіру арқылы оқу процесін қалай байытуға болатынын аңғаруға болады. Айтып өткеніміздей, Nearpod платформасы мультимедиялық контентті қолдайтындықтан, оны ойындармен біріктіру оқытуды одан да интерактивті әрі қызықты етуге мүмкіндік береді. Мысалы, Nearpod қолданушыларға әртүрлі мультимедиялық элементтерді (бейнемазмұн, суреттер, дыбыс жазбалары) сабаққа қосуға мүмкіндік береді. Мультимедиялық ойындар арқылы бұл элементтер оқыту барысында ойын түрінде қолданылып, білім алушыларды белсенді түрде қатыстыруға мүмкіндік береді [7].

Nearpod платформасының тиімділігі. Nearpod – бұл оқытушылар мен білім алушыларға интерактивті сабақтар өткізуге мүмкіндік беретін білім беру платформасы. Ол оқыту процесін жан-жақты ұйымдастыруға көмектеседі, соның ішінде:

1. Интерактивті сабақтар: Nearpod платформасы оқытушыларға оқыту материалдарын түрлі мультимедиа элементтермен байытуға мүмкіндік береді. Бұл тарих сабағында тарихи деректерді, карталарды, бейнемазмұнды және графиктерді енгізуге көмектеседі.

2. Қатысу мен ынталандыру: курсанттар Nearpod арқылы сабаққа белсенді қатыса алады. Оларды сұрақтарға жауап беруге, пікір алмасуға және тапсырмаларды орындауға ынталандыру үшін платформада түрлі интерактивті элементтер мен сауалнамалар қолданылады.

3. Сынақтар мен тесттер: Nearpod тесттер мен сауалнамаларды тікелей сабақ барысында ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл курсанттардың түсінігін тексеруге және қажет болған жағдайда түзетулер енгізуге жол ашады.

Nearpod платформасы арқылы тесттер құрастыру және курсанттардың нақты уақыт режимінде жауаптарын тексеру білім беру процесін интерактивті әрі қызықты етеді. Платформада *«Time to Climb»* деп аталатын ойын-формат әсіресе танымал. Бұл функция оқытушыға білім алушылардың білімдерін тексеру және бағалау үшін ойын элементтерін қосуға мүмкіндік береді.

Ендігі кезекте «Time to Climb» ойын форматының тиімділігіне тоқталсақ. «Time to Climb» – Nearpod платформасында қол жетімді қызықты және бәсекеге қабілетті викторина форматы. Оқытушы осы құралды пайдаланып, курсанттарға тарих пәнінен тесттер құрастырып, оларды нақты уақыт режимінде жауап беруге шақырады. Әр курсант өзінің жеке құрылғысында викторинаға қатысып, жауаптарын береді, ал нәтижелер бірден өңделіп, экранда көрсетіледі.

Қалай жұмыс істейді?

1. Тесттер құрастыру: оқытушы Nearpod платформасында тест сұрақтарын дайындайды. Бұл сұрақтар көп таңдау, дұрыс немесе бұрыс жауаптар, сәйкестендіру және басқа да түрлерде болуы мүмкін.

2. Ойын режимі: курсанттар тест сұрақтарына жауап беру барысында «Time to Climb» функциясын пайдаланып, оларды виртуалды тау шыңына көтерілетін жарыс ретінде көреді. Әр дұрыс жауап курсанттың тауға көтерілуін және ұпай жинауын қамтамасыз етеді.

3. Нақты уақыт режимінде жарысу: курсанттар нақты уақыт режимінде жауап бере отырып, бір-бірімен жарысады. Бұл формат тек білімді ғана емес, сонымен қатар жылдамдықты және дәлдікті де талап етеді.

4. Нәтижелерді талдау: Сабақ соңында оқытушылар Nearpod платформасында курсанттардың нәтижелерін көре алады. Бұл білімді тексеру және қай жерде жақсартулар жасау керектігін анықтау үшін пайдалы.

Енді осыған мысал келтіретін болсақ. Қазақстан тарихы сабағында «Time to Climb» функциясын пайдаланып, курсанттарға «Ұлы Жібек жолындағы маңызды сауда қалалары» тақырыбында викторина ұйымдастырылады. курсанттар бұл тақырып бойынша сұрақтарға жауап беріп, дұрыс жауаптармен тауға көтеріледі. Жарыс барысында олар бір-бірімен бәсекелесіп, өз білімдерін сынайды, ал оқытушы тест нәтижелерін нақты уақыт режимінде бақылап, курсанттарға кері байланыс береді.

Ендігі кезекте «Time to Climb» арқылы тест құрастыру жолдарын түсіндіреміз. Nearpod Платформасында «Time to Climb» Функциясын қолдану үшін төмендегідей іс-әрекеттер орындалады:

1. *Тесттің Тақырыбын Таңдау.* Тесттің тақырыбын анықтау – тест құрастырудың алғашқы қадамы. Бұл тақырып курсанттардың білімін нақты бір аспект бойынша тексеруге бағытталуы керек. Мысалы, Қазақстан тарихы сабағында тақырып «Ұлы Жібек жолындағы маңызды сауда қалалары» болуы мүмкін.

2. *Сұрақтарды Дайындау.* «Time to Climb» функциясында тест сұрақтарын дайындау бірнеше кезеңнен тұрады:

– Сұрақтардың Түрлерін Таңдау: бірнеше таңдау, дұрыс немесе бұрыс жауаптар, сәйкестендіру сияқты түрлі сұрақтар түрлерін таңдай аласыз.

– Сұрақтарды Жазу: Әр сұраққа бірнеше жауап нұсқаларын ұсынып, дұрыс жауапты белгілеу қажет. Мысалы, «Ұлы Жібек жолында қандай қалалар маңызды рөл атқарды?» деген сұраққа бірнеше сауда қалаларын таңдау ұсынылуы мүмкін.

– Көрнекілік Қосу: Егер мүмкін болса, сұрақтарға қосымша графиктер, суреттер немесе карталар қосу арқылы визуалды қолдау көрсетуге болады. Мысалы, қарастыратын тақырып – «Ұлы Жібек жолындағы маңызды сауда қалалары»

Тест сұрақтары:

1. Ұлы Жібек жолының Қазақстан арқылы өтетін негізгі бағыттарын көрсетіңіз:

– А) Сырдария және Тянь-Шань жолдары

– Б) Талғар

– В) Солтүстік Қазақстан жерлері

– Г) Астана

2. Ұлы Жібек жолы арқылы тасымалданған ең басты тауар түрі?

– А) Жібек

– Б) Шай

– В) Қант

– Г) Сәндік заттар

3. *Сұрақтарды Nearpod-қа Қосау*. Nearpod платформасында сұрақтарды қосу үшін:

– Кіру және Сессия Дайындау: Nearpod платформасына кіріп, жаңа сессия бастау қажет.

– «Time to Climb» Ойын Модулін Таңдау: Сессияда «Add Activity» (Белсенділік қосу)

батырмасын басып, «Time to Climb» модулін таңдаңыз.

– Сұрақтарды Құрастыру: Жаңа ойын модуліне сұрақтарды қосу үшін дайындалған сұрақтарды енгізіңіз. Әр сұраққа жауап нұсқаларын тіркеп, дұрыс жауапты белгілеңіз.

Ойын Конфигурациясы

«Time to Climb» функциясында ойынның параметрлерін реттеу:

– Уақыт Шектеуі: Әр сұраққа жауап беру үшін уақыт шектеуін орнатуға болады. Бұл жарыс элементін қосып, білім алушыларды жылдам әрі дәл жауап беруге ынталандырады.

– Таблицаны Дайындау: Ойын барысында білім алушылардың орындарын көрсететін топтық немесе жеке таблоларды орнату. Бұл білімді тексеру нәтижелерін нақты уақыт режимінде көруге мүмкіндік береді.

4. *Ойынның өткізілуі*

«Time to Climb» функциясы арқылы тест өткізу процесі:

– Сессияны Бастау: Ойын сессиясын бастау үшін Nearpod платформасында «Live Lesson» (Тікелей сабақ) режимін таңдаңыз.

– білім алушыларды жұмылдыру: білім алушыларға сілтеме арқылы қосылуды ұсынып, оларды ойынға қатысуға шақырыңыз.

– Нәтижелерді Қадағалау: Ойын барысында курсанттардың жауаптарын нақты уақыт режимінде бақылап, ұпайлар мен орындарын көре аласыз.

5. *Нәтижелерді Талдау*. Сабақ аяқталғаннан кейін:

– Нәтижелерді Бағалау: Nearpod платформасында тест нәтижелерін қарап, курсанттардың қай сұрақтарды дұрыс немесе бұрыс жауап бергенін талдаңыз.

– Кері Байланыс: курсанттарға нәтижелерді жариялап, қай жерде жақсартулар жасау қажеттігін түсіндіруге болады. Яғни Nearpod платформасының «Time to Climb» функциясы курсанттардың білімін тексеру мен бағалауды қызықты әрі динамикалы ету үшін қолданылады. Бұл ойын-формат курсанттарға нақты уақыт режимінде жарысу арқылы тест сұрақтарына жауап беруге мүмкіндік береді. Жоғарыда айтылғандай «Time to Climb» функциясы Nearpod платформасында тесттерді құрастыру мен өткізу процесін қызықты әрі динамикалы етеді. Сұрақтарды нақты уақыт режимінде жауап беру арқылы білімді тексеру және курсанттарды бәсекелестікке ынталандыру мүмкіндігі оқыту процесін тиімді әрі қызықты етуге көмектеседі. Тесттерді дұрыс құрастырып, ойынның барлық аспектілерін тиімді пайдалану оқытушыларға оқу нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді.

Тест сұрақтарына жауаптарды Nearpod арқылы жинау: білім алушылар Nearpod платформасында осы сұрақтарға жауап беріп, нәтижелері оқытушыға дереу көрсетіледі. Сондай-ақ тестке жауап беріп отырған курсанттар да өз нәтижелерін көріп отырады. Жоғарыда айтылғандай Nearpod платформасы Қазақстан тарихы пәнін оқытуда инновациялық әдістер мен тиімді құралдарды ұсына отырып, сабақтарды тиімді және қызықты етеді [8]. Сондай-ақ оқыту барысында ойындар мен сауалнамаларды қолдану да артықшылықтары бар, мәселен Nearpod платформасында мультимедиялық ойындар мен сауалнамаларды біріктіру арқылы курсанттардың өз білімдерін ойын түрінде тексеруге болады. Мысалы сабақ барысында Nearpod-тың сауалнама құралы арқылы курсанттарға тарихи оқиғалар туралы сұрақтар қойылса, ойын элементтері қосылған сұрақтар оқытушының дайындаған ойын модулінде көрсетіледі. курсанттар сұрақтарға жауап беру арқылы ұпай жинап, сабақты ойын түрінде өту арқылы

қызығушылықтарын арттырады. Бұл білім беру процесінің сапасын арттыруға, курсанттардың оқу мотивациясын жоғарылатуға және педагогикалық тәсілдерді жаңартуға мүмкіндік береді.

Nearpod білім беру процесінде. Nearpod - интерактивті сабақтар мен презентациялар жасауға, түрлі мультимедиялық ойындар, тесттер құруға арналған құрал. Әскери және арнаулы оқу орындарында ол оқытушылар мен курсанттар арасындағы өзара байланысты жақсарту үшін қолдануға болады. Nearpod артықшылықтарына мультимедиялық материалдарды біріктіру, нақты уақыт режимінде сауалнамалар құру, викториналар ұйымдастыру және кері байланыс жасау мүмкіндігі кіреді, бұл материалды тереңірек игеруге көмектеседі. арасындағы қарым-қатынасты жақсарту үшін қолданылады.

Курсанттарға арналған тесттер құру. Сандық платформалар арқылы тесттер құру және өткізу курсанттардың білімін тиімдірек және жүйелі түрде бағалауға мүмкіндік береді. Тесттерді әртүрлі қиындық деңгейлері мен тапсырма түрлеріне бөлуге болады, бұл курсанттардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес оқытуға көмектеседі және оқу үдерісінің сапасын жақсартады.

Оқытудағы мультимедиялық ойындар. Оқу процесінде мультимедиялық ойындарды қолдану курсанттардың мотивациясын, ынтасын арттырады, сонымен қатар динамикалық жағдайларда сыни ойлау мен жылдам шешім қабылдауды дамытуға көмектеседі. Әскери және арнаулы оқу орындарының контекстінде бұл әсіресе маңызды, өйткені ойын арқылы курсанттардың тақырыпқа қызығушылығын арттырып, берілген уақыт шеңберінде бір-бірімен жарыса отырып сұрақтарға жауап беру арқылы жылдам әрекет ету дағдыларын үйретуге мүмкіндік береді.

Nearpod платформасының артықшылықтарына тоқталар болсақ көп және әртүрлі оқу процесінің қажеттіліктеріне жауап береді. Міне, Nearpod-тың басты артықшылықтары:

1. Интерактивтілік.

Nearpod интерактивті элементтермен байытылған сабақтарды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. [4] Оқытушылар сабақ барысында білім алушыларды белсенді қатыстыру үшін сұрақтар, сауалнамалар, пікірталастар және ойын элементтерін қолдана алады. Бұл білім алушылардың қызығушылығын арттырып, оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

2. Мультимедиа қолдау

Nearpod платформасы оқытушыларға түрлі мультимедиа элементтерін (бейнемазмұн, дыбыстық жазбалар, графиктер, карталар) сабаққа енгізуге мүмкіндік береді. Бұл оқу материалдарын түсінікті әрі визуалды түрде ұсынуға көмектеседі, әсіресе тарихи деректер мен оқиғаларды түсіндіруде өте пайдалы. [2,95]

3. Сабақ жоспарын оңай құру

Nearpod оқытушыларға сабақ жоспарын құруды жеңілдетеді. Платформада дайын шаблондар мен құралдар бар, олар арқылы мұғалімдер өздерінің сабақтарын жылдам және тиімді құра алады. Сабаққа қажетті элементтерді қосу және оны білім алушылармен бөлісу қарапайым әрі ыңғайлы.

4. Білім алушымен жеке қарым-қатынасы.

Nearpod курсанттардың жеке оқу қарқынына сәйкес сабақтарды реттеуге мүмкіндік береді. Оқытушы білім алушылардың өздерінің қарқынымен жұмыс істеуіне мүмкіндік бере алады және оқу материалдарын өз қажеттіліктеріне қарай бейімдей алады.

5. Бағалау және кері байланыс

Nearpod тесттер мен сауалнамаларды тікелей сабақ барысында ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оқытушылар курсанттардың жауаптарын нақты уақыт режимінде көре алады, бұл олардың білімін бағалау мен кері байланыс беруді жеңілдетеді. курсанттардың нәтижелері автоматты түрде жиналып, талданады, бұл оқу процесін жетілдіруге көмектеседі.

6. Қол жетімділік

Nearpod платформасын компьютер немесе мобильді құрылғы арқылы қол қолдануға болады, бұл сабақты кез келген жерде және кез келген уақытта ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оқытушы мен курсант үшін платформаға кіру және оны пайдалану ыңғайлы. Алайды бұл тек интернет желісі жақсы жұмыс істейтін арнайы құрылғылармен жабдықталған кабинеттер мен оқу аудиторияларында ұйымдастыруға қолайлы.

8. Аналитика мен есеп беру

Nearpod платформасы оқытушыларға сабақтардың тиімділігін талдауға мүмкіндік береді. Платформа оқу процесінің әртүрлі аспектілері туралы статистика мен есептер ұсынады, бұл оқыту әдістерін жетілдіру үшін маңызды ақпарат береді.

Nearpod платформасы оқыту процесін интерактивті әрі тиімді етуге мүмкіндік беретін көптеген артықшылықтарға ие. Интерактивті сабақтар, мультимедиа қолдау, оңай сабақ жоспарын құру, курсанттардың жеке қарым-қатынасы, бағалау және кері байланыс мүмкіндіктері Nearpod-тың білім беру процесінде ерекше орнын көрсетеді. Бұл құрал оқу материалдарын ұсыну мен білім алушылар білім сапасын арттыруда үлкен рөл атқарады. Жалпы Nearpod, тест құру және мультимедиялық ойындар сияқты цифрлық білім беру технологиялары Қазақстан Республикасының әскери және арнайы оқу орындарындағы заманауи оқу үдерісінде басты рөл атқарады. Олардың интеграциясы оқыту сапасын арттыруға және білімді тиімді игеруге ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы сын-қатерлер мен қауіп-қатерлер жағдайында тиімді әрекет ете алатын жоғары білікті мамандарды даярлауға да ықпал етеді [2]. Бұл бірегей платформа мен мультимедиялық ойындардың интеграциясы оқыту процесін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Интерактивті және ойындық элементтерді қолдану арқылы оқытушылар курсанттарға қызықты әрі тиімді оқу тәжірибесін ұсына алады. Бұл әдістер білім алушылардың оқу мотивациясын арттырып, олардың белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Nearpod платформасы мен мультимедиялық ойындардың үйлесімді интеграциясы арқылы білім беру процесі заманауи әрі тартымды болып, оқу нәтижелерін жақсартуға ықпал етеді. Nearpod-білім алушыларға сауалнамалар, викториналар, ашық сұрақтар және басқа интерактивті элементтер арқылы білім алушыларды оқу процесіне тартуға, қызығушылығын арттыруға мүмкіндік беретін интерактивті ойындар, презентациялар құруға арналған платформа. Бұл ақпаратты беру ғана емес, сонымен қатар білім алушылардан жылдам кері байланыс алу құралы. Сол себепті Nearpod икемділігі мен қол жетімділігі арқасында мектептерден бастап жоғары оқу орындарына дейінгі әртүрлі білім беру мекемелерінде қолданылуы керек деп есептейміз.

Әдебиет

1. «Цифрлы Қазақстан» Мемлекеттік бағдарлама. – Астана, 2017.
2. Бузаубакова К.Д., Беделбаева А.Е. Цифрлық білім беру ортасындағы педагогтің қызметі: Оқулық/К.Д.Бузаубаева. А.Е. Беделбекова. – Тараз: «ИП Бейсенбекова А.Ж.», 2023, – 128 б.
3. Сардарова Ж.И. Білім беруді жаңарту жағдайында бастауыш мектепті ақпараттандырудың теориясы және практикасы: педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2008 жыл. – Б. 341.
4. Сарсенбаева Н.Ф., Мырзахметова Б.Ш., Адылбекова Э.Т. Цифровизация образования в Республике Казахстан // Мир педагогики и психологии: международный научно-практический журнал. – 2021. – N1.
5. Хожиева М.С., Тухтамишова Г.М. МУЛЬТИМЕДИЙНЫЕ СРЕДСТВА ОБУЧЕНИЯ И СОВРЕМЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ // Universum: технические науки: электрон. научн. журн. 2022. 6(99)
6. Акабиров Л.Х., Атаева Г.И. Особенности уроков с применением информационных технологий // Проблемы педагогики. – 2020. – №.2 (47). – С. 42-43.
7. Атаева Г. И., Асадова О. А. Проблемы и решения в преподавании информатики // ПРИОРИТЕТНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ: сборник статей XX Международной научно-практической конференции. – 2021. – Т. 1. – С. 169-171.
8. Малик С., Агарвал А. Использование мультимедиа как новой образовательной технологии // Международный журнал информационных и образовательных технологий, Vol. 2, №5, октябрь 2012г.



СЕРУБАЙ

Асель Канатовна

преподаватель кафедры общеобразовательных
дисциплин Алматинской академии
МВД Республики Казахстан
им. М. Есбулатова, м.п.н.

INTEGRATION OF MODERN DIGITAL EDUCATIONAL TECHNOLOGIES INTO THE TEACHING FOREIGN LANGUAGES

Internet technologies are a comprehensive information environment implemented on the Internet, through which you can receive, store, transfer and use knowledge in the form of information, it is a fundamentally new organizational and methodological infrastructure for information exchange, which can be used by absolutely anyone with an Internet connection. The main function of Internet technologies is the dissemination of information ports, through which they form a global space. This includes various websites, forums, online conferences, chat rooms, social networks and much more that can be found on the Internet [1]. In addition, Internet technologies have a beneficial effect on the adaptation of first-year students to study at a university [2], and also help with the personal development and education of students in extracurricular work. In the rapidly evolving landscape of education, the integration of modern digital technologies has revolutionized teaching methods across various disciplines, including foreign language education. The shift towards digital platforms has not only enhanced engagement and interactivity but also provided educators with innovative tools to cater to diverse learning styles and preferences. This article explores the impact of digital technologies, such as Kahoot quizzes and other digital tools, in enhancing the effectiveness of teaching foreign languages.

Modern computer technologies, especially Internet technologies, are the most suitable for use in teaching foreign languages today. They allow teachers to solve a variety of educational tasks:

1. To stimulate sustainable motivation by using various information resources that demonstrate the importance of English language proficiency.

2. To activate students' thought processes through project and research work, as well as to encourage them to communicate with foreign peers on social networks, listen to English speech and communicate with native speakers.

3. To develop skills of independent work with the material when preparing reports and messages with the active use of search engines.

